

Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, Р. С. Рахметова, А. Қ. Рауандина,  
Б. Қ. Мүкеева

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

## ТІЛ-БАЙРАҚ

ОҚУЛЫҚ

11-сынып

1-бөлім

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ ҰСЫНҒАН

Көкжиек-Горизонт  
2020

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 81.2 Каз. я 72  
Қ 17

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ ҰСЫНҒАН

**Авт.:** Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, Р. С. Рахметова,  
А. Қ. Рауандина, Б. Қ. Мүкеева

Қ 17 Қазақ тілі мен әдебиеті. Тіл-байрақ. Оқулық. Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын  
11 жылдық жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған. 1-бөлім /  
Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, Р. С. Рахметова, А. Қ. Рауандина,  
Б. Қ. Мүкеева. — Алматы: Көкжиек-Горизонт, 2020. — 172 б.

ISBN 978-601-7817-33-6

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 81.2 Каз. я 72

ISBN — 978-601-7817-33-6

© «Көкжиек-Горизонт» ЖШС, 2020

## Құрметті жас дос!

Міне, бүгін қазақ тілін меңгерудің жаңа кезеңіне аяқ бастың. Енді «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша «Тіл-байрақ» оқулығын қолыңа алып отырсың. Сен 5-10-сыныптарда оқыған «Бәйшешек», «Бәйтерек» оқулықтары бойынша алған біліміңді әрі қарай жалғастырасың. Тіл де байрақ секілді, өз еліңнің — Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін, қазақ тілін жетік меңгеріп, оны болашақта туыңдай қадірлеп, байрақтай қастерлеп, құрметтеуіңді талап етеді. Бұл сыныпта қазақ тіліндегі әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-саяси, ғылыми-ізденімдік сипаттағы қызық ақпараттармен танысасың, ұғым-түсінігің байиды. Әр алуан тапсырманы орындау арқылы өз ойыңды, пікіріңді айту дағдыларыңды жетілдіресің, ұлы тұлғалардың өмірі мен шығармашылығынан тағылым аласың. Атап айтқанда, «Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік», «Экология. Мұнай және атомдық индустрия», «Тіл. Өнер. Әдебиет» тақырыптарында өзің өмір сүріп отырған қоғамдағы әртүрлі мәселеге байланысты ойыңды білдіруге үйренесің. Ал «Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі», «Тәуелсіз еліміздің өткені мен келешегі», «Әлемдегі ерлер мен әйелдердің құқықтары мен теңдігі» тақырыптары заманауи мәселелерге деген көзқарасыңды қалыптастырады. «Толеранттылық — ел бірлігі», «Ұлт мұраты — ұлттық қауіпсіздік» тақырыптары бойынша берілген оқу материалдары сенің бойыңда елің, жерің үшін жауапкершілік сезіміңді тәрбиелейді, отаншылдыққа баулиды.

«Тіл-байрақ» оқулығы бойынша әдеби шығармаларды оқу арқылы да әдеби тілде сөйлеуге дағдыланасың. Осы мақсатта Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Қабдеш Жұмаділов шығармашылығындағы қазақтың ізгі дәстүрлерінен хабардар боласың. Белгілі шығармалардан үзінділер оқисың. Бұл шығармалар қиялыңды дамытып, ойыңды өсіреді.

Міне, жас дос, сені осындай қызық та мазмұнды «Қазақ тілі мен әдебиеті. Тіл-байрақ» оқулығы асыға күтеді. Білім жолындағы сапарың сәтті болсын!

# Әлеуметтік мәселе туралы не білесің?

## ОҚУШЫ, СЕН ОСЫ ТАРАУДА

- мәтін үзінділері бойынша болжам жасап, тиісті ақпаратты анықтай білу;
- әртүрлі тақырыптар аясында тірек сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну;
- кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтап, олардың қолданылу мақсатын талдау;
- көпшілік алдында сөз сөйлеуде маңызды орын алатын тілдік (вербалдық) және бейвербалдық элементтерді қолданып, сенімді әрі еркін сөйлеу;
- ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (мақала) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау;
- әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға беру, әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыру;
- ғылыми, публицистикалық стильдердің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мақала жазу;
- мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу;
- ғылыми және кәсіби мәтіндер құрауда лексика-грамматикалық омонимдерді ажырата танып, ауызша және жазбаша дұрыс қолдану **дағдыларыңды жетілдіресің.**

## Жаңа сөздер:

ауқатты, күйлі, жіктел, садақа, аянышты, билеп-төстеу, әлсіз

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Төменде берілген ғылым салалары қандай мәселені зерттейді?

Сала мен зерттеу нысанын сәйкестендір.

|              |                                                                               |                                           |
|--------------|-------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------|
| Педагогика   | қоғамдағы түрлі топтардың жіктелу себептерін                                  | з<br>е<br>р<br>т<br>т<br>е<br>й<br>д<br>і |
| Психология   | адам мәдениетін, дамуы мен бағыттарын                                         |                                           |
| Тіл білімі   | білім берудің заңдылықтарын, әдістері мен ұстанымдарын, оқыту технологияларын |                                           |
| Антропология | қоғам мүшелерінің ішкі жан дүниесіндегі өзгерістердің жайын, себептерін       |                                           |
| Әлеуметтану  | арнайы, ғылыми қазба жұмыстарын жүргізу арқылы көне дәуір жәдігерлерін        |                                           |
| Археология   | тілдің қолданысын, құрылымдық жүйесін                                         |                                           |

## АЙТЫЛЫМ

### 2-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Әлеуметтік мәселелер қатарына нені жатқызар едің?
2. Отбасы мәселелері әлеуметтік мәселеге жата ма? Неге?
3. Болашақта қандай маман болуды қалайсың?
4. Таңдаған мамандығыңның әлеуметтік мәселелерге қатысы бар ма?

## ЖАЗЫЛЫМ

### 3-тапсырма. Суреттерге қара. Қайсысының әлеуметтік мәселеге қатысы бар?

Өз ойыңды түйіндеп жаз. Жазу барысында мына жаңа сөздерді қолдан:

*ауқатты, жіктел, садақа, аянышты, әлсіз, күйлі, күйсіз.*



## ТІЛДІК БАҒДАР

### ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ ОМОНИМДЕР

Қазақ тіліндегі омонимдер мағыналары мен формаларына қарай лексикалық, лексика-грамматикалық және аралас омонимдер болып үшке жіктеледі.

Лексикалық омонимдер бір ғана сөз табына қатысты болады да, барлық жағдайда бірыңғай тұлғада айтылады. Мысалы: ара — 1. жәндік; 2. ағаш аралайтын құрал.

Ал лексика-грамматикалық омонимдер әртүрлі сөз табына қатысты болғандықтан, түбір тұлғасында омоним болады да, қалған уақытта әр сөз өзіне тән тұлғаларда түрленіп, өзгере береді. Мысалы: 1) **жүз** — адамның бет-әлпеті; 2) **жүз** — пышақ, ұстара, т. б. заттардың өткір жағы; 3) **жүз** — саяси-әлеуметтік термин (Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз); 4) **жүз** — тоқсан тоғыздан кейінгі сан; 5) **жүз** — суда қозғалу, малту.

Аралас омонимдер жоғарыда аталған екі топтың да ерекшелігін қамтиды. Мысалы: 1) ақ — сүттің, қардың түсіндей аппақ түс; 2) ақ — шын, тура, ақиқат; 3) ақ — судың өз арнасымен бірқалыпты жылжуы; 4) ақ — демеулік шылау (сен-ақ айтшы!)

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Төмендегі сөйлемдерді оқы. Құрамындағы лексика-грамматикалық омонимдерді тап, мағыналарын ажырат.

1. Қоғам іштей халықтың өмір сүру деңгейіне қарай бірнеше әлеуметтік тапқа бөлінеді. 2. Атасы күй тартты. 3. Қашан да елді ер бастайды. 4. Балалар жаңа биді меңгерді. 5. Ол топ ішінен өзіне керегін тапты. 6. Халық оның соңынан ерді. 7. Туыстары күйлі тұрады екен. 8. Үстем тап халықты билейді.

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Конспект жаз.



### АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қойыңдар. Мәтіннің жанрлық, стильдік ерекшелігі туралы айтыңдар. Сұрақта төмендегі термин сөздер мен сөз тіркестерін қолданып, мағынасын анықтаңдар: *әлеуметтік жіктелу, теңсіздік, теңсіздік салдары, жіктеу өлшемдері, табыс көзі, мамандық мәртебесі, билікке қатынасы, страта, үш тип, каста, сословие, тап.*

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтінді оқы. Мәтіндегі тірек сөздердің глоссарийін түзіп жаз.

Әлеуметтану — жаңа ғылым саласы. Әлеуметтану — адамзат қоғамын, әлеуметтік топтарды, олардың өзара әрекеттерін жүйелі түрде зерттейтін ғылым.

Америкалық ғалым Л.Уорнердің әлеуметтік зерттеуі бойынша Америка тұрғындары алты түрлі тапқа жіктеледі:

1) Ең жоғарғы тап, бұған өте бай адамдар жатады, ең басты белгісі — мұрагерлік байлығы мен ақсүйектік тегі. Бұлар — ең алғашқы қоныстанушылардың ұрпақтары. Өз клубтары бар. Әдетте өз меншіктерін тікелей басқармайды.

2) Жоғарғы тап, бұлар — өте бай, ауқатты, күйлі адамдар, іскерлік қабілетінің арқасында жаңа байыған нувориштер. Әдетте өз меншігін өздері басқарады, қымбат автокөліктер мен бұйымдарды пайдаланып, әрқашан қоғамның назарында болып, пікір қалыптастырады. Билеп-төстеді де жек көрмейді.

3) Орта таптың жоғарғы тобы. Бұлар — интеллектуалдық еңбекпен айналысатын жоғары білімді, кірісі бар іскер адамдар. Олардың қатарына атақты өнер қайраткерлері,

ғалымдар, жазушылар, заңгерлер, білікті дәрігерлер, жалдамалы басқарушылар — ме-  
неджерлер жатады.

4) Орта тап, оларды әдетте «ақ жағалылар» деп атайды. Бұлар — ой еңбегімен айна-  
лысатын қызметкерлер, мысалы, кеңсе қызметкерлері, оқытушылар, хатшылар, мемлекет-  
тік қызметкерлер және т.б.

5) Орта таптың төменгі тобы, оларды әдетте «көк жағалылар» деп атайды. Бұлар —  
көбіне дене еңбегімен айналысатын қызметкерлер, мысалы, инженер-техник мамандар,  
жұмысшылар және т.б.

6) Ең төменгі тап, бұлардың қатарына жұмыссыздар, көше сыпырушылар, қаңғыбастар  
және т.б. қоғамдық жүйеде өз орнын таба алмаған әлсіз адамдар жатады. Олардың халі  
аянышты, күйсіз келеді. Олардың ішінде адамдар берген садақамен күн көретіндер де  
бар.

*«Әлеуметтану негіздері» кітабынан*

## ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Мәтін мазмұнына сүйеніп, таптар бөлінісі туралы сызба  
құрастырып жаз. Өз ойыңды вербалды (тілдік) және бейвербалды (тілдік  
емес: ым-ишара, бет-жүз құбылыстары мен қол, дене қимылдары)  
құралдарды сөйлеу әдебіне сай қолданып, түсіндір.

## АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Суретке қара. Қайсысы — қай таптың өкілі? Пікіріңді мәтін  
мазмұнына сүйеніп дәлелдеп айт.





## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Мәтіннен орфографиялық нормалары мен орфоэпиялық нормаларының арасында айырмашылығы бар сөздерді теріп жазып, себебін айт.

## ЖАЗЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Мәтінде кездескен төмендегі сөздердің лексика-грамматикалық омонимдерін тап. Оларды қатыстырып, сөйлем құрап жаз.

*Керек сөздер:* бас, мен, жас, кез, табыс, кіріс, ат, жат.

## МӘТІН СОҒЫ ЖҰМЫС

### ЖАЗЫЛЫМ

**12-тапсырма.** Әртүрлі дереккөздерден Қазақстандағы әлеуметтік өткір мәселелер туралы бірнеше ақпарат тап. Оларды топтастырып, сызба түрінде рәсімдеп жаз. Мектепке, мұғалімдер мен оқушыларға қатыстыларын анықта. Өз ойыңды айт.

### АЙТЫЛЫМ

**13-тапсырма.** «Әлеуметтік мәселеге не жатады?» деген тақырыпта ой бөлісіңдер. Ол үшін ғылыми әдебиеттерден әлеуметтануға қатысты теориялар мен қағидаларды анықтаңдар. Ойбөлісте талқыланатын сұрақтарды бірлесіп талдаңдар.

## ОЙТАРАЗЫ

### ЖАЗЫЛЫМ

**14-тапсырма.** «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер:

1. Бүгін не үйрендіңдер?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

#### Есте сақта!

Қоғамдағы адамдар әлеуметтік қызметіне қарай әртүрлі топтарға жіктеледі. Оны әлеуметтану ғылымы зерттейді. Қоғам мүшелері қоғамдағы мәртебесіне, ауқаттылығына қарай бірнеше топқа жіктеледі. Ең бай, ауқатты адамдар тобында ақсүйектер болады. Төменгі топтарда өмірі мен тіршілігі аянышты, садақамен күн көретін, күйсіз адамдар бар.

## 3-4- сабақ

# Отбасы — құндылық

### Жаңа сөздер:

құнсыздан, шағым, сес,  
сүйеніш, шиееттей, тоқ,  
бейшара

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### ЖАЗЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Төмендегі сөздердің қайсысының лексика-грамматикалық омонимі бар? Мысалмен дәлелде. Кестені толтыр.

| №  | Сөз     | лексика-грамматикалық омонимдер |
|----|---------|---------------------------------|
| 1  | көш     |                                 |
| 2  | шақ     |                                 |
| 3  | тең     |                                 |
| 4  | ес      |                                 |
| 5  | сүйеніш |                                 |
| 6  | шиеттей |                                 |
| 7  | тоқ     |                                 |
| 8  | ауқатты |                                 |
| 9  | күй     |                                 |
| 10 | бейшара |                                 |

### АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Отбасы мәселесі әлеуметтік мәселе бола ала ма? Неге? Өз пікіріңді дәлелдеп айт.

### ТЫҢДАЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді тыңда.



### ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Тыңдалған мәтін бойынша сауалнамада қандай сұрақтар болғанын анықтап, жаз. Жастардың отбасындағы әлеуметтік мәселеге қатысты пікірін одан да тереңірек білу үшін тағы қандай сұрақтар қосар едің? Неге? Ойыңды дәлелдеп айт.

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтінді оқы. Әр абзацқа тақырыпша қой. Соңында мәтінге тақырып қой. Тақырып пен тақырыпшалардың арасындағы байланысқа мән бер. Олардағы тірек сөздерді анықта.



1. Отбасы — адамның **әлеуметтенуінің** ең маңызды тетігі. Баланың қандай адам болып қалыптасуының **іргетасы** отбасында қаланады. Адамның алғашқы ұстазы — отбасы мүшелері, ата-анасы, ата-әжесі, аға-әпкелері. Олардан бала аяқкиімінің бауын байлауды ғана емес, болашақ өміріне қажетті мақсат қоя білуді, сенім білдіруді, қарапайым қарым-қатынас жасау **әліппесін** үйренеді. Бала білім алуға, өзін-өзі бағалауға қажетті **өмірлік дағдыларды**: өзгелермен ашық сөйлесу, еркін қарым-қатынас жасау, басқалармен тез тіл табысу, өз ойын дұрыс жеткізе білуді отбасынан үйренеді.

2. Отбасының ұлты, мәдени деңгейі, діни сенімі, баласына **көңілі тоқ болуы** баланың ауладан бастап мектептегі, қызмет барысындағы өмірлік ұстанымдарын қалыптастырады. Ол адамның әлеуметтік ортада өз жолын табуына, өзін-өзі дамытуына, өз бойындағы **табиғи** қабілеттері мен мүмкіндіктерді дұрыс бағалап, сарқа пайдалануына ықпал етеді. Сондықтан да отбасы ең маңызды әлеуметтік мәселе болып саналады.

3. Дегенмен ақпараттық технология қарыштап дамыған бүгінгі заман бала тек отбасының тәрбиесімен шектеліп қалмайтынын көрсетіп отыр. Сондай-ақ **жасөспірімдер** америкалық хип-хоп музыканы тыңдап, «Pepsi» ішеді. Ямайка регги концерттеріне қызығады, Гарри Поттер туралы кітаптарды оқиды, Голливуд,

Болливуд фильмдерін көреді және т.б. Бұқаралық мәдениеттің осы элементтері көңіл көтеруге ғана емес, мәдени құндылықтардың өзгеруіне де ықпал етеді. Өзгелердің дүниесін танып қана қоймай, ата-аналары үшін аса маңызды саналатын отбасы, қоғамдық құндылықтарға деген көзқарастары өзгереді, **сенімсіздік** туындайды. Олар үшін ұлттық құндылықтар **құнсызданады** да еліктеуге жол беріледі. Салдарынан отбасындағы кикілжің, ата-ана мен баланың арасындағы түсініспеушілік, тіпті кейде **сес көрсету** белең алады. Ата-аналар шағым жасауға мәжбүр болып жатады. Әсіресе **шиеттей** баласы бар, көпбалалы отбасыларда **жоқшылықтың** салдарынан бейшара аналардың балалары қандай ортада жүргенін бақылауға мүмкіндігі бола бермейді. Мұндайда баланың өзіндік **санасы** маңызды рөл атқарады.

Д. Бринкерхофтен

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта.

Олардың жасалу жолдары мен орфографиялық нормаға сай жазылу заңдылықтарын түсіндір.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Оқы. Мәтін мазмұны бойынша кестедегі тұжырымдар мен мәтін бөліктерін сәйкестендір.

| Тұжырымдар                                                                  | Мәтін бөлігі |
|-----------------------------------------------------------------------------|--------------|
| Отбасында алған тәрбие баланың өзін-өзі бағалауына әсер етеді.              |              |
| Ұлттық құндылықтардың құнсыздануына жат мәдениеттер ықпал етеді.            |              |
| Баланың болашақта қандай болмағы отбасындағы діни сенімдерге де байланысты. |              |
| Отбасында әлеуметтік мәселелердің дұрыс шешілуі өте маңызды.                |              |

## АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Мәтін мазмұнына сүйеніп, отбасындағы бала тәрбиесіне, оның әлеуметтенуіне ықпал ететін өзің ең маңызды санайтын екі факторды анықта. Ойыңды дәлелдеп айт.

## ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Мәтіннен лексика-грамматикалық омоним түзе алатын сөздерді теріп жаз.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Искерлік ойын. Егер саған толық мүмкіндік берілсе, қандай мектепте оқуды қалар едің? Мектептің моделін сыз. Пікіріңді айт.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Болашақ ата-ана ретінде бала тәрбиесінде міндетті түрде қолданылуы тиіс және мүлде қолдануға болмайтын іс-әрекеттерді екі бағанға бөліп жаз.

| Ата-ана ретінде                         |                                   |
|-----------------------------------------|-----------------------------------|
| Міндетті түрде орындалуы тиіс іс-әрекет | Мүлде жасауға болмайтын іс-әрекет |
|                                         |                                   |
|                                         |                                   |
|                                         |                                   |

## АЙТЫЛЫМ

**12-тапсырма.** «Қоғамдағы «қиын балалар» мәселесін қалай шешуге болады?» деген тақырыпта ойталқы өткізіңдер. Ойталқыны өткізу үшін қажетті дереккөздерді зерттеп, әлеуметтік теңсіздікке қатысты мәліметтерді, нақты статистикалық деректерді жинаңдар. Ойталқының жоспарын құрыңдар.

## ОЙТАРАЗЫ

### ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**13-тапсырма.** «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

**Бас бармақ — басты мәселе.** Бүгін сабақта ең құнды мәселе не болды?

**Балаң үйрек — бірлесу.** Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек-тестім?

**Ортан терек — ойлану.** Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

**Шылдыр шүмек — шынайылық.** Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

**Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы.** Өзімді сабақта қалай сезіндім?

#### Есте сақта!

Балалар үшін ұлттық құндылықтар құнсызданады да еліктеуге жол беріледі. Салдарынан отбасындағы кикілжің, ата-ана мен баланың арасындағы түсініспеушілік, тіпті кейде жаттану белең алады. Ата-аналар шағым жасауға мәжбүр болып жатады. Әсіресе шиеттей баласы бар, көпбалалы отбасыларда жоқшылықтың салдарынан бейшара аналардың балалары қандай ортада жүргенін бақылауға мүмкіндігі бола бермейді. Мұндайда баланың өзіндік санасы маңызды рөл атқарады.

## 5-6- сабақ

# Қоғамның әлеуметтік құрылымы

### МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

#### ЖАЗЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Суреттерге қара. Төмендегі сөздерді қатыстырып, қоғамдағы әлеуметтік жағдай туралы мәтін құрап жаз.

*Керек сөздер:* баршылық, жарылқа, жетім, кедей, кәріп, күйзеліс, сүйеніш, қарыз.

#### Жаңа сөздер:

баршылық, жарылқа,  
жетім, кедей, кәріп,  
күйзеліс, қарыз



#### ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Өнді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Өн кімнің атынан айтылып тұр?
2. Өнде қандай әлеуметтік мәселе көтерілген?
3. Жетімдер үйінде бала санының көбеюінің себебі неде?
4. Жетім балалар мәселесіне кім жауапты? Өз ойыңды айт.



## ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Қазақстанда өзің білетін қандай әлеуметтік мәселелер бар? Оларды аса маңыздысынан бастап сызба түрінде рәсімдеп жазыңдар. Неге осы ретті дұрыс санайтындарыңды дәлелдеп айтыңдар.

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Мәтінді оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің лексика-грамматикалық омонимдерін тауып, айт.

Қазіргі нарықтық экономика жағдайында Қазақстанның әлеуметтік құрылымы бұрын-соңды болмаған күрделі өзгерістерге ұшырап отыр. Егемендік, тәуелсіздік алған уақыттың ішінде республиканың әлеуметтік құрылымында жаңа топтар, топтар, жіктер пайда болды. Олар: бизнесмендер, кәсіпкерлер, фермерлер, банкирлер, алуан түрлі жеке фирмалардың, дүкен, қонақүй, мейрамхана және т.б. мекемелердің иелері. Қоғамдағы белгілі бір әлеуметтік-экономикалық топтар екінші бір топтарға ауысып, өтіп жатыр.

Табысқа, экономикалық жағдайға байланысты қоғамда топқа, жікке бөлінушілік күшейе түсуде. Соның нәтижесінде ауқатты, дәулеті орташа, кедей адамдар тобы пайда болды. Қоғам мүшелерінің бұлайша жіктелуіне меншік формасының өзгеруі, нарық қатынастары ықпал етті. Оған демографиялық жағдай, миграция үдерістері, кредиттік қарызды төлеу қабілетінің төмендеуі, жұмыссыздық ерекше әсер етіп отыр.

Қоғамда өмір сүру деңгейіне біліктілік, кәсіби дағдылар да әсер етеді. Ғылыми деректер кәсіби мамандардың өмір сүру деңгейі жұмысшылардан жоғары екенін көрсетеді. Кедей, кедейшілікке жақын отбасылар қордаланған қиыншылықтарды жеңу үшін күш-жігерін салады. Жалақы барлық жерде төмен, **ал** нарықтың қолайлы сегменттері төменгі санаттағылар үшін жабық.

Батыс қоғамында орта және төменгі тап арасындағы шегара — жоғары білім немесе біліктілік. Табыс деңгейі жоғары қызметкердің біліктілігі де жоғары. Жоғары өмір стандарты үшін сапалы тұрғын үй, әртүрлі іс-шара мен демалыс, балалардың білімі, білімін инвестициялау мүмкіндігі қажет. Қазақстан қоғамында да адамдардың өмір сүру деңгейіне біліктілік, кәсіби дағдылар әсер етеді, бірақ олардың әсер ету шамасы азырақ сезіледі.

Жоғары таптағы басшылар үшін қымбат заттар — жаңа шетелдік көлік, коттедж, пәтер — маңызды саналады. Өмір сүру деңгейі мамандар деңгейіне қарағанда жоғарырақ **тағы** бір топ — кәсіпкерлер.

Кәсіпорын иесінің мақсаты максималды табысқа жету болғандықтан, табысты бөлу жалақы қорынан, технологиялық жаңарту есебінен жүзеге асырылады. Осы саясатты жүзеге асыруда кеңестік дәстүр жалдамалы жұмысшыларға төмен жалақы төлеу, оларды көп талап қоймауға үйрету арқылы ықпал етті. Бірақ кеңестік заманда жұмысшының

жалақысы толықтай төленбесе де, көп қаражат ауқымды әлеуметтік инфрақұрылымды қолдау үшін тегін медицина, білім беру, мәдениет, спорт саласына жұмсалды. Ал қазіргі жағдайдағы жалдамалы жұмысшылар жоғары жалақы төленетін жаңа **орта** тапты құрайды. Жоғарыда айтылғандай, мамандардың әлеуметтік тобының өмір сүру деңгейі біркелкі емес. Олардың шамамен үштен бір бөлігі — орта тап, қалғаны — аз қамтылған халық.

Л. Спанқұлова

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтіннен қажет ақпаратты (дерек, сипаттамаларды) анықта. Олардың қолданылу мақсатын талдап айт.

## ЖАЗЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтіннен әлеуметтану саласына тән термин сөздерді тауып жаз. Олардың мағынасы мен жасалу жолдарын түсіндір.

## ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтін мазмұнына сүйеніп, Қазақстанның әлеуметтік құрылымын сызба түрінде рәсімдеп жаз.

## АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Мәтін авторының мына ойына не айтар едің? Пікіріңді нақты дәлелдермен айт.

Батыс қоғамында орта және төменгі тап арасындағы шегара — жоғары білім немесе біліктілік... Қазақстан қоғамында да адамдардың өмір сүру деңгейіне біліктілік, кәсіби дағдылар әсер етеді, бірақ олардың әсер ету шамасы азырақ сезіледі.

## ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Мәтінді «INSERT» оқыту стратегиясы бойынша талдаңдар. Төмендегі белгілермен әр абзацты немесе сөйлемдерді белгілеңдер. Өз ойларыңды қорытып жазыңдар.

| «V»              | «—»                              | «+»                   | «?»                            |
|------------------|----------------------------------|-----------------------|--------------------------------|
| Бұрыннан білемін | Менің ойлағанымға қайшы, кереғар | Мен үшін жаңа ақпарат | Келісе алмаймын, білгім келеді |

## МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 10-тапсырма. Төмендегі оймен келісесің бе? Пікіріңді таратып айт.

«Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді» дейтін заман келді. Жоқтан бар болған қарабайыр, мәдени деңгейі төмен қалталылар қаптады. Ауқаттылар ешкімді жарылқағысы келмейді. Күйзеліске түскен жетім, кедей, кәріптерге сүйеніш болар қайырымдылық та алыстап кеткендей...

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 11-тапсырма. Өзің тұрған жерде қайырымдылық шараларын өткізіп жүрген тұлғалар жөнінде ақпарат жина. Олардың бірі өткізген қайырымдылық шарасы туралы ақпарат беру мақсатында публицистикалық стильде мәтін жаз.

## ОЙТАРАЗЫ

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 12-тапсырма. «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтырыңдар.

| Қандай ой пайда болды? | Не сезіндім? | Не ұнады? |
|------------------------|--------------|-----------|
|                        |              |           |

### Есте сақта!

Қазіргі нарықтық экономика жағдайында Қазақстанның әлеуметтік құрылымы бұрын-соңды болмаған күрделі өзгерістерге ұшырап отыр. Егемендік, тәуелсіздік алған уақыттың ішінде республиканың әлеуметтік құрылымында жаңа таптар, топтар, жіктер пайда болды.

7-8-  
сабақ

# Ерболат Әбікенұлы «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесі

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### Жаңа сөздер:

қиын-қыстау, панасыз,  
жанталас

### АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Алматыдағы «Жетім бұрыш» туралы естіп пе едің?
2. Қалай ойлайсың, ел арасында бұл орын неге солай аталған?
3. Пәтерді адамдар не үшін жалдайды?
4. Өзің тұрған жерде пәтер жалдайтын адамдар бар ма?

### ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Суретке қара. Төмендегі сөздерді кірістіріп, пәтер иесі мен пәтер жалдаушының қарым-қатынасы туралы сипаттау мәтінін жаз.

*Керек сөздер:* аянышты, бейшара, жоқтық, жанталас, қиын-қыстау, панасыз, тоқ, «Жетім бұрыш», жастардың әлеуметтік жағдайы, жұмыссыздық.



## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Диалог мазмұны бойынша тақырып қой.



## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** «Кепе», «су жұқпас» сөздерінің мағынасын анықтап, синонимдерін табыңдар.

## ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Кесте бойынша кейіпкерлерге мінездеме жаз. Берілген тірек сөздерді қолдан.

| Пәтер іздеуші                                                                                                         | Келіншек | Сұлушаш | Сәкен |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|---------|-------|
|                                                                                                                       |          |         |       |
| Аңқау, қатыгез, жанталас, адал, сенгіш, ұялшақ, аянышты, жылпос, өтірікші, дөрекі, жоқтық, опасыз, панасыз, бақытсыз. |          |         |       |

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтінді оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын айт.

Барахолкадан бір-ақ шықтық. Көше бойымен әр дарбазаға жалтақтай қарап, барлап келемін. Бір кезде «Пәтерді жалға беремін» деген жазу көзіме шоқтай басылды. Қожайын — кексе әйел екен, бізді суық қарсы алды.

Айнадай жарқыраған жап-жаңа үйдің қарсы алдындағы тозығы жеткен үлкен үйдің іші — **сасық иісі мүңкіген қараңғы дәліз** екен. Артынан еріп келеміз. Ең соңғы бөлме екен. Көзім сәл үйренгендей болды. Қоян екеш қоян да інін дәл бұлай қаза алмас-ау, сірә!?

Енді байқадым: үлкен бір залды келсін-келмесін, иттің ұясындай қылып сансыз бөлмелерге бөліпті. Саңылауларының ар жағында пәтершілердің қарасы анық көрінеді. Сол сәт арғы беттен сәбидің шырқырап жылаған ащы үні естілді. Қыртыс қабырғаның үстіңгі жағы төбеге бір қарыс жетпей қалыпты да сол ашық аралыққа небары **жалғыз ғана шырақ орнатылыпты**. Арғы жақ пен бергі жақ сол жалғыз шыраққа тәуелді. Егер шырақ сөнсе, екі жақ та жарықсыз қалады. Есік жақ қабырға да итеріп қалсаң, құлап түсердей, қаусап, әрең тұр...

— Қоныс жайлы болсын! — деген дауысқа жалт қарасам, аппақ сақалы кеудесін жапқан қария қарап тұр екен, қапелімде сасып қалдым.

— Бірге болсын, ата, — деппін. — Е-е, балам менсінбей тұрсың-ау, ә! **«Ер жігіт бір терінің ішінде неше арып, неше семіреді»**. Біз де жүрміз ғой! — деді солқ-солқ күліп.

Осы арада қожайын әйел киіп кетті.

— Алсаңдар осы үй бос, он мың теңге, қарап тұратын уақыт жоқ, тез шешіңдер.

Келіншегім маған қарады, мен келіншегіме қарадым. Екеуімізде де үн жоқ. Қария күлімсіреп: «Әй, балаларым-ай!» — деп басын шайқап қояды.

— Аяғым ісіп кетті, жетім бұрышқа енді бармай-ақ қояйықшы...

— Келістік, — дедім.

Аузымнан осы сөз қалай шыққанын да сезбей қалдым. Артынша: — **Елден қай жеріміз артық? Өзіміз сияқты қазақтар екен** ғой осында пәтер жалдап жүрген, — деп қоям күбірлеп.

Өзімді өзім жұбатқан түрім.

— Мына үйде бір нәрсе жетіспейді, — деді келіншегім, аналар кеткесін сылқ-сылқ күліп. — Бір нәрсе жоқ.

— Бір нәрсе?! Бір нәрсе ғана емес, бұл үйде ештеңе жоқ.

— Бір нәрсе ғана жоқ.

— Телевизор ма?

— Жоқ.

— Айна...

— Қойшы, айна біздің не теңіміз? Өзің соқырмысың?! Көзіңді ашып қарасайшы.

— Өзің айтшы ал.

Кенет жарық жалп етіп сөне қалды.

— Өй, жарыққа не болды? — деп сасып қалдым.

— Мен өшірдім, — дейді келіншегім сыңғырлап.

— Жындымысың, жақ шырақты.

— Не нәрсе жоқ екенін тапсаң, жағам.

— Бәрі жоқ бұл үйде. Ештеңе жоқ.

— Әдейі істеп тұрсың ба әлде соған да миың жетпей тұр ма?

— Бала қорқады, жарықты жағыңдар, — деген еркек дауысы шықты қыртыс қабырғаның ар жағынан.

— Терезе жоқ, — деген әйел дауысы шықты қырсық қабырғаның ар жағынан.

Шырақ жарқ етіп жана қалды.

— «Терезе жоқ!» — дейді?

— Иә, терезе жоқ, — деді келіншегім.

— Терезе жоқ, — деп қарқылдап күлді ер мен әйел.

— Терезесі жоқ үй де болады екен-ау, ә!

Түн болды.... Бөлмелер бөлек-бөлек болғанымен, ауасы ортақ екен. Терезенің пайдасын енді білдім. Мүңкіген иіс қолқамды қауып барады. Мұрныма арақтың сасық иісі келді, оған анда-санда темекінің түтіні қосылады. Сөйтіп жатып, ұйықтап кетіппін...

*Е. Әбікенұлы*

## ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша жоспар құр. Жоспар бойынша әр абзацтағы тірек сөздерді топтап жаз. Лексика-грамматикалық омоним болатын сөздерді тап.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша кейіпкер жалдаған пәтердің суретін сал. Салған сурет бойынша мәтіннен түсінгеніңді айт.

## АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** «Аквариум» тәсілі. Рөлдік ойын: пәтер жалдаушы мен досының диалогін құрыңдар. Кейіпкер досымен тұрып жатқан пәтері туралы сөйлессін.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Жағдаяттық тапсырма. Телеарнада тікелей эфирде Қазақстандағы жастардың әлеуметтік мәселелері жөнінде арнайы хабар жүргізіліп жатыр. Әңгіме өзегі — пәтер жалдау мәселесі. Қандай сұрақ қояр едің? Неге осы сұрақты қойғың келеді? Ойыңды таратып айт.

## ЖАЗЫЛЫМ

**11-тапсырма.** «Әлеуметтік теңсіздік: жастардың баспана мәселесі» тақырыбында шағын мақала жаз. Мақалада Қазақстан бойынша қандай проблемалар бар екенін статистикалық деректермен, графикалық сызбалармен дәлелдеп жаз.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**12-тапсырма.** Қасым Аманжоловтың өлеңін мәнерлеп оқы. Мазмұнын өз сөзіңмен баянда. Онда сабақ тақырыбымен қандай сабақтастық бар екенін айт.

Өзге емес, өзім айтам өз жайымда,  
Жүрегім, жалын атқан сөз дайында.  
Тереңде тұнып жатқан дауыл күйді  
Тербетіп, тулатып бір қозғайын да...  
Аманжол, Рахымжанның Қасымымын,  
Мен қалған бір атаның ғасырымын.  
Біреудің жұртта қалған жасығымын,  
Біреудің аспандағы асылымын...

Бермесең, бермей-ақ қой баспанаңды,  
Сонда да тастамаймын астанамды,  
Өлеңнің отын жағып жылытамын  
Анамды, әйелімді, жас баламды....  
Дүниеге келер әлі талай Қасым,  
Олар да бұл Қасымды бір байқасын.  
Өртке тиген дауылдай өлеңімді  
«Қасымның өзі емес!» —  
деп кім айтасың!

## ОЙТАРАЗЫ

### АЙТЫЛЫМ

**13-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екенін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мені ... таңғалдырды.

### Есте сақта!

*Дүниеге келер әлі талай Қасым,  
Олар да бұл Қасымды бір байқасын.  
Өртке тиген дауылдай өлеңімді  
«Қасымның өзі емес» деп кім айтасың!*


## 9-10- сабақ

# «Жігітті намыс өлтірер...»

### МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

#### АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Суреттерге қара. Бүгін пәтер жалдаушы жігіттің жаңа қонысындағы қандай оқиға туралы айтылуы мүмкін? Суреттерге қарап болжамыңды айт.



#### ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Төменде берілген мақалдар мен мәтелдерді жаз. Мағынасын түсіндір. Осыларға сәйкес келетін орыс тіліндегі мақал-мәтелді тауып жаз. Қалай ойлайсың, олардың сабақ тақырыбымен қандай байланысы бар? Пікіріңді айт. Қою қаріппен жазылған сөздердің лексика-грамматикалық омонимдерін тап.

1. Құтты қонақ келсе, **қой** егіз табады.
2. Бір айналдырғанды шыр айналдырады.
3. Қайыршыға **жел** қарсы.
4. Үш күннен кейін адам **көрге** де үйренеді.
5. Қуа берсе, қоян да батыр болар.
6. Қоянды қамыс, жігітті намыс өлтіреді.

## ОҚЫЛЫМ

## 3-тапсырма. Мәтінді оқы.

«Үш күннен кейін адам көрге де үйренеді», біз де қараңғы пәтерге үйрене бастадық... Бір күні кеште ойламаған жерден қайнағам жаңбырлатып жетіп келмесі бар ма? Лашығымызды көріп, шошып кетті. Есіктен төрге дейін **көзі шарасынан шыға** жаздап үрейлене көз жүгіртті. Шай ішіп отырмыз, ешкімде үн жоқ...

— Шай ішіңіз, аға, — деймін қайнағама жапақтап.

Ештеңе ойламастан сораптап отыр.

Бір кезде үйдің төбесінен тамшы тама бастады. «Қайыршыға жел қарсы» деген. Енді дастарқанға тамшы тама бастады, тамған сайын жүрегіме біреу ине пісіп-пісіп алғандай күй кештім. «Қайнағамның ыдысына тамшы тамыза көрме!» — деп Алладан іштей тілей бергенім сол-ақ екен, кесенің дәл қасына тамшысы түскірдің тамып-ақ кеткені. Өне, тамып та кетті қайнағамның шыныдағы шайына.

«Жау жағадан алғанда бөрі етектен алып» сол сәт дастарқанның екі шетінен екі тарақан пайда болды да қарама-қарсы жорғалай жөнелді. Тарақандар құдды соғыс майданына жекпе-жекке шыққан қас батырдай екпіндеп келді де бір-біріне тұмсық түйістірді. Бір-біріне айбар шекті. Қайнағам теріс қарады. Әйелім бетін басты. Мен күйіп-жанып бара жаттым.

Келіншегім тамақ жасауға сыртқа беттеді. Үйдің іші үй емес, төбесі түсіп, құлазыған **ескі моладай қаңырады**. Жалғыздың күйін кешіп мен қалдым. Қайнағамның бетіне қарауға дәтім шыдамайды. Бір сылтау тауып, мен де сыртқа атылдым. Қазан-аяқ жақта әбігерленіп жатқан келіншегімнің қасына бардым. Жылап тұр екен. Мен де жылап жібердім...

Сол сәтте үй иесі келіп қалды.

— Тәте, — дедім.

Даусым жарықшақтанып шықты. Кілт тоқтады. Қатып киініп алыпты.

— Кім — анау? — деді ашуланып.

— Қайнағам еді, ауылдан келіпті.

— Сендердің-ақ қайнағаларың таусылмайды екен.

— Апай, ақырын сөйлеңіз, естіп қояды.

— Намысшылың, өздеріңше, ақша бермей қонғызбақсыңдар ғой.

— Міне, ақша, — деп екі жүз теңгені ұсына берген едім:

— Керегі жоқ! — деді сөзін шорт түйіп, — Кетіңдер ертеңнен бастап.

— Кетсек, кеттік, қазір-ақ кетеміз **ит байласа тұрғысыз** қу молаңнан!

Естіген қайнағам естіді, аянудың жөні жоқ.

— Қытайдан отыз шақты туысқаным келе жатыр. Олардың бәрі үйге сыймайды, солар келем дегенше мына пәтерлерді тегіс жөндетіп қоюымыз керек. Сендер жатқан бөлмеге Лайкам жатады.

Лайкасы — иті еді. Біздің сонда ит құрлы да құнымыз болмағаны ма? Дәл осы сәт үй иесі көзіме **аш қасқырдай** елестеді.

— Сен бізді кім деп тұрсың?

— Онда бүгін кетіңдер! — деді де шығып кетті.

— Кетсек, кетеміз! Немене, сенен басқада үй жоқ па екен? — дедім кетіп бара жатқан әйелдің соңынан айқайлап. — Біз көшеміз! — дедім сосын келіншегіме қарап...

*Е. Әбікенұлы*

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Мәтіндегі қою қаріппен берілген тұрақты тіркестердің мағынасын анықта, синонимдерін тауып жаз.

## ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Әңгіменің сюжеті бойынша кестені толтыр.

| № | Оқиға желісі | Кейіпкерлер |
|---|--------------|-------------|
|   |              |             |
|   |              |             |
|   |              |             |
|   |              |             |

## АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Әңгіме үзіндісіне тақырып қой. Тақырыпты таңдау себебіңді дәйектеп айт.


## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Жағдаяттық тапсырма: сен студент болып үлкен қалаға келдің. Университеттегі жатақханада орын жоқ. Пәтер іздеп хабарландыру жаз. Хабарландыруда қандай пәтер алғың келетінін толық көрсет. Өз жазғаныңды интернеттегі сондай хабарландырулармен салыстыр.

## АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Рөлдік ойын. Сен — әңгіме кейіпкері, жас мамансың. Мекеме басшысына жағдайыңды айтып, ипотекаға кезекке тұру үшін жалақыңды көтеруін сұра. Ол үшін алдын ала ипотекамен баспана алу жөніндегі құжаттармен таныс, шарттарын анықта.



## ОЙТАРАЗЫ

## ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** «Менің сабақтан кейінгі әсерім» кестесін толтырыңдар.

| Қандай ой пайда болды? | Не сезіндім? | Не ұнады? |
|------------------------|--------------|-----------|
|                        |              |           |
|                        |              |           |

### Есте сақта!

1. Құтты қонақ келсе, қой егіз табады.
2. Бір айналдырғанды шыр айналдырады.
3. Қайыршыға жел қарсы.
4. Үш күннен кейін адам көрге де үйренеді.
5. Қоянды қамыс, жігітті намыс өлтіреді.

## 11-12- сабақ

# Пәтер жалдасаң...

### МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

#### ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Тізімнен пәтер берушілердің пәтер жалдаушыларға қоюы мүмкін талаптарын анықта, жаз. Қалған талаптарды таңдамауыңның себебін түсіндір.

| № | Пәтер жалдаушыларға қойылатын талаптар                               |
|---|----------------------------------------------------------------------|
| 1 | Қонақ келмейтін болсын!                                              |
| 2 | Арақ ішіп, темекі шегуші болмаңдар!                                  |
| 3 | Келіншегің биік өкше аяқкиім кимейтін болсын!                        |
| 4 | Түнгі 12-ден кешігуге болмайды!                                      |
| 5 | Тамақ жасағанда иісін шығармай, аяқ-табақты салдыратпай жасау керек! |
| 6 | Далаға шыққанда аяқтарыңның ұшымен басып шығыңдар!                   |
| 7 | Кір мәшинесіне кірді аптасына бір рет қана жуу керек!                |
| 8 | Балалы болмайсыңдар!                                                 |

#### ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Мәтінді оқы.

Стилін анықта. Халықты пәтермен қамтамасыз ету мәселесі жөнінде өз пікіріңді білдіруге ұсыныс түссе, не айтар едің?

«Алматы әкімі мен «Ипотекалық ұйым» Қазақ ипотекалық компаниясы» АҚ-ның басқарма төрағасы үй кезегінде тұрған-

дарға Атлеттер ауылынан жаңа пәтердің кілттері мен сертификаттарды табыстады», — деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі Алматы әкімдігінің сайтына сілтеме жасап. Елбасының тапсырмасы бойынша, Алматыда «Нұрлы жол» бағдарламасының инфрақұрылымдық жобаларына 20 миллиард теңге, дағдарысқа қарсы бағдарлама аясында тұрғын үй құрылысына республикалық бюджеттен 33 миллиард теңге бөлінген.



Алматы әкімі 2016 жыл мен осы жылдың алғашқы тоқсанында қалада 4 мыңға жуық пәтер бөлінгенін, яғни, 2014-2015 жылдармен салыстырғанда, екі есеге артқанын, жыл аяғына дейін тағы да 4,5 мың пәтер бөлінетінін айтты. «Алматыда «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында алғашқы бес жыл ішінде құны 140 миллиард теңге болатын 670 мың шаршы метр тұрғын үй салынады. Бүгін біз кезекте тұрған 120 отбасыға пәтер кілттерін тапсырамыз, олардың арасында мүгедектер, көпбалалы және толық емес отбасылар, мемлекеттік қызметкерлер, бюджет қызметкерлері, әскерилер бар. Бұлардың басым көпшілігі — пәтер жалдап немесе туыстарының үйін паналап, пәтер кезегінде ұзақ тұрғандар. Бүгін олар өздерін нағыз пәтер иелері ретінде сезіне алады», — деді қала әкімі.

*Kaz.tengrinews.kz*

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ

#### 3-тапсырма. Мәтінді оқы.

...Ақыры шындап көшуге бекіндім. Жаңбыр төпеп тұр. Түнделетіп жаяу келеміз, иығымда көрпе-жастық, қолымда шабадан.

Мәшине көрінбеді. Такси ұстауға үлкен жолға қарай беттедік. Аялдаманың тұсынан шықтық, судан шыққан тышқандай аялдаманың астында жаңбырдан паналап тұрмыз. Ойым — такси тосып, пәтер іздеу.

Кенет аялдамадағы жарнама қағаздарына көзім түсті. «Бізге қажеті бар ма екен» деп үңіле түстім. Көзім жайнап сала берді: «Үй жалдап алғың келсе, хабарлас!» — депті. Өңім бе, түсім бе? Неше қайталап оқып шықтым. Телефон нөмірі де анық жазылыпты. Дерек телефон шалдым. Ар жағынан:

— Бұл кім? — деген еркек дауысы естілді.

— Аға, мен ғой... Жарнамадан оқыдым, пәтер іздеп жүр едік.

— Иә, бар... Бірақ қазір өте жай болып кетті ғой.

— Бәрібір, аға. Бағасын айтыңыз, қазір өзіміз барамыз.

— Неше адам едіңдер?

— Жас отауыз, келіншегім екеуіміз ғанамыз.

— Үйленген бе едің? Бізге бала-шағаның керегі жоқ.

— Мына кейпімізбен баланы қалай бағамыз, аға, әзірше баламыз жоқ.

— А, онда былай болсын, мен де әйеліммен бірге тұрамын, бір бөлмесін жалға береміз.

— Канша болады, әдіресін айтыңызшы!

— Бағасы жиырма мың теңге, қымбат емес шығар?

— Қымбат емес.



- Ертең келсеңдер қайтеді!
- Жоқ, қожайынмен келіспей қалып, бізді қуып шыққаны.
- Мына түнде ме? Неткен опасыз еді. Әй, өздерің де тентексіңдер ғой тегі, тыныш жүрмегенсіңдер!
- Жоқ, бізде кінә жоқ.
- Онда былай болсын, бауырым. Біз тыныштықты қалаймыз. Қонақ келмейтін болсын!
- Жарайды.
- Арақ ішуші болмаңдар!
- Ол — не дегеніңіз, ағасы, мен арақ ішкен адамды өлердей жек көрем.
- Мен ішем ғой, мені де жек көресің бе?
- Жо-ға, сіз іше беріңіз, сізді жек көрмеймін.
- Ха, ха, ха! Тамақты бөлек жасап ішесіңдер.
- Оны білеміз енді, бірге тұрып жүрміз ғой.
- Келіншегің биік өкше аяқкиім кимейтін болсын.
- Неге?! Оның қатысы қанша?
- «Қатысы қанша?» — дейсің бе, ей? Дәлізден кіргенде мазамыз кетеді ғой.
- Жарайды.
- Далаға шыққанда аяқтарыңның ұшымен басып шығыңдар.
- Неге?
- Дыбысы шықпау үшін, әйелім ұнатпайды.
- Айтқаныңыз болсын.
- Ал кірген кезде....
- Онда да аяқтың ұшымен кіреміз ғой?
- Жоқ. Кірген кезде өкшелеріңмен ептеп, дыбыс шығармай кіресіңдер..

— Мақұл, мақұл, мақұл.

— Ал тамақ жасаған кезде...

— Иісін шығармай, аяқ-табақты салдыратпай жасаймыз ғой.

Жаңбыр толастайын деді, айғыз-айғыз көшемен қараңғы түн құшағына сіңіп барамыз. Пәтер іздеп жүрміз...

Е. Әбікенұлы

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Мәтіннен ауыспалы мағынада берілген сөздерді тауып жаз.

Олардың қолданылу мақсатын түсіндір.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Кейіпкердің жан дүниесіндегі алуан түрлі құбылысты білдіретін сөз тіркестері мен сөйлемдерді тап. Олардың мағынасын түсіндір.

## АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша өз ойыңды қорытып айт. Төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. Өңгіменің негізгі идеясы қандай?
2. Автор жастар проблемасын қалай көрсеткен?
3. Өңгімеде бүгінгі қоғамдағы тағы қандай әлеуметтік проблемалар көрініс тапқан?
4. Осы шығармаға ұқсас орыс немесе әлем әдебиетінде қандай шығармаларды оқыдың? Егер оқыған болсаң, екі шығарманың идеясы мен оқиға желісіне салыстырмалы талдау жаса.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Егер сенің қолыңда шексіз билік болса, жастардың пәтер мәселесін қалай шешер едің? Өзің атқаратын іс-қадамдарыңды қарапайымнан күрделіге қарай ұстанымы бойынша сатылап жаз.

## АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Ойкөкпар (дебат). «Қазақстанда жастарды пәтермен қамтамасыз ету мәселесін шұғыл арада шешу мүмкін бе?» тақырыбында ойкөкпар өткізіңдер. Ойкөкпарды жүргізу талаптарымен танысып, араларыңнан жүргізуші сайлаңдар. Резолюция бойынша ақтаушы және даттаушы топ мүшелерін анықтаңдар. Сынып ашық дауыс беру арқылы үздік топты анықтасын.

## ОЙТАРАЗЫ

## ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** «Шығу парағын» пайдаланып, сұраққа жазбаша жауап беріңдер.

1. Сабақтан не үйрендіңдер?
2. Сен үшін тақырыптың құнды жағы қандай болды?
3. Өзіңнің, жолдастарыңның білімін бағала (өз жұмысыңа, жолдастарыңның топ ішіндегі әрекеттеріне көңілің тола ма?).
4. Осы тақырып бойынша тағы қандай ақпарат көздерін оқығың келеді?

### Есте сақта!

Ақыры шындап көшуге бекіндім. Көрпені буып-түйіп, иығыма салдым да, шабаданды бір қолыма ұстап, сыртқа беттедім. Басқа нәрсеге бас қатырмадым, үйде қанша қасық, қанша шыны бар, бәрі-бәрі маған аян. Көп емес, көше-көше көндіккен пендеміз, сол себепті ине-жібіне дейін бәрі менің санамда сайрап тұр. Қалғанын келіншегім қолына ұстай салатынын сезіп келемін. Жаңбыр төпеп тұр.

## 13-14- сабақ

# Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

### АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Төмендегі сызба бойынша әлеуметтанудың басқа ғылым салаларымен байланысын түсіндір.



### ОҚЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Мәтінді оқы. Қазіргі қоғамда өріс алып отырған әлеуметтік мәселе жөнінде өз ой тұжырымыңды жаз.

Айта кететін бір жайт: 1950 жылдардан бастап халықтың 1931-1933 жылдардағы ашаршылық пен 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы нәтижесінде төмендеп кеткен саны мен табиғи өсімін көтеру мақсатында бірқатар әлеуметтік жағдай жасалды: он жылдық білім енгізілді, жалақы мөлшері өсті, ауруханалар салынды, тұрғын үйлер («хрущевтік үйлер») салу қолға алынды, жүкті әйелдерге жағдай жасалып, балалы әйелдерге берілетін жәрдемақы енгізілді, тегін дәрігерлік көмек халықтың барлық әлеуметтік тобына қызмет етті. Міне, осы жағдайлар 1960-1962 жылдары Қазақстандағы «демографиялық жарылысқа» мүмкіндік туғызды, Қазақстан халқы осы жылдары 22-25% аралығында өсті.

Ал қазіргі еліміздегі ақылы медицина, емханалардың жабылуы, тұрғын үй мәселесінің шешілмеуі, жастар арасындағы жұмыссыздық, жәрдемақылардың төмендігі не мүлде берілмеуі және т.б. табиғи өсімнің құлдырауына әкеліп, болашақта қазақ санының кемуі қаупін туғызуда.

*e-history.kz сайтынан*

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Топтық жұмыс. Әртүрлі дереккөздерді пайдаланып, «Қазақстандағы әлеуметтік проблемалар» тақырыбында тұсаукесер дайындаңдар.

*Тұсаукесерді бағалау критерийлері:*

- тақырыптың ашылуы;
- ақпараттылығы;
- креативтілігі;
- тілдік сауаттылығы.

## ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Е. Әбікенұлының «Пәтер іздеп жүр едік...» әңгімесінің негізінде «Пәтер жалдау: проблемалары мен шешімдері» тақырыбында шағын мақала жаз.

*Мақалаға қойылатын талаптар:*

- тақырып ашылуы тиіс;
- автордың өзіндік көзқарасы айқын көрінуі керек;
- статистикалық мәліметтер мен деректер нақты көрсетілуі қажет;
- публицистикалық стильде жазылуы тиіс;
- көлемі 320-350 сөз болуы керек.

## ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Лексика-грамматикалық омоним құрайтын сөздерді тауып жаз. Оларды қатыстырып, өтілген тақырыпқа байланысты 5 сөйлем жаз.

## АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... үйрендім.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... таңғалдым.
- Мен ... екенін түсіндім.

### Білгенге маржан...

Өз үйім — өлең төсегім.

Бөтен елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол.

Жігіттің бақыты үйде, бағы түзде.

## Табиғатты аяла

## ОҚУШЫ, СЕН ОСЫ ТАРАУДА:

- оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптағы мәтіндермен жұмыс жасап, ондағы сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсінуді;
- мәтін бойынша автор позициясын және көтерілген мәселеге қарым-қатынасын, тыңдаушыға ықпал ету тәсілін талдай отырып, негізгі ойды анықтауды;
- ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтауды, ауызша мәтін құрауда орынды қолдануды;
- кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтауды, олардың қолданылу мақсатын талдауды;
- ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің құрылымы мен рәсімделуін біліп, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдауды;
- ғылыми және публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, аннотация жазуды;
- тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтап презентация дайындауды;
- әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға беруді;
- қажетті ақпаратты орынды қолданып эссе жазуды;
- көтерілген мәселені талдай алуды;
- ғылыми және кәсіби мәтіндер құрауда лексика-грамматикалық омонимдерді ажырата танып, ауызша және жазбаша дұрыс қолдануды **үйренесің.**

## Жаңа сөздер:

нәрсе, залал-зардап, шаң-тозаң

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

## 1-тапсырма. Мақал-мәтелді жазып, сұрақтарға жауап бер.

1. Табиғат — алтын бесік. 2. Адамның табиғатсыз күні жоқ. Табиғаттың оны айтар тілі жоқ. 3. Табиғат — жер байлығы, батырлар — ел байлығы. 4. Жер — таусылмайтын қазына. 5. Табиғат аң-құсымен ажарлы.

1. Халық табиғатты неге алтын бесікке теңеген?
2. Адам табиғатсыз өмір сүре ала ма?
3. Табиғатты не себепті «жер байлығы» дейміз?
4. «Жер — таусылмайтын қазына» ма?

## АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Суреттерді пайдаланып, ой бөлісіңдер.



## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Конспект жаз.

1. Адам мен табиғат бір-біріңсіз өмір сүре ала ма?
2. Адам тіршілігі үшін қажет заттарды қайдан алады?
3. Табиғатқа қалай қамқорлық жасау қажет?
4. Табиғатта қандай заң қатаң сақталады?



### ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Тыңдалған мәтіннен қажет сөйлемді дәйексөз ретінде алып, әр адамның табиғат алдындағы парызы туралы мәтін құрап жаз.

## ОҚЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтіндерді оқы. Тақырып қой.

1. Қазақ халқы өмірдегі ең қасиетті, ең құдіретті ұғымдарға «ана» сөзін қосып айтады: «Жер ана», «Табиғат ана», «Отан ана» және т.б. Табиғат ана біз үшін өмірге қажет барлық

нәрсені береді. Үстіміздегі киіміміз, оқитын кітабымыз, жазатын қағазымыз, мінер көлігіміз, жейтін тамағымыз, тыныс алар ауамыз, ішер суымыз — бәрі-бәрі табиғаттан алынады.

Табиғаттағы барлық зат жерден өседі, қазба байлықтар жерден қазылып алынады. Жердің асты да, үсті де — толған байлық. Адамдар, жануарлар, өсімдіктер өз қорегін осы жерден алады.

Байлық өзі келмейді, оған еңбек сіңіру керек. Жеміс жеу үшін жеміс ағаштарын отырғызамыз. Нан жеу үшін егін егеміз, оны күтіп, баптаймыз. Жерден мұнай алу үшін мұнайы бар жерді іздеп тауып, арнайы қондырғылар орнатамыз, оны сорып, жердің бетіне шығарамыз. Бірақ жердегі қазынаның да сұрауы бар, ол да күндердің бір күнінде азаяды, таусылады, сондықтан оны тиімді пайдалану қажет (*«Экологиялық әліппе» кітабынан*).

2. Соңғы жылдары адамдар табиғат ресурсын көп пайдаланатын болды. Адамзаттың табиғатқа тигізетін әсері күшейді. Ғылыми-техникалық революция экологияны ластады. Ластану дегеніміз — ауа, жер мен судың біз қаламайтын, қолайсыз өзгерістерге ұшырауы.

Экологияның ластануы өсімдіктер, жануарлар мен адамның өміріне, өнеркәсіп пен ауылшаруашылыққа, табиғат ресурстарына қауіп төндіріп отыр. Табиғи ресурстарды пайдалану көлемінің үнемі артуы табиғи ортаның өндіріс қалдықтарымен, шаң-тозаңмен ластануын көбейтті.

Адамдар қазір көптеген химикаттарды пайдаланады. Мысалы, адамзат масаларды улы химикатпен өлтіреді. Маса-шіркейді құртуға шашылған пестицидтерді суда тіршілік ететін жәндіктер денесіне сіңіреді екен. Удың залалы балықтармен коректенетін құстарға да тиеді. Өлген құстарды лабораториялық зерттеулерден өткізгенде олардың май қабаттарында у бары анықталған (*Бағ.кz сайтынан*).

## ЖАЗЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша төмендегі кестені толтыр. Тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құра.


| Абзац   | Тақырыпша              | Тірек сөздер                                                               |
|---------|------------------------|----------------------------------------------------------------------------|
| 1-абзац | Ана — ең қасиетті ұғым | «Жер ана», «Табиғат ана», «Отан ана», киім, тамақ, көлік, ауа, су, табиғат |
|         |                        |                                                                            |
|         |                        |                                                                            |
|         |                        |                                                                            |
|         |                        |                                                                            |
|         |                        |                                                                            |

## АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтіндегі «Қазақ халқы өмірдегі ең қасиетті, ең құдіретті ұғымдарға «ана» сөзін қосып айтады: «Жер ана», «Табиғат ана», «Отан ана»» деген сөйлемнің мәнін түсініп, көршіңмен диалог құр. Диалогте айтылған пікірге байланысты дәлелдер келтіруге тырысыңдар.

## ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Екі мәтіндегі ақпаратты салыстырып, ВЕНН диаграммасын толтыр.



## ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Жақша ішіндегі сөздердің қажеттісін дұрыс тұлғада қойып жаз.

Қою қаріппен берілген сөздердің лексика-грамматикалық омонимдерін тап.

Оларды қатыстырып, сөйлем құрап жаз.

1. Табиғат адам (тағдыр, өмір) барлық қажетін толық өтеуі үшін ештеңемен былғанып, уланбаған болуы тиіс (Қ. Аманжолов). 2. Біз (тіршілік, табиғат) иесіміз, ол — біз үшін өмірге қажет, мол байлықтың көзі (М. Жұмабаев). 3. Табиғат дегеніміз — біздің санамыздан тыс, бізге бағынбайтын, біздің өмірімізге (қажет, тірек) болып тұрған болмыс, әсем дүние (Қ. Мырзалиев). 4. Табиғат (күрделі, қиын) көп түрлі. Біз оны неғұрлым көп танып, түсінсек, соғұрлым табиғат бізге (тиімді, қызығырақ) бола түседі (Х. Ерғалиев).

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Жұптық жұмыс. *Залал-зардап, Жер ана, ластану, шаң-тозаң, табиғат ресурсы, нәрсе, парыз, қорғау және т.б. сөздерді пайдалана отырып, өз өлкелеріңнің табиғатын қорғау туралы жарнама дайындаңдар. Жарнаманы сыныпта қорғаңдар.*

## АЙТЫЛЫМ

### 11-тапсырма. Төменде айтылған әлеуметтік-қоғамдық мәселе туралы ой бөлісіңдер.

Экологияның ластануы өсімдіктер, жануарлар мен адамның өміріне, өнеркәсіп пен ауылшаруашылыққа, табиғат ресурстарына қауіп төндіріп отыр. Табиғи ресурстарды пайдалану көлемінің үнемі артуы табиғи ортаның өндіріс қалдықтарымен, шаң-тозаңмен ластануын көбейтті.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 12-тапсырма. Топтық жұмыс. Қазақ халқының табиғатқа қатысты тыйым сөздерін жазыңдар. Әр топ өздеріне ұнаған тыйым сөздегі ойды дәлелдеп, қорғасын. Өмірден нақты мысалдар келтіруге тырысыңдар.

- Құстың ұясын бұзба, жұмыртқасын жарма.
- Құмырсқаның илеуін бұзба.
- Аққуды атпа.
- Малды басқа ұрма, теппе.

## ОЙТАРАЗЫ

## ЖАЗЫЛЫМ

### 13-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Бүгін не үйрендіңдер?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

### Есте сақта!

Қазақ халқы өмірдегі ең қасиетті, ең құдіретті ұғымдарға «ана» сөзін қосып айтады: «Жер ана», «Табиғат ана», «Отан ана» және т.б. Табиғатты ерекше бағалап, қорғаған. Табиғаттың ластануы адам, жан-жануар, өсімдіктердің тіршілігіне қауіп төндіреді.

## 3-4- сабақ

# «Жасыл ел» бағдарламасына қатысамын

### Жаңа сөздер:

бастама, қозғалыс,  
жаңашыл

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Жасыл ел» бағдарламасы туралы не білесің?
2. Бағдарлама қай жылы басталды?
3. Бағдарлама аясында қандай жұмыстар атқарылады?
4. «Жасыл ел» жасақтарында кімдер жұмыс істейді?

### АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. Суреттерді пайдаланып, мәтін құра.



## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

Мәтіндегі негізгі ойды анықта.

1. «Жасыл ел» қандай жоба?
2. Жоба қай жылы басталған?
3. 2016 жылы «Жасыл ел» жасақтарының жалақысы неше есеге көбейді?
4. 2018 жылы республикалық бюджеттен қанша қаражат бөлінді?
5. Жоба аясында қанша жасөспірімді жұмыспен қамту жоспарланған?



### ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Тыңдаған мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты кесте бойынша бөліп жаз.

| Негізгі ақпарат | Қосымша ақпарат |
|-----------------|-----------------|
|                 |                 |

### ОҚЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтінді оқы. Тақырып қой.

«Жасыл ел» — Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» жолдауы негізінде 2005 жылдан бастап жүзеге асырылып келе жатқан кешенді бағдарлама. 2005 жылы Астана қаласында «Жасыл ел» жастар еңбек жасағының республикалық штабы құрылды. Қазақстанның барлық аймағында «Жасыл ел» жасақтарының бөлімшелері ашылды, олар өз жұмыстарын осы уақытқа дейін атқарып келеді.

Уақыт өткен сайын жалпыұлттық бастамаға қолдау білдіруші жастардың саны артып келеді. Бұл бастама жастарды отанын сүйіп, туған жерінің табиғатын, тазалығын сақтауға баулиды. Елімізді жасыл желекке бөлендіретін жаңашыл идеяларды ұсынуға қозғау салды. Қазақстанның гүлденуі, алдыңғы қатарлы елдердің қатарына қосылуы үшін тынбай еңбек ететін жастар қозғалысын тудырды.

Бағдарламаның мақсаты — табиғатты қорғау, экологияны сақтау, жастарды еңбек тәрбиесіне үйрету. Жастар қалаларда ғана емес, орманды өрт шалған аймақтарда да

жұмыс істейді. «Жасыл ел» жасақшылары қоршаған ортаның көркеюіне, қоғамдық орындардың тазалығына өз үлестерін қосып жүр. «Жасыл ел» жасақшыларына жергілікті бюджеттен еңбекақы төленеді. 2008-2017 жылдар аралығында бағдарламаға 200 мыңдай адам қатысып, 44 миллиондай ағаш отырғызылған (*«Қазақ әдебиеті» газетінен*).

## АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** «ПОПС» формуласын қолданып, мәтін бойынша өз пікіріңді дәлелде.

Бірінші сөйлем: *«Менің ойымша....»*.


Екінші сөйлем: *«Себебі мен оны «...» деп түсіндіремін»*.

Үшінші сөйлем: *«Оны мен «...» деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын»*.

Соңғы сөйлем: *«Осыған байланысты мен «...» деген қорытындыға келдім»*.

## ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтінді және дереккөздердегі қосымша ақпаратты пайдаланып, диаграмманы толтыр.



## АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Топтық жұмыс. Мектеп оқушыларынан «Жасыл ел» бағдарламасы туралы сауалнама алыңдар. Сауалнама нәтижесін статистикалық мәлімет түрінде көрсетіңдер.

## МӘТІН СОҒЫ ЖҰМЫС

### ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Өлкендегі «Жасыл ел» жасағы туралы қосымша дереккөздерден ақпарат жинап, тұсаукесер дайында.

### АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**10-жағдаяттық тапсырма.** «Жасыл ел» жасағының басшысы болсаң, не істер едің? Басшы ретінде атқаратын жұмыстарыңның жоспарын құр.

## ОЙТАРАЗЫ

### ЖАЗЫЛЫМ

**11-тапсырма.** «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

**Бас бармақ — басты мәселе.** Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

**Балаң үйрек — бірлесу.** Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім?

**Ортан терек — ойлану.** Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

**Шылдыр шүмек — шынайылық.** Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

**Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы.** Сабақта өзімді қалай сезіндім?

#### Есте сақта!

«Жасыл ел» бағдарламасы 2005 жылы Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың бастамасымен құрылған. Бағдарлама жасөспірімдерді табиғатты қорғап, экологияны сақтауға үйретеді. «Жасыл ел» жасақтары осы уақытқа дейін 44 миллиондай ағаш отырғызған.

## 5-6- сабақ

# Мұнай – еліміздің шикізат байлығы

### МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

#### Жаңа сөздер:

ұңғыма, мұнайлы, жанармай

### АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Суреттерді пайдаланып, мұнайдан жасалатын өнімдер туралы айт.



### ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып, жаз.

1. Жер қойнауы... шығып жатқан газ бен мұнай... ежелгі адам... да байқаған. 2. Олар газ... «мәңгілік алау» деп атаған. 3. Дәрі ретінде емдік қасиеті... пайдаланған. 4. Соғыс кезінде дұшпан... жерлері мен мекендерін өртеу... қолданған. 5. Мұнай мен газ... пайда болуы туралы тек геолог... ғана емес, геохимия, палеоботаника, петрография, биохимия, микробиология, физикалық және органикалық химия саласының мамандары да зерттеу жүргізеді. 6. Мұнай әртүрлі көмірсутектердің қосындысы... тұрады. 7. Теңіз, мұхит табанындағы мұнай мен газ көбінесе органикалық заттар.... қалдықтар...нан түзіледі.

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС



### ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Мәтіндегі термин сөздерді жаз.

### ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Тыңдаған мәтіндегі «Мұнай — байлық, мұнай — саясат, мұнай — билік» деген пікірді тақырып ретінде алып, ой бөлісіңдер.

### ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтінді оқы. Екі мәтіндегі ақпаратты салыстыр.

1. Қазақстандағы ең алғашқы мұнай Атырау атырабындағы «Қарашұңгіл» деген жерден шыққан. Қарашұңгіл — Құлсарыдан 70 шақырым қашықтықта орналасқан кеніш. 1894 жылы патшалы Ресейден келген кәсіпкерлер қазақ жеріндегі мұнай-кен орындарын іздеп, барлауға концессия алып, іске кіріседі. Алғашқы мұнай барлау объектілері Доссор, Қаратоң, Қарашұңгіл және Ескенеден басталған.

С. Леманның компаниясы Қарашұңгілде тереңдігі 38-275 метр болатын 21 ұңғыны бұрғылап, мұнай іздейді. 1899 жылдың қарашасында, №7 ұңғымадан, 40 метр тереңдіктегі карст қуысының гипстелген жынысынан жеңіл мұнай атқылай бастайды. Тереңдігі 40 метр ғана ұңғымадан сол кезде тәулігіне 20 тонна өнім алынған (*Baq.kz сайтынан*).

2. Зерттеушілердің мәліметіне сүйенсек, қара алтынның 80 пайызы 8 елдің жерінің астында жатыр. Атап айтқанда, Венесуэлада 17,5%, Сауд Арабиясында 15,6%, Канадада 10%, Иранда 9,3%, Иракта 9%, Кувейтте 5,9%, Ресейде 6,4%, Біріккен Араб Әмірлігінде 5,7% мұнай бар. Қазақстан тоғызыншы орынды иемденеді. Атырау (72 пайыз), Маңғыстау (11,6 пайыз) өңірі Қазақстандағы мұнайлы аймақ саналады. «Қара алтынның» қалған қоры батыс, орталық, шығыс, оңтүстік өңірлердегі облыстарда орналасқан («Айқын» газетінен).

### АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтін қандай жанрда жазылған? Ерекшелігін анықтап, талда.

## ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** «Борт журналы» тәсілін пайдаланып, төмендегі кестені толтыр.

| Тақырып бойынша маған не белгілі?<br>Мен не білемін? | Қандай жаңа ақпаратпен таныстым? |
|------------------------------------------------------|----------------------------------|
|                                                      |                                  |

## АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Мұнай-газ саласына қажет мамандықтармен танысыңдар. Әр жұп бір мамандықты таңдап алсын. Таңдаған мамандықтарыңның қазіргі таңдағы пайдасын айтып, қорғаңдар.

| Мамандық атауы                     | Нәтижесі                                                                                                                                                                                                          |
|------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Мұнай инженериясы                  | Бітірушілер техника және технология бакалавры ретінде геология, геофизика, бұрғылау, мұнай мен газ кенорындарын игеру саласында жұмыс істей алады. Олар инженерлер арасында ең жоғары жалақы алу мүмкіндігіне ие. |
| Эксплуатациялы-сервистік инженерия | Тау-кен, металлургия, мұнай-газ салаларында, өнеркәсіпте, құрылыста, жол қызметінде және т.б. инженер болып істейді.                                                                                              |

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** 5-тапсырмадағы екі мәтінге ортақ сөздерді теріп жаз. Олардың не себепті ортақ сөз болып тұрғанын түсіндір.

### АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Қосымша дереккөздерді пайдаланып, мұнай арқылы халқының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын көтерген елдер туралы тұсаукесер дайындаңдар.

## ЖАЗЫЛЫМ

**11-тапсырма.** «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. Бүгін не үйрендің?
2. Сабақ бойынша қандай сұрағың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

### Есте сақта!

Қазақстандағы алғашқы мұнай Атырау атырабындағы «Қарашүңгіл» деген жерден шыққан. Қазақстан мұнай қоры жағынан әлемде тоғызыншы орында тұр. Қазақстандағы мұнайлы аймақ — Атырау және Маңғыстау облыстары.

## 7-8- сабақ

# Туған өлкенің экологиясы





## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### Жаңа сөздер:

кемтар, қайғылы, қасірет, құлдыра, мұншалықты

### АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Сурет бойынша бірнеше сұрақ дайындап, диалог құрыңдар.



### ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Берілген сөздердің әріптерінен басталатын сөздерді жаз. Осы сөздерді қатыстырып бірнеше сөйлем құра.

|   |  |
|---|--|
| Т |  |
| У |  |
| Ғ |  |
| А |  |
| Н |  |
|   |  |
| Ө |  |
| Л |  |
| К |  |
| Е |  |

## ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Мәтін бойынша 6-7 сұрақ жаз.



## ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Тыңдаған мәтінге сүйеніп, ақпараттың дұрыстығын анықта.

| Ақпарат                                                                                                                                   | Дұрыс | Дұрыс емес |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------|------------|
| Айналамыздағы табиғи ортаны қорғау, оның ресурстарын тиімді пайдалану — күн тәртібіндегі басты мәселе.                                    |       |            |
| Қазіргі кезде Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметі бойынша, Жер бетіндегі аурудың 45 пайызы табиғаттың ластануының нәтижесінде пайда болады. |       |            |
| Соның залал-зардабынан жылына 1 миллионға жуық адам қайтыс болып, кемтар балалар дүниеге келуде.                                          |       |            |
| Табиғи байлық қоры — су, топырақ, өсімдіктер мен жануарлар.                                                                               |       |            |
| «Пайдалы қазбаларды қорғау» дегеніміз — оларды мүлдем пайдаланбау.                                                                        |       |            |
| Елінің нағыз азаматы болу үшін әр адам өз өлкесін, оның табиғатын, байлығын, тарихы мен мәдениетін, өнерін біліп, зерттеуі қажет.         |       |            |

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Қазақ халқының **асыл** мұраларының бірі — табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен адамгершілік қасиеті. Халық ұғымында «табиғат» деген қасиетті сөз «туған жер», «өскен ел», «атамекен», «аяулы өлке», «ауылым» деген аса **қымбат** сөздермен байланысты. Халық табиғаттағы өздері қастерлеген жерлерді «әулие бұлақ», «әулие ағаш» деп, көздің қарашығындай сақтаған. Қарлығаш, аққу, ұлар сияқты құстарды «жақсылықтың жаршысы, бақыптың бастауы» деп **қастерлеген**.

Халқымыз ежелден өсімдіктер мен жануарлардың табиғаттағы, адам өміріндегі қадір-қасиетін, пайдасын жақсы білген. Балаларына **үнемі** айтып отырған, оларды сақтап, қорғауға үйреткен. «Ер — елдің көркі, орман-тоғай — жердің көркі», «Бір тал кессең, он тал ек», «Дәрі шөптен шығады, дана көптен шығады», «Қорада малың болсын, көшенде талың болсын», «Тау бұлағымен көрікті, бұлақ құрағымен көрікті», «Дала көркі — мал,

өзен көркі — тал», «Мал өсірсең — қой өсір, өнімі оның көл-көсір» деген халық мақал-мәтелдері бұған дәлел.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасында бидай масағы мен қанатты пырақ бейнеленген. Бұл — өсімдіктер мен жануарлар әлемін қадірлеп, құрметтеуден туындаған туған жерімізге деген **терең** сүйіспеншіліктің белгісі. Халқымыздың өз ұрпағын табиғатты аялап, сақтауға тәрбиелейтін алуан түрлі құралы бар. Солардың бірі — тыйым сөздер. «Көк шөпті жұлма, таптама», «Көктемде жан-жануарға тиіспе», «Үйге кірген жыланға ақ құйып шығар», «Құстың ұясын бұзба» деген тыйым сөздерді әр бала **жас-тайынан** біліп өскен.

Адам табиғаттан бөлініп кете алмайды. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, күн санап адамдардың табиғатты қорғауға деген жауапкершілігі құлдырап бара жатыр. Сондықтан қазір барлық мемлекет табиғат байлығын **тиімді** пайдалануға, қоршаған ортаны **таза** ұстауға мән беріп отыр.

Қазақстан Республикасының Конституциясында: «Қазақстан Республикасы азаматтары табиғатты қорғауға, оның байлықтарын үнемдеп пайдалануға міндетті», — делінген. Адамдар туған өлкесінің экологиясын зерттеп, оны сақтауы тиіс. Сонда біз **қасірет** шекпейміз, рақат **өмір** сүретін боламыз (Ш. Құрманбаевадан).

- Қазақ халқының асыл мұрасына не жатады?
- «Табиғат» сөзі қандай сөздермен байланысты?
- Халық өзі қастерлеген жерлерді қалай атаған?
- Табиғат туралы қандай мақал-мәтелдер бар?

## ЖАЗЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздердің синонимін жаз. Осы сөздерді қатыстырып, сөйлем құра.

## АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Жағдаят: ауыл жанындағы өзенге бір топ баланың бос шөлмектерді лақтырып ойнап отырғанын көрдің, не істейсің?

## ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Жақшадағы екі нұсқаның тиістісін жаз.

1. Халық (табиғаттағы, даладағы) өздері қастерлеген жерлерді «әулие бұлақ», «әулие ағаш» деп, көздің қарашығындай сақтаған. 2. Халқымыз ежелден өсімдіктер

мен жануарлардың табиғаттағы, адам өміріндегі қадір-қасиетін (зиянын, пайда-сын) жақсы білген. 3. Балаларына үнемі айтып отырған, оларды сақтап, қорғауға (үйреткен, қадірлеген). 4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасында бидай масағы мен қанатты пырақ (салынған, бейнеленген). 5. Халқымыздың өз ұрпағын, табиғатты (құрметтеп, аялап), сақтауға тәрбиелейтін алуан түрлі құралы бар. 6. Адам табиғаттан бөлініп (кете алмайды, бара алмайды). 7. Қазақстан Республикасының Конституциясында: «Қазақстан Республикасы (адамдары, азаматтары) табиғатты қорғауға, оның байлықтарын үнемдеп пайдалануға міндетті», — делінген.

## АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Мақал-мәтелдердің өзіңе ұнаған біреуін таңдап, мағынасын түсіндір.

- Ер — елдің көркі, орман-тоғай — жердің көркі.
- Бір тал кессең, он тал ек.
- Дәрі шөптен шығады, дана көптен шығады.
- Қорада малың болсын, көшеңде талың болсын.
- Тау бұлағымен көрікті, бұлақ құрағымен көрікті.
- Дала көркі — мал, өзен көркі — тал.
- Мал өсірсең — қой өсір, өнімі оның көл-көсір.

## АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** «Менің өлкемнің экологиясы» деген тақырыпта эссе жазыңдар.

## АЙТЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

- |                                           |                            |
|-------------------------------------------|----------------------------|
| • Маған ... қиын болды.                   | • Мен ... екенін түсіндім. |
| • Мен ... сияқты тапсырмаларды орындадым. | • Мен ... үйрендім.        |
|                                           | • Мен ... таңғалдым.       |

### Есте сақта!

Жер бетіндегі аурудың 25 пайызы қоршаған ортаның ластануынан болады. Қазақ халқы табиғатты ерекше қастерлеген. Балаларды жастайынан қоршаған ортаны сақтауға, табиғатты қорғауға тәрбиелеген. Оны қазақ халқының табиғат туралы мақал-мәтелі мен тыйым сөздерінен көре аламыз.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ОЙТАРАЗЫ

## 9-10- сабақ

# Атомдық индустрияның Болашағы

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### Жаңа сөздер:

жарылыс, биоалуантүрлілік,  
тоқтат, ерітінді

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Сөйлемдерді дұрыс құрастырып жаз.

- КСРО Қазақстан кезінде екен түгелге территориясы жуық сынақ алаңына ядролық айналған.
- Болашақта қамтамасыз сұранысын энергиясының электр энергетика ядролық етеді.
- Семей 1949 жылдан полигонында 470 ядролық 1989 жылға дейін жарылыс, 90-ы ауада, оның жер астында 354-і және жүргізілген, жер бетінде 26-ы.
- 1991 Семей жылы ядролық 29 тамызда тоқтатылды полигоны.
- Қазақстан Бүгінде астам 50-ден өндіріледі орнында кен уран.

### АЙТЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. «Атаулар туралы үш сұрақ».

Сызбадағы термин сөздерге қатысты сұрақтарға жауап бер.

- Қайда?** Бұл сөздер саған таныс па? Қайда кездестірдің?
- Не үшін?** Өз тәжірибеңде оларды не үшін қолдандың?
- Қандай?** Қалай ойлайсың, сабақта бұл терминдер қандай мақсатта қолданылуы мүмкін?



## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Негізгі ойды анықта. Пікіріңді дәлелде.



## ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Тыңдаған мәтіндегі термин сөздерді жаз. Олардың мағынасын түсіндір.

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтінді оқы. Мәтін бойынша сұрақтар дайында.

Молекулалардың ыдырауы туралы теория заманауи ғылымда еркін қолданылады. Жаһандық денсаулық жүйесіндегі озық үлгілер күрделі ауруларды емдеуге мүмкіндік берді. Қазіргі заманауи озық медицина онкологиялық ауруларды емдей бастады. Бұл әдістеме молекулярлы және ядролық медицинаның жетістіктерін пайдаланады. Ядролық медицина молекуланы «көре» алады, оның қайда тұрғанын дәрігерлерге «хабарлап» қана қоймай, құрамы, шығу тегі туралы мәліметтерді де бере алады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, 2024 жылға қарай жыл сайын қатерлі ісікке 24 миллионға жуық адам шалдығатын көрінеді. Бұған бірнеше фактор әсер етеді. Біріншіден, қоршаған ортаның ластануы. Екіншіден, химиялық қоспалардың тұрмыста көп қолданылуы. Үшіншіден, радиация деңгейінің жоғары болуы. Өйткені жер бетінде мүмкін болған сынақ пен жарылыстардың барлығы жүргізілуде.

Ядролық медицинада науқасты қарау барысында көп көлемде диагностикалық маркерлер қолданылады. Бұл оқшауланған ісікті, қатер деңгейін көрсетеді. Мамандар ісіктің көзге көрінбес жасушадан пайда болып, тез бөлінетінін айтады. Жасушалар қантты көп жинақтағаннан зат алмасу мен өсудің көзі ретінде қызмет етеді. Сондықтан глюкоза ерітіндісін F18 радиоактивті заттармен белгілеп, қатерлі ісік жасушаларын табу үшін адам ағзасына енгізеді.

Бүгінде қатерлі ісік жасушаларымен арадағы байланысты бөліп, адам ағзасының ісік жасушаларымен күресуі үшін қажет иммундық жүйе қалыптастыратын емдеу жолы табылды. Яғни келешекте диагностикалау да, емдеу де молекулярлы медицинаның міндетіне айналуы әбден мүмкін. Қазіргі денсаулық сақтау ісі біртіндеп болса да, молекулярлы медицина дәуіріне аяқ басты.

«Егемен Қазақстан» газетінен

## АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтін қандай жанрда жазылған? Ерекшелігін анықтап, талда.

## ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтінді оқып, әр ой бөлігіне тақырып қой. Негізгі идеясын анықта. Әр ой бөлігіндегі тірек сөзді теріп жаз.

| Абзацтар | Тақырыбы | Негізгі идеясы | Тірек сөздер |
|----------|----------|----------------|--------------|
|          |          |                |              |
|          |          |                |              |

## ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендіріп, сөйлем құра.

|    |                |    |               |    |              |    |             |
|----|----------------|----|---------------|----|--------------|----|-------------|
| 1. | Молекулалардың | а. | үлгілер       | 1. | радиация     | а. | ағзасы      |
| 2. | қатерлі        | ә. | фактор        | 2. | иммундық     | ә. | табылды     |
| 3. | зат            | б. | қоспалар      | 3. | маркерлер    | б. | жүйе        |
| 4. | озық           | в. | ерітіндісін   | 4. | жер          | в. | сақтау ісі  |
| 5. | медицинаның    | г. | ыдырауы       | 5. | емдеу жолы   | г. | ауру        |
| 6. | бірнеше        | ғ. | ісік          | 6. | денсаулық    | ғ. | деңгейі     |
| 7. | химиялық       | д. | алмасу        | 7. | онкологиялық | д. | қолданылады |
| 8. | глюкоза        | е. | жетістіктерін | 8. | адам         | е. | бетінде     |

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** «Атомдық индустрияның болашағы» тақырыбында пікірталас өткізіңдер. «Мамандар» мен «тілшілер» болып екі топқа бөлініңдер. Тапсырмаға алдын ала дайындалып, қосымша дереккөздерден материал жинаңдар.

## ЖАЗЫЛЫМ

**10-тапсырма.** «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап бер.

1. Бүгін не үйрендің?
2. Сабақ бойынша қандай сұрағың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?
4. Сабақтағы материалдардан өзіңе қандай ой түйдің?

### Есте сақта!

Атомдық индустрияның болашағы зор. Энергия көзінің жетіспеуі атомдық индустрияны дамытуға әсер етеді. Ядролық медицинаның дамуы қатерлі ісікпен ауыратын адамдарды емдеуге көмектеседі.

## 11-12- сабақ

# Гүлжауһар Сейітжан «Қара алтыны халқымның...»

### МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

#### Жаңа сөздер:

қою, қират, қошқыл, қыр, қару

### ЖАЗЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Сөйлемдерді мағынасына қарай сәйкестендіріп жаз.


|    |                                                                                                     |    |                                                                         |
|----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|----|-------------------------------------------------------------------------|
| 1. | Соңғы уақытта әлемнің көптеген елінде баламалы қуат көздері туралы сөз қозғалып жүргенімен,         | а. | оны қолданатындар өте аз.                                               |
| 2. | Қазақстан басшылығы халықтың қалауы мен тілегін орындап,                                            | ә. | сол арқылы бір ауданда пайда болған улы заттар екінші ауданға таралады. |
| 3. | Қосымша энергия ретінде газ ұсынылғанмен,                                                           | б. | онда Балқаш көлін құтқару мәселелері қаралды.                           |
| 4. | Қазақстанның көптеген кәсіпорны қоршаған ортаны зиянды заттармен, техногенді қалдықтармен ластап,   | в. | мұнайдың орнын еш-қайсысы да баса алмайды.                              |
| 5. | Жер бетіндегі ауа үнемі қозғалыста болып,                                                           | г. | Семей ядролық сынақ алаңы жабылды.                                      |
| 6. | 1999 жылы «Балқаш көлін құтқару, оның бүгіні мен болашағы» атты халықаралық экологиялық форум өтіп, | ғ. | экологияға ерекше зиян тигізуде.                                        |

### ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Гүлжауһар Сейітжан туралы пікірлерді оқып, диаграмманы толтыр.

- Оның өлеңдерінен қазақ қызының небір қасиеті мен кемел жан-дүниесі көрінеді. Сабырымен, санасымен, сезімімен, төзімімен баурайды (Әбіш Кекілбайұлы).
- Гүлжауһар бір топ өлеңінде қатыгездік пен дүниеқорлықтан, нысапсыздықтан бойды аулақ ұстауға үндейді, адамгершілік пен адалдыққа шақырады (Темір Мыңжасов).
- Қай новелласын, әңгімесін оқысаңыз да, Гүлжауһардың суреткерлік талғам-талантын жаңа қырынан танығандай боласыз (Тәжіназар Шадықұлов).

4. Гүлжауһар новеллаларының кейіпкерлері қарапайымдылығымен, қайырымдылығымен, еңбекқорлығымен, үлкен-кішіні сыйлай білетіндігімен ерекшеленеді (Қонаш Қалдыоразов). 5. Гүлжауһар Сейітжан поэзиялық қана емес, прозалық шығармалар да жазған. Жоғарыда аталған кітаптарынан басқа 1985 жылы «Үміт жағалауы», 1986 жылы «Жолайырық», 1987 жылы «Гүлайым» атты өлеңдер мен әңгімелер кітаптары шықты (Темір Мыңжасов).



## ОҚЫЛЫМ

### 3-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Мұнай, мұнай....

Сары май...

**Қап-қара** май.

Келбетіне халқымның жаққан арай.

**Бейнеті** мол қазақтың жерін кеулеп,

**Бақытына** айналған баққа қарай...

Мұнай, мұнай...

Қара алтын қазынамыз...

**Қаталдау** табиғаттың назы нағыз.

Қан тамырдай таралған тамырлардан

Қарақошқыл жер қанын ағызамыз...

Мән сыйлаған тірлікке,

Сән сыйлаған,

Мұнай көзін **тереңнен** аршиды адам.

Жапан түзде ертегі қала салып,

Естен кетпес жасады сан сый маған...

Талайларды келтірген **жарқын** жүзге,

«Мұнай» деген қап-қара алтын бізге.

Мұнай іздеп кеземіз қиырларды,

**Ыстық** шілде,

**Қатал** қыс,

Алтын күзде...

Қап-қара қан жүгіртіп тамырына,

Қара алтынның боялып сағымына,

Қолын созған әлемдік биіктерге,

Сүйінімін Маңғыстау алыбыма...

*Гүлжауһар Сейітжан*

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Өлеңдегі қою қаріппен берілген сөздердің антонимін тап. Осы сөздерді қатыстырып сөйлеп құра.

## АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Өлеңнен лексика-грамматикалық омонимдерді тауып, мағынасын анықта.

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Өлеңді оқып, әр ой бөлігіне тақырып қой. Негізгі идеясын анықта. Әр ой бөлігіндегі тірек сөзді теріп жаз.

| Абзацтар | Тақырыбы | Негізгі идеясы | Тірек сөздер |
|----------|----------|----------------|--------------|
|          |          |                |              |
|          |          |                |              |

## АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** «Талайларды келтірген жарқын жүзге, «Мұнай» деген қап-қара алтын бізге» деген ақынның пікірімен келісесің бе? Пікіріңді айт.

Үлгі: Иә, келісемін, себебі ... Келіспеймін, себебі ...

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** <https://kitap.kz> сайтындағы Гүлжайһар Сейітжанның «Қара алтыны халқымның...» өлеңі кірген «Маңғыстауым — ғұмырымның арнасы» жинағымен танысып, аннотация жаз.

| №  | Аннотацияның құрылымы                                                                                   | Қажетті тілдік құрылымдар                                                                                                                                                                                                  |
|----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1. | Кіріспе бөлім.<br>Автордың аты-жөні,<br>шығарманың тақырыбы, қай<br>баспадан шыққаны, жылы,<br>бет саны | Кітаптың/мақаланың/шығарманың авторы<br>Кітапқа/мақалаға/шығармаға аннотация<br>Алматы: Қазақтың көркем әдебиет баспасы,<br>1952. — 394 бет.                                                                               |
| 2. | Негізгі бөлім.<br>Шығарма туралы қысқаша<br>ақпарат беріледі.                                           | Кітап/мақала/шығарма (қандай?) тақырыпқа<br>арналған, шығармада (қандай) мәселелер<br>баяндалған, шығармада автор (не?) туралы айтқан,<br>автор шығармада (неге?) тоқталған, шығарма ке-<br>йіпкерлері (кімдер?) және т.б. |
| 3. | Қорытынды бөлім.<br>Шығарманың кімге<br>арналғаны жазылады.                                             | Кітап/мақала/шығарма (кімге?) оқушыға/оқырман<br>көпшілікке арналған.                                                                                                                                                      |

## ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** «Маңғыстау — мұнайлы өлке» тақырыбында фотоколлаж дайында. Фотоколлажды сыныпта қорға.

## АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Жұптық жұмыс. «Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрі мұнайдан басталады» деген пікірмен келісесіңдер ме? Жұбыңмен осы тақырып төңірегінде сөйлес.

## ОЙТАРАЗЫ

## ЖАЗЫЛЫМ

**11-тапсырма.** «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Бүгін не үйрендіңдер?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

### Есте сақта!


Гүлжауһар Сейітжан — ақын, жазушы. Ол өз шығармасында адамдардың өмірін суреттеген. Туған өлкесі — Маңғыстау туралы, мұнайшылардың өмірі, мұнай жайында өлеңдер жазған.

13-14-  
сабақ

# Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Қазіргі кезде әлемді толғандырып отырған экологиялық проблемаларды диаграммаға түсір. Әр мәселеге қатысты өз пікіріңді дәлелдеп айт.



## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Мәтінді оқы. Тақырып қойып, негізгі идеясын анықта.

Экологиялық мәселелердің алдын алу үшін адам ретсіз дамудан тиімді, реттелген дамуға көшуі қажет. Тек осы кезде ғана адамзат қоғамы үздіксіз, бірқалыпты жағдайда, табиғи және әлеуметтік дағдарыссыз дамиды. Мұндай дамуды «тұрақты даму» деп атайды. Бірақ бұл үшін адамдардың сана-сезімі, адамгершілік мақсаты өзгеруі тиіс.

Ғаламшардағы тіршілікті қорғау бүкіл адамзаттың бірігуін талап етеді. 1987 жылы БҰҰ Дүниежүзілік қоршаған орта мен даму комиссиясы «Біздің жалпы болашағымыз» атты есеп беріп, «қоршаған орта үшін қауіпсіз жолмен экономикалық дәуірге» шақырды. Алғаш рет «тұрақты даму» концепциясы ұсынылды.

Еліміздің Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев БҰҰ Бас Ассамблеясында жасаған баяндамасында еліміздің тұрақты даму жолындағы белсенді қызметінен нақты мысалдар келтірді. Атап айтсақ, 1992-1998 жылдар аралығында Қазақстан тарихта бірінші болып ядролық полигонды жауып, ядролық қарудан бас тартты. Аралды сақтап қалуға арналған интеграциялық процестердің ұйытқысы болды.

Ш. Құрманбаева

## ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтін бойынша қысқаша тезис жаз.

## ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Берілген сөздердің омонимдік қатарын тауып, сөйлем құра.

Үлгі: 1. Көк — түс атауы. Көк көйлегі өзіне жарасып тұр. 2. Көк — аспан, әуе. Көк жүзіне самғап барады. 3. Көк — көгеріп шыққан өсімдік, шөп. Қалың көктің арасынан көрінбейді.

Баспа, айналма, біз, ара, ашық, қорық.

## АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Жағдаят: шетелден келген танысың Қазақстандағы атом өнеркәсібі, «Жасыл ел» бағдарламасы туралы айтып беруіңді сұрады. Қандай мәлімет бересің?

## ОЙТАРАЗЫ

## АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екенін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мен ... таңғалдым.

### Білгенге маржан...

...Мұнай отандық өнеркәсіптің маңызды саласы ғана болып қоймай, сонымен бірге мемлекеттің тәуелсіздік мәртебесінің нышанына, жарқын болашағына деген сенімге айналды. Енді Қазақстан мұнайы Қазақстан халқының игілігіне қызмет етуде.

Нұрсұлтан Назарбаев

# Екі тілді білген — екі адам

## ОҚУШЫ, СЕН ОСЫ ТАРАУДА:

- мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазу (конспектілеу) және берілген ақпараттарды жүйелеу;
- көркем шығарманы тыңдау, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасау;
- ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану;
- ғылыми және кәсіби мәтіндерге сүйеніп, монолог пен диалогті үйлестіре қолдану, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушылармен қарым-қатынас орнату;
- ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндер (дәріс) бойынша салыстырмалы (құрылымы, қызметі, мақсатты аудиториясы, оқырманға әсері) талдау жасау;
- мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға беру, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізу;
- шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу;
- мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу;
- сын есім сөздердің синонимдік қатарын стильдік ерекшеліктеріне сәйкес қолдану **дағдыларыңды жетілдіресің.**

## Жаңа сөздер:

ғажап, сондай-ақ, арқау, қостілді, қостілділік, нақыш (нақышына келтіру), еркін

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Суретке қарап, өз ойыңды айт. Бұл қандай адам?



## АЙТЫЛЫМ

### 2-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Алдын ала берілген атаулар» әдісі.

Берілген сөздердің мағынасы, өзара байланысы туралы ойланып, жауап беріңдер.



Жазу, қостілді, қостілділік, терезе, еркін сөйлеу.

## ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

### 3-тапсырма. Мәтінді тыңдап, негізгі идеяларды қысқаша жазып отыр. Мәтінде берілген екі пікірге өзіндік ойыңды білдір.

а) негізгі идеяларды бір-бір сөйлеммен жаз;

ә) ұсынылған екі пікірді дәлелдеп айт. Тірек сөздерді пайдалан.

#### Пікір:

Қазақ тілі — қазір тек қазақтың тілі емес.

**Тірек сөздер:** мемлекеттік, тіл, ұғыстырады, табыстырады, 18 миллион, қолданыс.

#### Пікір:

Қазақстан — ғажап ел.

**Тірек сөздер:** ауызбірлік, тыныштық, тұрақтылық, татулық, құрал.

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Мәтінді оқы. Қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын анықта.

Қазақстанда **қостілді** адам өте көп. Олар екі тілде — қазақ және орыс тілдерінде еркін сөйлейді. Екі тілде **еркін** сөйлейтін адамдар — билингвистер. Екі тілде еркін сөйлеу — үлкен өнер. Бауыржан Момышұлы «Бір тіл білген адам — бір адам, екі тіл білген — екі адам» деген. Бір тіл білсе — бір ғана халықты біледі, екі тіл білсе — екі халықты біледі. Екі халықтың әдебиеті мен мәдениетін таниды. **Сондай-ақ** тілі арқылы сол халықтың барлық рухани байлығын таниды. Бірнеше тілді білетін адамның білімі мен дүниетанымы да кең болады. Тіл арқылы халық бір-бірімен танысады, түсініседі, достасады.

Екі тілді еркін білу — әсіресе өнер адамдарына үлкен бақыт. Қостілділік өнер адамдарының шығармашылығын дамытуға **арқау** болады. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов қазақ және орыс тілдерін еркін білген. М. Әуезовтің қостілді болуы шығармаларын қазақ және орыс тілдерінде бірдей **жазуына** арқау болған. Ұлы жазушы «Абай» трагедиясын қазақ және орыс тілінде бір мезгілде жазған. М. Әуезов түркітекес тілдердің бәрін білген әрі **нақышына келтіріп** сөйлеген. Жазушының бірнеше тіл білуі сол халықтың әдебиеті мен мәдениетін терең меңгеруге арқау болған. **Қостілділік** — адамға берілетін үлкен мүмкіндік.

Қ. Муттахидинұлы

## ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Берілген сөздердің ішінен синонимдерді тауып, әрқайсысын қатыстырып бір сөйлемнен құрастыр.

Қостілді, шығармашыл, арқау, адам, жазу, нақыш, қазақ, орыс, екі тілді, өнер, рухани, әдеби, кісі.

## АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Берілген ақпараттың дұрыс, дұрыс еместігін анықта.

| №  | Ақпарат                                                                          | Дұрыс | Дұрыс емес |
|----|----------------------------------------------------------------------------------|-------|------------|
| 1. | Қазақстанда қостілді адам өте көп.                                               |       |            |
| 2. | Бір тілде еркін сөйлейтін адамдар — билингвистер.                                |       |            |
| 3. | Екі тілде еркін сөйлеу — үлкен өнер.                                             |       |            |
| 4. | М. Әуезов: «Бір тіл білген адам — бір адам, екі тіл білген — екі адам», — деген. |       |            |
| 5. | Екі тілді еркін білу — өнер адамдарына үлкен бақыт.                              |       |            |
| 6. | Ұлы жазушы М. Әуезов қазақ және орыс тілдерін білмеді.                           |       |            |
| 7. | М. Әуезов түркітөктес тілдердің бәрін білген.                                    |       |            |

## ОҚЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтіннен екі тілді болудың артықшылығы туралы айтылған жолдарды тауып, оқы.

## АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Сұрақтарға жауап беріп, диалог құрыңдар.

Алдымен жауаптарды жазбаша құрастырып алыңдар.

1. Сен неше тіл білесің?
2. Неше тілде еркін сөйлей аласың?
3. «Билингвист» деген кімдер?
4. Сенің билингвист таныстарың бар ма?
5. Қалай ойлайсың, билингвист болғанның артықшылығы бар ма?
6. Екі тілді еркін меңгерген қостілді қайраткерлерді (жазушылар, ақындар, саясаткерлер) білесің бе?

## МӘТІН СОҒЫ ЖҰМЫС

### ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Үлгіге қарап, өз досыңды сипаттап жаз. Асты сызылған сөздерді мәтін құрауда қолдан.

Үлгі:

Менің досым бар. Оның аты — Асыл. Асылдың мінезі салмақты. Ол қостілді. Досымның ана тілі — қазақ тілі. Ол орыс тілін еркін меңгерген. Өз ойын еркін жеткізеді. Орыс тілінде нақышына келтіріп сөйлейді. Сондай-ақ Асыл ағылшын тілін де үйреніп жүр. Ағылшын тілінде сөйлеуді, жазуды меңгерді. Тіл үйренуге оның еңбекқорлығы арқау болды.

### АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Билингвистер қандай адамдар?
2. Екі тілде еркін жазатын қандай қазақ жазушысын білесің?
3. М. Әуезовтің қандай шығармасын білесің, қай шығармасын оқыдың?

### АЙТЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Бауыржан Момышұлының «Бір тіл білген адам — бір адам, екі тіл білген — екі адам» деген сөзін топта талдап, дәйектендер. Тұсаукесер дайындаңдар.

Үлгі: Б. Момышұлы: «Бір тіл білген адам — бір адам, екі тіл білген — екі адам», — деген.

Себебі

1. Екі тіл білген адамның табысы көп болады.
2. Екі тіл білген адамның досы көп болады.
3. ...
4. ...

#### Есте сақта!

Қазақстанда қостілді адам өте көп. Олар екі тілде — қазақ және орыс тілдерінде еркін сөйлейді. М. Әуезовтің қостілді болуы шығармаларын қазақ және орыс тілдерінде бірдей жазуына арқау болған. Ұлы жазушы екі тілде бірдей нақышына келтіріп сөйлеген.

## 3-4- сабақ

# Қазақ тілі қандай тіл?

### Жаңа сөздер:

әуезді, өткір, өнегелі, өрнектеген, бойы

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Мәтелді оқып, мағынасын түсіндір.

Тіл қылыштан да өткір.

### АЙТЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. «Галереяны шарлау» ойыны. Қабырғада ілінген суреттерді аралап, бүгінгі сабақтың тақырыбын болжап айтыңдар.

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 3-тапсырма. Топтық жұмыс. «Жүгіріп жүріп, диктант жазу» ойыны. Қабырғада тақырыпқа байланысты орыс тілінде жазылған сөйлемдерді әр топтан шыққан 1 оқушы жүгіріп барып оқып, тобына айтып келеді. Ал топ мүшелері сөйлемді қатесіз жазып алып, қазақ тіліне жылдам аударуы керек. Сонан соң сөйлемнің мағынасын түсіндіріп айтады.

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 4-тапсырма. «Шашылған сөздер» ойыны. Шашылған сөздерден сөйлем құраңдар. Көп сөйлем құраған оқушы жеңімпаз атанады.

тілі

өткір

ғажап

әуезді

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Мәтінді оқы. Қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын анықта.

Қазақ тілі — түркі тілдерінің ішіндегі ең таза, **әуезді** тіл. Қазақ тілінің негізгі лексикалық қорын көне түркі сөздері құрайды. Түрік тілінде араб тілінен енген сөз өте көп екен. Солардың орнын алмастыру үшін түріктер қазақ тілін донор тіл ретінде қолданғылары келеді.

Қазақ тілі — кемел тіл. Қазақ тілі — стильдік тармақтары сараланған, әдеби стильдері қалпына келген, қолдану әлеуеті өте жоғары тіл. Қазақ тілі — өте бай тіл. Қазақ тілінің байлығы лексикалық қоры мен грамматикалық формалардың көптігінен ғана көрінбейді. Мысалы, «Есікті жап» деген сөйлемнің қанша формасы бар екенін көрейік: *есікті жап, есікті жапшы, есікті жабыңызшы, есікті жауып жіберші, есікті жауып шыға қойшы, есікті жаба салсаң болар еді, есікті жауып жіберсеңіз болар еді, есікті жауып жіберсеңіз болар еді*. Бұл форма байлығы сөйлеп тұрған адамның сөйлеушіге деген әртүрлі қарым-қатынасын, эмоциясын, сөйлеуші мен тыңдаушының мәртебесін көрсетеді.

Ең бастысы, қазақ тілінде қазақ халқының жаны, рухы сақталған. «Рух» деген — ақыл. «Ақыл» деген — білім. Қазақ ұлтының ғасырлар бойы жинақтаған білімі мен моральдық этикеттік нормалары, сұлулық пен әділдіктің, жақсылық пен жамандықтың эталоны қазақ тілінде сақталған. Сондай-ақ өмір сүруді, өзін ортада ұстауды үйрететін көп құнды дерек те тілде сақталған. Ұрпаққа **өнегелі** тәрбие берудің жолдарын да тілмен **өрнектеген**.

Академик Рәбиға Сыздықова: «Қанша ғасыр **бойы** қазақ халқы тірі, бар болса, ол — тілінің арқасы», — деген. Қазақ халқының өмір сүрген мемлекеттері, әлеуметтік жағдайы, қазақ ұлтын құраған тайпалар мен рулардың құрамы да өзгеріп отырған. Бірақ тілінен қазақ ешқашан айырылмаған.

А. Фазылжанова

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Мәтіннің 1-ой бөлігін оқып, түркі және түрік сөздерінің қолданылуына назар сал. Сұрақтарға жауап бер.

1. *Түрік* және *түркі* сөздері бір мағына бере ме?
2. Қазақ тілінің негізгі лексикалық қоры қандай сөздерден тұрады?
3. Түріктер қазақ тілін неге донор тіл ретінде қолданғылары келеді?

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Мәтіннің 2-ой бөлігін оқып, «Қазақ тілі — кемел тіл» деген пікірді дәлелдейтін сөйлемдерді теріп жазыңдар.

Үлгі:

«Қазақ тілі — кемел тіл»:

1. қазақ тілінің стильдік тармақтары сараланған;
2. ...
3. ...

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** 3-ой бөлігін қайта оқып, қазақ тілінде сақталған құндылықтарды анықта. Кластерге жаз.



## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Академик Рәбиға Сыздықованың «Қанша ғасыр бойы қазақ халқы тірі, бар болса, ол — тілінің арқасы» деген сөзімен келісетін, келіспейтіндеріңді сұрап, диалог құрыңдар.

Үлгі:

1. Мен академик Рәбиға Сыздықованың сөзімен келісемін. Себебі тілі жоғалмаса, халық жоғалмайды;
2. ...
3. ...

## АЙТЫЛЫМ

### 10-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, диалог құрыңдар.

1. Түркі тілдерінің ішіндегі ең таза әрі әуезді тіл қандай тіл?
2. Қазақ тілі неліктен таза тіл саналады?
3. Түріктер қай тілді донор ретінде қолданғылары келеді? Неліктен?
4. Тілде қандай нормалар мен құндылықтар сақталған?

#### Есте сақта!

Қазақ тілі — түркі тілдерінің ішіндегі ең таза, әуезді тіл. Қазақ тілінде қазақ халқының жаны, рухы сақталған. «Рух» деген — ақыл. «Ақыл» деген — білім. Ұрпаққа өнегелі тәрбие берудің жолдарын да тілмен өрнектеген.

## 5-6- сабақ

# Шешендік сөз өнері

### Жаңа сөздер:

ойшыл, шешен, шешендік, бедерле, зерле, даулы, сөз бостандығы

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Шешен» деген кім?
2. «Шешендік өнер» дегенді қалай түсінесің?
3. Қазақтың шешендері туралы естідің бе?
4. Қалай ойлайсың, қазіргі уақытта шешендер бар ма? Болса, олар кімдер?

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. Жаңа сөздермен сөйлем құрап жаз.

Ойшыл, шешен, даулы, шешендік.

### ТЫҢДАЛЫМ

#### 3-тапсырма. Мәтінді тыңдап, негізгі идеяларды қысқаша жазып отыр. Берілген тапсырмаларды орында:

##### 1. Сұрақтарға жауап бер.

- а. Шешендік сөз ненің жалғасы?
- ә. Шешендік сөз ненің бастауы?




##### 2. Ауыз әдебиеті мен шешендік сөздің ерекшеліктерін «Редактор күнделігіне» жаз.

| Ауыз әдебиетінің ерекшелігі |
|-----------------------------|
| • ...                       |
| • ...                       |

| Шешендік сөздің ерекшелігі |
|----------------------------|
| • ...                      |
| • ...                      |

##### 3. Шешендік сөзде не туралы айтылады? Кластерге жаз.



**4-тапсырма. Мәтінді оқы.**

Ақындық пен **шешендік** — егіз өнер. Әдетте қазақтың ақыны — **шешен**, шешені — ақын. Мысалы, қазақ әдебиетінің классиктері: Бұқар Қалқаманұлы (1668-1781), Махамбет Өтемісұлы (1804-1846) және Абай Құнанбайұлы (1845-1904) — барлығы ақын әрі шешен болған.

Қазақ ақындары мен шешендерінің алғашқы ұстаздары — әкесі мен шешесі, атасы мен әжесі, халық даналары мен **ойшылдары**. Көпті көрген, ұзақ өмір сүрген қазақ қариялары көргендерін, білетіндерін терең оймен **бедерлеп**, әдемі сөзбен **зерлеп**, жастарға үйретіп отырған.

Қазақ жастары қариялардың аттарын ерттеп, бірге жүрген. Данышпан-ойшыл шешендерден өнер-білім үйренген. Оларға әрқашан сәлем беріп, ақыл сұраған, құрметтеген. Осылайша, жастар «халық мектебінен» тәрбие алған.

Шешендік өнердің өзіне тән ерекшеліктері бар. Біріншіден, шешендердің көпшілігі — билер. Билер адамдардың арасындағы **даулы** мәселелерді әділ шешкен. Сондықтан шешендік сөздер — әділдік пен достыққа шақыратын сөздер. Екіншіден, шешендік сөздер әдеби тілді, сөздік қорды дамытты. Шешендік сөздің дамуы үшін еркіндік қажет. Ал қазақ елінде ежелден **сөз бостандығы** болған. Үшіншіден, шешен тапқыр болған. Нағыз шешен зерлі сөзбен қылмысты жазалап, кінәсі жоқ адамды қорғаған.

Абай сөз өнерін өте жақсы білген әрі аса жоғары бағалаған. Халықтың ақындық-шешендік өнерін еркін меңгерген. Абайдың алғашқы ұстаздары — әкесі Құнанбай мен әжесі Зере болды. Құнанбай ел басқарған ақылды әрі шешен адам болған. Ал Зере әжесі Абайды бала кезінен аңыз-әңгіме, ертегілер айтып өсірген. Абай: «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал», — деп өсиет айтқан.

Қазақтың би-шешендері әділ шешім мен зерлі сөздері арқылы халықтың құрметіне бөленген. Сондай-ақ халықтың ең қадірлі қонағы болған.

Б. Адамбаев

**АЙТЫЛЫМ****5-тапсырма. Төмендегі оймен келісетініңді не келіспейтініңді айтып, дәлелде.**

Ақындық пен шешендік — егіз өнер.

Үлгі:

- |                                                                                         |                                                                                           |
|-----------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>1. Мен «ақындық пен шешендік — егіз өнер» деген сөзбен келісемін.<br/>Себебі ...</p> | <p>2. Мен «ақындық пен шешендік — егіз өнер» деген сөзбен келіспеймін.<br/>Себебі ...</p> |
|-----------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------|


## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақ ақындары мен шешендерінің алғашқы ұстаздары кімдер болды?
2. Көпті көрген қазақ қариялары жастарға нені үйреткен?
3. Қазақ жастары қайдан, қалай тәрбие алғанын мәтіннен тауып оқы.

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Шешендік өнердің өзіне тән ерекшеліктерін кластерге жаз.



## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Мәтіннен ақын әрі шешен Абай туралы жазылған үзіндіні тауып оқыңдар. Үзінді бойынша бірнеше сұрақ құрастырып, басқа топтан жауап алыңдар.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Мәтінді оқып, «Борт журналын» толтыр.

Қазақ халқының тарихында би-шешен көп болған. Олар: Жиренше шешен, Сырым Датұлы, Қазыбек би, Төле би, Әйтеке би, Малайсары би және басқа да би-шешендер. Би-шешендер адамдар арасындағы даулы мәселелерді бір ауыз сөзбен әділ шешкен. Ежелгі қазақтың би-шешендері бүгінгі соттың қызметін атқарған. Олар сөзге шешен, қиын мәселелерді зерлі сөзбен шешетін тапқыр болған.

| Борт журналы                                                                                                      |                                                          |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------|
| Тақырып бойынша бұрыннан білетінім:                                                                               | Мәтіннен білгенім:                                       |
| Үлгі:<br>Мәтінді оқығанға дейін мен осы тақырып бойынша қазақ шешендерінің алғашқы ұстаздары кім болғанын білдім. | Үлгі:<br>Қазақ халқында би-шешеннің көп болғанын білдім. |

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Мәтінге жоспар құр. Жоспар бойынша мазмұнын айт.

### Есте сақта!

Ақындық пен шешендік — егіз өнер. Қазақ шешендерінің алғашқы ұстаздары — әкесі мен шешесі, атасы мен әжесі, халық даналары мен ойшылдары. Қариялар білетіндерін әдемі сөзбен зерлеп, жастарға үйретіп отырған. Қазақ елінде ежелден сөз бостандығы болған.

## 7-8- сабақ

# Қазақ поэзиясының сұлу сарайы. Ілияс Жансүгіров

### МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

#### Жаңа сөздер:

құштарландым, әсер етті, сергектік, торында қалдым

### ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

Қазақтың ұлы ақыны Ілияс Жансүгіров 1894 жылы Алматы облысы Ақсу ауданында дүниеге келген. 1937-38 жылдары қазақтың зиялы ұлт қайраткерлеріне жала жабылып, қуғын-сүргінге ұшырады. Ілияс Жансүгіровке де жала жабылды. 1938 жылдың 26 ақпанында КСРО Жоғары сотының Әскери коллегиясы Ілияс Жансүгіровті ату жазасына кесті. Өнерді сүйген, өнерді жырлаған қазақтың ұлы ақыны Ілияс 44 жыл ғана өмір сүрді.



(1894-1938)

Талдықорған қаласындағы Жетісу мемлекеттік университетіне І. Жансүгіровтің есімі берілді. Университетте мыңдаған жас білім алуда. 1994 жылы университеттің алаңына ақынның қоладан құйылған ескерткіші орнатылды. Талдықорғанда ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған әдеби-мемориалдық мұражай жұмыс істейді.


1. І. Жансүгіровтің есімімен таныссың ба?
2. Ақынның қандай шығармаларын білесің?
3. Мәтінді оқыған соң І. Жансүгіров туралы не білдің?

### ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ


#### 2-тапсырма. Мәтінді тыңдап, негізгі ақпаратты қысқаша жазып отыр.

Сұрақтарға жауап беріп, кластерді толтыр.

1. Ілияс Жансүгіров кім?



## 2. Ақынның шығармаларын қандай салаларға бөлуге болады?



## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ

### 3-тапсырма. Мәтінді оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын сөздіктің көмегімен анықта.

#### ӨМІРБАЯНЫМ

Менің өскен жерім — Жоңғар Алатауынан аққан, Балқашқа құятын Ақсу өзенінің бойы, Жетісу губерниясы Талдықорған үйезі Ақсу болысы.

Жансүгір... — әкем. Көзі тірі. Жылы — жылан. Биыл 71-де. Менің жылымды «жылқы» дейді. Онысы 1894 жыл болады. Жазға қарай туыппын. Анамды аз білем, 4 жасымда жетім қалдым.

Әкем әріп үйретті. Одан кейін 1912 жылғы күзде Қыли мектебіне бардым. Оның сабағы — құран, оқу, жазу, есеп. Онан кейін оқи алмадым. Егін егіп, мал бақтым.

Шешендік сөздер, әңгіме, ертегілер, өлеңдер тыңдағанды ұнатамын. Әріп таныған соң кітапты көп оқитын болдым. «Қыз Жібек» жырын қызығып оқушы едім.

1914 жылы «Қазақ» деген газеттің бір нөмірін көрдім. Онда «Қазақтың бас ақыны» деген Абай туралы мақала болды. «Абай» дегенді алғаш естігенім сол. Кітабын қолыма түсіруге **құштарландым**. Семейдегі досыма: «Абайдың кітабын тауып бер!» — деп жалындым. 1916 жылы ол Абайдың кітабын тауып берді. Оны 1 теңгеге сатып алдым.

Абай қатты **әсер етті**. Ойым ояна бастады. Қайта-қайта оқи беретін болдым. Өзімде біртүрлі **сергектік**, сілкініс, жүрегімде жаңалық сездім. Жазуға талабым оянды. Келсе де, келмесе де өмірді өлең қыла бастадым. Абайдың **торында қалдым**. Сол қыста бірталай ұсақ өлеңдер жаздым. Оның атын «Балдырған» қойдым. Тіпті Абайдың орыстан аударған мысалдарын да өлең қылдым. Мәселен, «Бұлбұл мен есек» деген өлеңімнің бір кесегі әлі есімде:

Салды бұлбұл енді әнге.  
Құйқылжытқан келді әнге.  
Тау менен тас мұңданып,  
Арғы мен салды бергі әнге.  
Ағаш, тоғай қуанып,

Әкетті ерітіп жерді әнге.  
Жан-жануар таңырқап,  
Тамсандырды елді әнге.  
Тоқсан толғап қайырып,  
Тоқтады барып әреңге...

Міне, Абаймен алғашқы танысқаным, Абайдың маған еткен әсері.

Илияс Жансүгіров

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Ақын өзінің туған жері мен ата-анасын қалай сипаттағанын тауып оқып, үшінші жақта баянда.

## ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Ақын сипаттағандай туған жеріңді, жылыңды, ата-анаңды сипаттап монолог құрастыр.

Менің өскен жерім — Жоңғар Алатауынан аққан, Балқашқа құятын Ақсу өзенінің бойы, Жетісу губерниясы Талдықорған үйезі Ақсу болысы.

Жансүгір... — әкем. Жылы — жылан. Биыл 71-де. Менің жылымды «жылқы» дейді. Онысы 1894 жыл болады. Жазға қарай туыппын. Анам ... .

Үлгі:

Менің өскен жерім — Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданындағы Төрткөл ауылы.

## ЖАЗЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Берілген сөздерді қатыстырып, сөйлем құра.

Құштарландым, әсер етті, сергектік, торында қалдым.


## АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** «Өмірбаяным» мәтінін қайталап оқып, сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтін қандай стильде жазылған?
2. Ақын сөзін кімдерге арнаған?
3. І. Жансүгіровтің жазбасындағы негізгі ой қандай?

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Ақынның нені тыңдағанды ұнататынын тауып, кластерге жаз.



## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

### ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Мәтіннен І. Жансүгіровтің Абайды қалай танып-білгені туралы бөлігін тауып, 5-6 сұрақ құрастырыңдар. Диалог құрыңдар.

### ЖАЗЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Қою қаріппен берілген сөздердің орнына жақша ішіндегі синонимдік қатардан мағынасы сәйкес келетін сөзді таңдап жаз.

Жазуға талабым (ықыласым, ынтам) оянды. Келсе де, келмесе де өмірді өлең қыла (өлең жаза, өлең ете) бастадым. Абайдың торында (ырқында, қармағында) қалдым.

### АЙТЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. І. Жансүгіров алғаш рет Абай туралы қайдан білген?
2. Ұлы Абай Ілиясқа қалай әсер еткен?
3. Абаймен танысқан соң Ілияста қандай өзгеріс пайда болған?
4. Өзің оқыған соң торында қалған шығарма бар ма?
5. Сен қандай кезде сергек жүресің?
6. Сенің талабыңды не оята алады?

#### Есте сақта!

Абай Ілияс Жансүгіровке қатты әсер етті.  
Сергектік пайда болды. Жазуға талабы оянды.  
Ілияс Абайдың торында қалды.

9-10-  
сабақ

# Ілияс Жансүгіров «Күй» поэмасы (үзінді)

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС



Жаңа сөздер:

шытырман, маңғаз, боталайды,  
қағида, көркемсөз

## ТЫҢДАЛЫМ

**1-тапсырма.** <https://www.youtube.com> арнасынан «Отырар сазы» оркестрінің ойнауындағы «Бозінген» күйін тыңдап, қандай сезімде болғаныңды айт.

## ОҚЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Мәтінді оқып, қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықтаңдар. Мәтінге жоспар құрыңдар. Жоспар бойынша мазмұнын айтыңдар.

Ілияс Жансүгіров «Күй» поэмасын 1929 жылы жазды. Бұл — ақынның өнер тақырыбындағы алғашқы поэмасы. Поэманың сюжеті бар. Поэманың сюжеті халық арасындағы «Бозінген» аңызына негізделген. Поэманың кейіпкері — қобызшы Молықбай шал. Поэмада ақын қобызшы Молықбай шалдың айтқаны ретінде аңызды әңгімелеп береді. Баяғыда Сыр өзенінің бойында «Бағлан» деген бай болыпты. Оның **маңғаз** боз інгені болады. Бір күні боз інген **боталайды**. Ұрылар ботаны ұрлап, боз інгенді керуенге сатып жібереді. Боз інген ботасын іздеп, зарлайды. Молықбай қобызшы күй арқылы боз інгеннің зарын шебер жеткізеді.

Ақын Молықбай шалдың өнері арқылы халықтың өнерін көрсетеді. Халық арасындағы ғажайып өнерді жырлайды. Өнердің құдіретін, эстетикалық күшін танытуды мақсат еткен. Ілияс Жансүгіровтің поэманы жазудағы негізгі **қағидасы** — өнердің құдіретін көркем сөзбен жеткізу болды. Ақын сол мақсатына жеткен.

## ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, көп нүктенің орнына қажет сөзді жаз.

1. Жетісудың ... күйші ақыны — Молықбай Байсақұлы 1857 жылы туған.
2. 1927 жылы І. Жансүгіров пен М. Әуезов қобызшы Молықбайды арнайы ... .
3. Содан кейін І. Жансүгіров ... поэмасын жазды.



## ОҚЫЛЫМ

**4-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.**

*І. Жансүгіров қобызшы Молықбай шалдың бейнесін былай суреттейді:*

Қобызшы — Молықбай шал Матайдағы,  
Матайда Кенже, Тұңғат Сақайдағы.  
Қазақта қобызшының қалғаны сол,  
Жорға еді маймаңдаған бақайшағы.  
Жар қабақ, сида, арсақай, сар шұбар шал,  
Жарықшақ, үні тозған, қаңсыған шал.

\*\*\*

*Ілияс қобызшының өнерін, қобызда тартылған күйді үлкен шеберлікпен сипаттайды:*

Қобызшы ол «Ақ көбікті» аңыратқан,  
Боздатып «Бозінгенді» күңіrentкен.  
Қобызшы ол «Көк көбекті» күрілдеткен,  
«Дүлдүлін Ер Әлінің» дүрілдеткен.  
«Онсан мен Ормамбеттің айырылғанын»,  
Жыласқан ноғай-қазақ күйін шерткен.  
Қобызшы ол Қорамжанның күйін тартқан,  
Зарлы қыл қыр қиялын қиындатқан.  
Қалыпты қолда қоңыр көне қобыз,  
О баста сырмайлатқан, күміс шапқан.

\*\*\*

*Қобызбен тартылған күйдің құдіретін ақын былай суреттейді:*

Бас бұрап, төрт түкіріп, толғап тоғыз,  
Қозғалар құлақ күйден жосып қобыз.  
Көтерген көк түндігін күй өрнегі  
Құлатып асқарда ағын, мәңгіде мұз.  
Ызғыған ызғырық күн, құлдырап қыл,  
Алатау, әсем бұлақ сылдырап тұр.  
Қиқылдап қырда қызғыш, көлде қаз-қу,  
Қыңқылдап таңдай қаққан талда бұлбұл.  
... Кейде күй талмаураған, толықсыған,  
Кейде өжет, кейде долы, албытсынған.  
Кейде паң, кейде дарқан, кейде сергек,  
Шаршы өрге кейде шапшып, шауып тынған.

## ОҚЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Поэмада ақын Молықбай шалдың бейнесін қандай сөздермен бейнелегенін тауып оқы.

Мысалы: жар қабақ, ...

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Поэманың үзіндісінде тағы қандай күйлер аталады? Мәтіннен тауып айт.

Мысалы: «Бозінген», ...

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Ақын қобызшының күй тартқанын қандай сөздермен сипаттағанын тауып оқы. Ол сөздердің мағынасын сөздікпен жұмыс істей отырып анықта. Сыныпта түсіндір.

Үлгі: Қобызшы ол «Ақ көбікті» *ақыратқан*.

Ақыратқан — шырқаған, тамылжитқан, күңгіренткен және т.б.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Илияс Жансүгіров күйдің құдіретін қалай суреттегенін, неге теңегенін тауып оқы. Түсінгеніңді айт.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Ақынның күйді қалай сипаттағанын дәйектеңдер.

| № | Ақынның күйді сипаттауы | Дәйектеу |
|---|-------------------------|----------|
| 1 | Күй кейде өжет,         |          |
| 2 | Күй кейде долы,         |          |
| 3 | Күй кейде албытсынған,  |          |
| 4 | Күй кейде паң,          |          |
| 5 | Күй кейде дарқан,       |          |
| 6 | Күй кейде серген.       |          |

### Есте сақта!

I. Жансүгіров халық арасындағы ғажайып өнерді жырлайды. Өнердің құдіретін, эстетикалық күшін танытуды мақсат еткен.

## Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 3-тапсырма. Ілияс Жансүгіровтің өлеңдерін орыс тіліне аударған ақын

**Всеволод Рождественскийдің пікірін оқып, ойды дәйекте. Ақынның табиғаттың сұлулығын жырлаған бір өлеңін тауып, сыныпта оқы.**

Ілияс Жансүгіров — халық аңыз-әпсаналарының буырқанған қайнар көзінен қуат алған ақын. Қаламгердің терең тынысты, танымдық шығармалары туған өлкесінің ғажайып сұлулығын танытады. Жетісу өлкесін жырлағанда тау өзендерінің лебін, қарлы мұзарттардың ұлылығын, тұнып тұрған табиғаттың шетсіз-шексіз жаратылысын паш етеді.

## АЙТЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. І. Жансүгіров қандай ақын?
2. Ақынның «Күй» поэмасының жазылу тарихы қандай?
3. «Бозінген» аңызы не туралы?
4. «Күй» поэмасының негізгі идеясы қандай?

## Жұмыс және табыс

## ОҚУШЫ, СЕН ОСЫ ТАРАУДА:

- мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазу (конспектілеу), берілген ақпараттарды жүйелеу;
- көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдап, салыстыру, өз ойыңды логикалық тұрғыдан дұрыс, дәйекті әрі айқын жеткізу;
- кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажет ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтау, олардың қолданылу мақсатын талдау;
- әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау;
- ғылыми және публицистикалық стильдердегі мәтіндердің (үндеу) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық, тілдік ерекшеліктерін талдау;
- әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға беріп, әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыру;
- ғылыми және публицистикалық стильдердің жанрлық, стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, үндеу жазу;
- тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажет негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтау, дереккөздерге сілтеме көрсетіп, таныстыру (тірек-схема, менталды карта, презентация);
- қажет ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп, эссе жазу (дискуссивті эссе);
- мәтін құрауда сан есімнің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай қолдану **дағдыларыңды жетілдіресің.**

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

- 1-тапсырма.** Сабақ тақырыбы бойынша табыс арқылы адамға қандай игіліктер келетінін жазып, диаграмманы толықтыр.



## Жаңа сөздер:



асыра, асыраушы, қоғам, өтіл, түйіндеме, қызметкер

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** «Атаулар туралы үш сұрақ». Сызбадағы терминдерді жаз.

Мағынасын анықта. Оларға қатысты сұрақтарға жауап бер:

1. **Қайда?** Бұл терминдер саған таныс па? Қайда кездестірдің?
2. **Қалай?** Өз тәжірибеңде осы терминді қалай қолдандың?
3. **Қандай?** Қалай ойлайсың, сабақта бұл терминдер қандай мақсатта қолданылуы мүмкін?



## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Берілген сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендіріп, сөйлем құрап жаз. Қою қаріппен жазылған сөздердің синонимін тап.

Жұмыс – **жеке тұлғаның** қызметке тұру үшін өзі туралы ақпараттарды жазып, алдын ала жолдайтын **ісқағазының** бір түрі

Табыс – адамдардың өмірі үшін қажетті материалдық, рухани және басқа да **құндылықтар** жасауға бағытталған **қызметі**

Өтіл – белгілі бір **мекемеде** ресми түрде жұмыс жасайтын адам

Түйіндеме – адамдардың белгілі бір уақытта алатын ақшасы, **дұрыс** өмір сүру үшін жұмсайтын қоры

Қызметкер – **маманның** мемлекеттік мекемеде жұмыс істеген **мерзімі**

## ТЫҢДАЛЫМ

**4-тапсырма.** Мәтінді тыңда.



## ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** «Түртіп алу» тәсілімен мәтінде айтылған негізгі ақпараттар бойынша кестені толтыр.

| Тірек ұғымдар   | Негізгі ақпараттар |
|-----------------|--------------------|
| Табыс           |                    |
| Жұмыс пен табыс |                    |
| Табыс түрлері   |                    |

## АЙТЫЛЫМ


**6-тапсырма.** Тыңдалған мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтінге қандай тақырып қояр едің?
2. Табыс немен байланысты?
3. Табыстың қандай түрлері бар?

## ТІЛДІК БАҒДАР

Сан есім — заттың санын, мөлшерін, ретін білдіретін сөз табы. Сан есім құрамына, жасалу жолына және мағынасына қарай бөлінеді.

Сан есімдер заттың санын анықтау дәрежесіне қарай мағыналық жағынан *есептік, реттік, жинақтық, топтау, бөлшектік, болжалдық* болып бөлінеді.



## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ

#### 7-тапсырма. Мәтінді оқы.

#### Жұмыс және табыс

Жұмыс — адамның кәмелет жасына толғаннан бастап қоғамның әртүрлі саласында арнайы еңбек түрінде орындалатын әрекеті. Жұмыс орындалу ерекшелігіне қарай *қара жұмыс* және *ой жұмысы* болып бөлінеді. Қара жұмыс — дене еңбегі арқылы орындалатын жұмыс. Оған шахталар мен мұнай-газ кенорындарында, ауылшаруашылықта, ауыр және жеңіл өнеркәсіп салаларында, сауда орындарындағы адамдардың жұмысы жатады. Ал ой еңбегі ғылыми және шығармашылық, өнертапқыштық бағыттарда жұмыс жасайтын адамдарға тән. Жоғары немесе арнайы оқу орындарында білім алған мамандар елдің саяси, экономикалық салалары мен өнер, ғылыми мекемелерінде, білім ордаларында қызмет жасайды. Өз қызметтерінің ерекшелігіне орай түрлі бағытта зерттеулер жүргізеді.

Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі.

Жұмыс табыстың негізгі көзі саналады. Жұмыс түрі мен кәсіп салаларына, мамандықтарына байланысты ғана емес, гендерлік тұрғыдан, яғни жынысына қарай да мамандардың табыс деңгейі әртүрлі болады. Зерттеушілер табыс табуда ерлер мен әйелдердің мамандық айырмашылықтарының үш негізгі себебі барын айтады. Д. Бринкерхоф «Әлеуметтану» деп аталатын кітабында бұларды төмендегідей жіктейді:

1. Гендерлік кәсіптер. Көптеген кәсіп әлі күнге дейін «әйел жұмысы», «ерлер жұмысы» болып бөлінеді. Мысалы, құрылыс ерлерге ғана тән, ал бастауыш сынып мұғалімі болу — (99,5 пайыз) «әйелдің жұмысы» саналады. «Әйел жұмысы» салаларында ерлердің үлес салмағы 0,5-1 пайызға жуық болады. Себебі онда жалақы төмен, табыс көзі аз не жоқ. Онымен балашағасын асырау қиын.

2. Әртүрлі біліктілік. Біліктілік бойынша айырмашылығы аз болғанмен, табысы мол жерлерге ер адамдар көбірек алынады. Ерлер отбасын асыраушы саналады. Олардың жұмысқа қабылдануы оңай. Себебі әйелдердің отбасын құрып, балалы болуына байланысты, бала күтіміне байланысты демалыстан кейін жұмысқа қайта шығуына сенім аз болады. Сол себептен өтілі жеткілікті болса да, әйелдерді басшылық қызметке де көп ұсына бермейді.

3. Дискриминация. Кәсіпорын басшылары, яғни жұмыс берушілер балалы әйелдерден гөрі ерлерді жұмысқа алуды тиімдірек көреді. Олар үшін үміткердің түйіндемесін қарағанда да қызметкердің жынысы маңызды фактор болады.

Кейбір жұмыстар қоғамда тек ерлер атқаратын жұмыс саналады да, оларға төленетін қаржы мөлшері жоғары болады», — деп жазады.

Жұмыс пен табысқа байланысты мұндай жағдай барлық елде, соның ішінде Қазақстанда да кездесетіні жасырын емес.

## ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Мәтін бойынша негізгі ақпараттарды жаз. Мәтінде кездескен сан есімдерді тап. Олардың мағыналық түрлерін ажырат.

## АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Жазбаларың бойынша парталас досыңмен сұрақ-жауап тәсілімен пікірлес. Диалогте сан есімдерді қолданыңдар.

## АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Мәтіндегі жұмыс түрлері мен табысқа байланысты айтылған пікірлермен келісетініңді не келіспейтініңді айтып, ойыңды дәлелде.

| Жұмыстың түрлерін бөлудегі |                   |           |            |               |                   |                           |                     |
|----------------------------|-------------------|-----------|------------|---------------|-------------------|---------------------------|---------------------|
| «Әйелдің жұмысы»           | «Ерлердің жұмысы» | Табысы аз | Табысы көп | Дискриминация | Гендерліктің рөлі | Әйелдерге сенімнің аздығы | Ерлерді артық санау |
| келісемін/келіспеймін      |                   |           |            |               |                   |                           |                     |
| Себебі ... ..              |                   |           |            |               |                   |                           |                     |

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

### ЖАЗЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Жұптық жұмыс. «Редактор» ойыны. Екі оқушы бір мезгілде тыныс белгілердің қойылуына, сөйлем басында бас әріптің, сан есімдердің жазылуына, жазу сауаттылығы ережелерінің сақталуына, стиліне мән беріп, төмендегі мәтінді редакциялайды. Соңында мәтіндерін алмастырып, бірін-бірі тексереді.

2018 жылының 15 қаңтарын бастап Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі еңбек нарығының бір ыңғай ақпараттық базасы «Электрондық еңбек биржасы» іске қосқан. ол жерде жұмыс берушілерге бос жұмыс орындарын ұсынудың жаңа тәртіп енгізілген. Еңбек нарығының қатысушыларына 75, 5 % жұмыспен қамту агенттіктері мен онлайн-алаңдар қолжетімді. Жұмыспен қамту орталықтары бармай-ақ жұмыс іздеуге болады.

Пайдаланушылардың 90% аса бөлігі сайтқа мобильді құрылғыларынан, сонымен қатар дербес компьютерден кіре алады.

### ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**12-тапсырма.** «Пирамида» тәсілі. Тыңдалған және оқылған мәтіндердің мазмұнын «жеке — жұп — топ — сынып» жүйесімен талдаңдар. Зерттеушілердің жұмыс пен табысқа қатысты пікіріне назар аударыңдар. Сан есімнің мағыналық түрлерін қолданыңдар.

## ОЙТАРАЗЫ

### ЖАЗЫЛЫМ

**13-тапсырма.** «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жазыңыз.

**Бас бармақ — басты мәселе.** Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

**Балаң үйрек — бірлесу.** Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім?

**Ортан терек — ойлану.** Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

**Шылдыр шүмек — шынайылық.** Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

**Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы.** Сабақта өзімді қалай сезіндім?

### Есте сақта!

Қалыптасқан ұғым бойынша, ерлер отбасын асырауы тиіс. Ерлерді жұмысқа алғанда да, жалақы мөлшерін белгілегенде де олардың асыраушы екені ескеріледі. Қызметкерлерді жұмысқа алғанда түйіндемесіндегі еңбек өтілі мен кәсіби біліктілігі ескерілуі керек.

3-4-  
сабақ

# Жұмыс табу — мәселе

## Жаңа сөздер:

жалдан, жұмыскер, жұмысшы,  
жұмыссыздық, қысқарту

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** «Ассоциограмма» әдісі. «Әлеуметтану», «жіктеу», «табыс», «өтіл», «жалдану», «қысқарту» дегенде ойыңа не келеді? Пікіріңді жинақтап айт.

### АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Қандай әлеуметтік мәселелерді білесің?
2. Жұмыссыздық әлеуметтік мәселеге жата ма? Неге?
3. Қалай ойлайсың, жұмыссыздық неден пайда болады?
4. Таныстарыңның ішінде жұмыссыздар бар ма?
5. Олар күнкөріске ақшаны қалай табады?


### ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Өз отбасыңдағы табыс көзінің суретін сал. Табыс көзінің неше пайызы қайдан түсетінін ата-анаңмен пікірлесе отырып анықта.

### ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Суретке қара. Қайсысы жұмысшы? Қайсысы жұмыскер? Қайсысы жұмыссыз болуы мүмкін? Жұмыс беруші ше? Кейіпкерлерге ат қой. Олардың әлеуметтік жағдайы, табысы, гендерлік мамандығы мен көңіл күйі туралы сипаттап жаз. Мәтін құрылымының жобасы:

Бұл — .... Ол .... әлеуметтік топқа жатады. Сондықтан көңіл күйі...



## ТЫҢДАЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтінді тыңда.



## ЖАЗЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Тыңдалған мәтін бойынша менталды карта жаса. Барлық әлеуметтік топ қамтылсын. Сан есімдердің мағыналық түрлерін ажырат.

## АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** «Төрт сөйлем» тәсілі. Тыңдалған мәтіндегі ақпарат бойынша пікіріңді дәлелде. Пікіріңді салалас құрмалас сөйлем түрінде құра.

**Бірінші сөйлем:** «Менің ойымша, ...»

**Екінші сөйлем:** «Себебі мен оны «...» деп түсіндіремін».

**Үшінші сөйлем:** «Оны мен «...» сияқты деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

**Төртінші сөйлем:** «Осыған байланысты мен «...» деген шешімге келдім».

## ОҚЫЛЫМ

**8-тапсырма. Мәтінді оқы.**

Қоғамда болатын әлеуметтік-экономикалық теңсіздік мәселесі жаһандық дағдарыспен байланысты. Қазақстан сияқты шикізатты экспорттаушы, дамушы мемлекеттерде нақ осы мәселе белең алуда. Әлеуметтік теңсіздік нарықтық экономика саясатын ұстанып отырған елдерге тән. Әлеуметтік теңсіздік әлеуметтік белсенділіктің қалыптасуына, адам капиталының өсуіне жағдай жасайды. Бірақ ол шамадан 20-30 % асса, қоғамның тұрақты дамуына қауіп төндіреді. Әлеуметтік теңсіздіктің бірден-бір себепкері — жұмыссыздық. Сондықтан ол қоғамдағы әлеуметтік проблемалардың көбеюіне 100% әсер етеді.

Заң бойынша, адамның жұмысы болмаса, жұмыс істеуге қабілеті болғанмен, соңғы төрт апта бойы жұмыс іздеумен жүрсе, ол «жұмыссыз» деп аталады. Жұмыссыздықтың ресми анықтамасына жартылай жұмыссыздар кірмейді. Жартылай жұмыссыздар, яғни жұмыскерлер — бұрын толығымен жұмыс істеп, бұдан кейін жартыкүндік қана жұмыспен қамтылғандар. Жұмыссыздық деңгейі төмен болса, жұмыс берушілер бос орындарға адам табуға мүдделі болады. Жұмыссыздар көп болған сайын жұмыс орны үшін бәсеке туындайды. Бұл — нарық заңы.

Заманауи технологиялардың өсуімен байланысты бұрын-соңды болмаған веб-бағдарламашылар, жүйелерді талдаушылар, iPod техниктері секілді жұмыс орындары көптеп ашылуда. Бірақ сонымен бірге басқа жұмыс орындары қысқартылды. Мысалы, автокөлік өнеркәсібінде роботтар мыңдаған жұмысшының жұмысын атқарады. Азық-түлік дүкендерін компьютерлендіру нәтижесінде тауарларды реттеуші, бағасын қоюшы жұмысшылар қажетсіз болып қалды. Ал кассирлердің 80%-ке жуығы «өзін-өзі тексеру жолымен» алмастырылды.

Жаңа технология да жұмыссыздықтың көбеюіне ықпал етіп отыр. Жұмыс берушілер бейнекамералар арқылы жұмыскердің тәртібі мен жұмысын қатаң қадағалап отырады. Талапқа сай келмегендерді 2-3 күн ішінде қысқарту туралы шешім қабылдайды.

Жаһандану үдерісі де — жұмыссыздардың көбеюіне ықпал ететін маңызды фактор. Себебі шетелден келгендердің ішінен арзан жұмыс күшін тез табатынын білетін жұмыс берушілер оларды жалдауға мүдделі.

Осындай факторлар қоғамдағы жұмыссыздықтың кең таралуына, ал жұмыссыздық әлеуметтік мәселелердің арта түсуіне ықпал етуде.

*«Әлеуметтану» кітабынан*

## ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша күрделі жоспар құрып жаз.**

**Жұмыссыздыққа әкелетін факторлардың үлес салмағын есептеп шығар.**

## АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Мәтінде берілген ақпараттарды «INSERT» оқыту стратегиясы бойынша талда.

| «V» Бұрыннан білемін | «-» Менің ойлағаным қайшы, кереғар | «+» Мен үшін жаңа ақпарат | «?» Келісе алмаймын, білгім келеді |
|----------------------|------------------------------------|---------------------------|------------------------------------|
|                      |                                    |                           |                                    |

## АЙТЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Үзіндіні оқы. «Жаһандану үдерісі — жұмыссыздардың көбеюіне ықпал ететін маңызды фактор» деген пікірмен келісетініңді не келіспейтініңді дәлелдеп, ойыңды ПОПС формуласы бойынша жаз.


Үлгі:

- «Менің ойымша, ... »
- «Себебі мен оны «...» деп түсіндіремін».
- «Оны мен «...» деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».
- «Осыған байланысты мен «...» деген шешімге келдім».

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**12-тапсырма.** Топтық жұмыс.  
«Оймоншақ» әдісімен жұмыссыздықтың тууына әкелетін факторлардың тізбегін жазыңдар. Оны мәтін түрінде айтыңдар. Сөздеріңде сан есімнің мағыналық түрлерін қолданыңдар.

Үлгі:



## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

### ЖАЗЫЛЫМ

**13-тапсырма.** Жұмыссыздықтан туындайтын әлеуметтік мәселелердің тізбесін сызба түрінде рәсімдеп көрсет. Тізбеде жаңа сөздер (*қысқарту, жұмыскер, жұмысшы, жұмыссыздық, өтіл, қоғам* және т.б.) қамтылсын.

### АЙТЫЛЫМ-полилог

**14-тапсырма.** «Біздің аймақтағы жұмыссыздық мәселелері» тақырыбында ойталқы өткізіндер. *Ойталқы өткізу үшін*

- талқыланатын мәселелерді бірлесіп анықтап алыңдар;
- дереккөздерді пайдаланып, өз аймағыңдағы жұмыссыздыққа байланысты ақпарат жинаңдар;
- жұмыссыздыққа байланысты ұлы ойшылдардың 3-4 қанатты сөзін жазып алыңдар;
- өз ойларыңды тезис түрінде жазыңдар;
- орталарыңнан жүргізуші сайлаңдар.

## ОЙТАРАЗЫ

### АЙТЫЛЫМ

**15-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екенін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мен ... таңғалдым.

## 5-6- сабақ

# Қоғамның әлеуметтік құрылымы

### МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

#### Жаңа сөздер:

боса, тіркеу, даярла

### АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Бүгінгі сабақтың тақырыбына қатысы болуы немесе болмауы мүмкін сөздер мен сөз тіркестерін анықта. Ойыңды дәлелдеп айт.

- кедейлік
- жұмыссыздық
- өтіл
- меншік иелері
- тіркеу кеңсесі
- қайта даярлау курстары
- демографиялық зерттеулер

### ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Әртүрлі дереккөздерді пайдаланып, әлем картасынан дамыған елдерді белгіле. Солардың ішіндегі жұмыссыздықты азайту жөнінде ақпарат тауып, айт. Сандық мәліметтерді қолдан.

### МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді «Жигсо» әдісімен оқыңдар. Шарты: сынып 4 топқа бірігеді. Топ мүшелері №1, №2, №3, №4 болып белгіленеді. 1-кезеңде топтағы оқушылар мәтінді 4-ке бөліп (№1 1-бөлікті; №2 2-бөлікті; №3 3-бөлікті; №4 4-бөлікті) оқиды; 2-кезеңде әр топтағы балалар нөмірлері бойынша бір топқа бірігеді. Олар өздері оқыған бөліктің мазмұнын, тілдік құралдарды талдайды. Оны өздері білетін өзге де мағлұматтармен

**толықтыруға болады. Нәтижесінде өздері қалаған тәсілмен (тірек сөздер кестесі, кластер, диаграмма, сурет, карта және т.б.) мәтіннің өздеріне тиесілі бөлігінің мазмұнын жинақтайды. 3-кезеңде сынып алдында өздерінің жұмысын қорғайды.**

I. Қазіргі нарықтық экономика жағдайында Қазақстанның әлеуметтік құрылымы бұрын-соңды болмаған күрделі өзгерістерге ұшырап отыр. Егемендік, тәуелсіздік алған уақыттың ішінде республиканың әлеуметтік құрылымында жаңа таптар, топтар, жіктер пайда болды. Олар: бизнесмендер, кәсіпкерлер, фермерлер, банкирлер, алуан түрлі жеке фирмалардың, дүкен, қонақүй, мейрамхана және т.б. мекемелердің иелері. Қоғамдағы белгілі бір әлеуметтік-экономикалық топтар екінші бір топтарға ауысып, өтіп жатыр. Табысқа, экономикалық жағдайға байланысты қоғамда топқа, жікке бөлінушілік күшейе түсуде. Соның нәтижесінде ауқатты, дәулеті орташа, кедей адамдар тобы пайда болды. Қоғам мүшелерінің бұлайша жіктелуіне меншік формасының өзгеруі, нарық қатынастары ықпал етті. Оған демографиялық жағдай, миграция үдерістері, кредиттік қарызды төлеу қабілетінің төмендеуі, жұмыссыздық ерекше әсер етіп отыр.

Қоғамда өмір сүру деңгейіне біліктілік, кәсіби дағдылар да әсер етеді. Ғылыми деректер кәсіби мамандардың өмір сүру деңгейі жұмысшылардан жоғары екенін көрсетеді. Кедей, кедейшілікке жақын отбасылар қордаланған қиыншылықтарды жеңу үшін күш-жігерін салады. Жалақы барлық жерде төмен, ал нарықтың қолайлы сегменттері төменгі санаттағылар үшін жабық.

II. Батыс қоғамында орта және төменгі тап арасындағы шегара — жоғары білім немесе біліктілік. Табыс деңгейі жоғары қызметкердің біліктілігі де жоғары. Жоғары өмір стандарты үшін сапалы тұрғын үй, әртүрлі іс-шара мен демалыс, балалардың білімі, білімін инвестициялау мүмкіндігі қажет. Қазақстан қоғамында да адамдардың өмір сүру деңгейіне біліктілік, кәсіби дағдылар әсер етеді, бірақ олардың әсер ету шамасы азырақ сезіледі. Жоғары таптағы басшылар үшін қымбат заттар — жаңа шетелдік көлік, коттедж, пәтер — маңызды саналады. Өмір сүру деңгейі мамандар деңгейіне қарағанда жоғарырақ тағы бір топ — кәсіпкерлер.

III. Басқарушының билігі көп болған сайын оның құзыреті де көбірек, оның билігі кәсіпорын қызметіне көп әсер етеді. Кәсіпорын активтерінің 50% немесе одан да көбіне ие респонденттер, басқару шешімдеріне максималды ықпал етеді, олардың қатысуынсыз ешқандай шешім қабылданбайды, жұмыстан босамайды. Активтердің 50%-іне кім ие болса, оның мүмкіндіктері зор болады. Меншік иелері олардың жұмысқа тәуелсіздік деңгейін көрсетеді. Олар жалақы мөлшерін, демалыс уақытын, жұмысқа келіп-кету уақытын белгілейді. Қажетіне қарай жұмысшыларының қайта даярлау курстарынан өтуін де шешеді.

Сонымен, менеджерлерді екі типке бөлеміз: «жеке басқарушылар» және «жалдамалы менеджерлер». Басқарудағы негізгі рөлді жалдамалы менеджер атқарады.

IV. Кәсіпорын иесінің мақсаты максималды табысқа жету болғандықтан, табысты

бөлу жалақы қорынан, технологиялық жаңарту есебінен жүзеге асырылады. Осы саясатты жүзеге асыруда кеңестік дәстүр жалдамалы жұмысшыларға төмен жалақы төлеу, оларды көп талап қоймауға үйрету арқылы ықпал етті. Бірақ кеңестік заманда жұмысшының жалақысы толықтай төленбесе де, көп қаражат ауқымды әлеуметтік инфрақұрылымды қолдау үшін тегін медицина, білім беру, мәдениет, спорт саласына жұмсалды. Ал қазіргі жағдайдағы жалдамалы жұмысшылар жоғары жалақы төленетін жаңа орта тапты құрайды. Жоғарыда айтылғандай, мамандардың әлеуметтік тобының өмір сүру деңгейі біркелкі емес. Олардың шамамен үштен бір бөлігі — орта тап, қалғаны — аз қамтылған халық.

*Л. Спанқұловадан*



## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Мәтін мазмұнында кездескен бейтаныс сөздердің мағынасын анықтаңдар. Оларды қатыстырып сөйлем құраңдар.

## ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Оқыған мәтін бойынша күрделі жоспар құрыңдар. Жоспар сұраулы сөйлем түрінде болсын.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтіндегі адамзат қоғамының әлеуметтік жағдайының төмендеуіне әкелетін өзекті мәселелерді жинақтап көрсететін кластер түзіңдер. Сол бойынша мәтін мазмұнын ауызша баяндаңдар.

## ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтіннен сан есімдердің мағыналық түрлерін тауып жаз. Олардың жасалу жолдарын түсіндір.

| Есептік | Реттік | Болжалдық | Бөлшектік | Жинақтық |
|---------|--------|-----------|-----------|----------|
|         |        |           |           |          |

## АЙТЫЛЫМ-диалог

**8-тапсырма.** «Аквариум» тәсілі. Жұптық жұмыс. Мәтін мазмұны бойынша диалог құрыңдар. Жағдаят орнын (үйде, сыныпта, университеттің алдында, көшеде, дәмханада, телестудияда және т.б.), рөлді (оқушы — оқушы; оқушы — ата-ана; достар; оқушы — журналист; шетелдік досың — өзін; маман — оқушы және т.б.) өздерің таңдаңдар. Қай стильде сөйлегендеріңді, қалай сөйлегендеріңді бағалаңдар. Сынып ең үздік диалог иелерін анықтасын.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ-полилог

**9-тапсырма.** «Баспасөз конференциясы» рөлдік ойыны. Бес-бестен топтасыңдар. Қазақстанның әлеуметтік құрылымы мәселелерімен айналысып жүрген бір зерттеушінің еңбектері туралы ақпарат жинаңдар. Жинақталған ақпарат негізінде төртеуің журналист, біреуің зерттеушінің рөлінде сұхбат жүргізіңдер. Сұхбатта қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті азайту мәселесіне басымдылық берілсін. Сұхбатта сан есімнің мағыналық түрлерін қолданыңдар.

## ЖАЗЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Өз туыстарыңның немесе таныстарыңның арасынан кімнің әлеуметтік топтың қай бөлігіне жататынын анықта. Олардың қандай мамандық иелері немесе кәсіптің қай саласымен айналысатынын көрсететін постер жаса.

## ОЙТАРАЗЫ

## ЖАЗЫЛЫМ

**11-тапсырма.** «Қоғамның әлеуметтік құрылымы» тақырыбында өтілген материалдарды «INSERT» оқыту стратегиясы бойынша талдаңдар. Төмендегі белгілермен әр ақпаратты не тапсырманы белгілеңдер. Өз ойларыңды қорытып жазыңдар.

| «V»              | «-»                              | «+»                   | «?»           |
|------------------|----------------------------------|-----------------------|---------------|
| Бұрыннан білемін | Менің ойлағанымға қайшы, кереғар | Мен үшін жаңа ақпарат | Білгім келеді |

### Есте сақта!

Меншік иелері олардың жұмысқа тәуелсіздік деңгейін көрсетеді. Олар жалақы мөлшерін, демалыс уақытын, жұмысқа келіп-кету уақытын белгілейді. Қажетіне қарай жұмысшыларының қайта даярлау курстарынан өтуін де, оларды жұмыстан босату не тіркеуді де шешеді.

## 7-8- сабақ

# Кедейлік неден туады?

### Жаңа сөздер:

кеңсе, кепілдік, мәселен

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Бір қоғамда өмір сүріп жатқан адамдар неге әлеуметтік тұрғыдан теңсіз болады?
2. Біздің қоғамда «бай» немесе «кедей» адамдар бар ма?
3. «Кедей» деп кімді айтуға болады?
4. Кедейлік пен жаһандық мәселелердің арасында қандай байланыс болуы мүмкін?

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. Қоғамдағы әлеуметтік жіктелім көлік түрлерін иемденуге ықпал ете ме? Қалай ойлайсың, мына көліктердің қайсысы қай әлеуметтік топқа тиесілі? Пікіріңді дәлелдеу үшін Қазақстандағы әлеуметтік топ мүшелерінің табыс мөлшері туралы ақпарат жинақта.



## ТЫҢДАЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді тыңда.



## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Тыңдалған мәтін бойынша А. Гутерриш көрсеткен жеті қауіптің ретін анықта.

| Қауіптер                                                                          | Реті |
|-----------------------------------------------------------------------------------|------|
| халықаралық терроризм                                                             |      |
| инновацияның көлеңкелі тұстары                                                    |      |
| ядролық қаруды пайдалану қатері                                                   |      |
| қоғамды жікшілдікке бөлетін теңсіздіктің белең алуы                               |      |
| қарулы қақтығыстардың көбеюі                                                      |      |
| дағдарыс салдарынан босқындар саны артып, оларды қабылдауға қарсы елдердің көбеюі |      |
| климаттың өзгеруі                                                                 |      |

## АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Бас хатшы неге «Жеті қауіптің ең қауіптісі — әлеуметтік теңсіздік» деп санайды? Осы қауіптің кедейлікпен, кедейліктің адамзатқа төнетін қауіппен қандай байланысы бар? Өз ойыңды дәлелдеп айт. Сөзінде сан есімнің мағыналық түрлерін қолдан.

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтінді оқы. Тақырып қой.

Қоғамдағы әрбір әлеуметтік топқа тән тұрмыс-тіршілік сипаты бар. Әлеуметтік топтың ішіндегі ең жағдайы қиындары — **кедейлер**. Олар күнделікті ауыр күйзеліс үстінде болады. Балалары тоя тамақ ішпейді, ата-аналары да аш, балаларына киім алу да олар үшін **мұңға айналады**. Жоқшылықта күн кешетін кедейлер үшін баспана да **кепілдік** бола алмайды. Кедейлік тұрмысы нашар адамдар **шоғырланған** жерлерде көбірек болады. Ондай жерлерде мектептер, қоғамға қызмет көрсету орындары аз болғандықтан, жұмыс жетіспейді. Нәтижесінде жастар жұмыссыз жүруге көндігіп, мұндай жағдайды қалыпты санайды. Сондықтан ондай жерде зорлық, қылмыс, нашақорлық, ішімдік өзекті мәселеге айналады. Ата-аналар балаларын үйге қамап, қастарынан шығармауға тырысады. Бұл қоғамның арақатынас жүйесін **тығырыққа тірейді**.

**Кедейлік сана-сезімді өзгертпесе, ешкім де оны жоюға кепілдік ете алмайды.** Үнемдеу, тұрмыс құру, болашаққа қор жинау, ерінбей еңбек ету тәрізді ізгі мұраттарға

ұмтылу — кедейліктен құтылудың жолы. Зерттеушілер өмірдің қазіргі сәтін ғана ойлап, бір күндік өмір сүрумен шектелуді кедейлік санаға жатқызады. Кейбір кедейлік санадағы адамдар «жұмыс, білім, неке, байлық — байлардың **құндылығы**» деп санайды, оған қарсы мәдениетті ұстанады. Олар сауатсыздық пен жұмыссыздықты кедейлікке ұшырататын себептер емес, керісінше, «кедейліктің **салдары**» деп санайды.

Қоғамда **кедейлік шегінде өмір сүретін топтар** да бар. Олар әдетте мектебі бар, жақсы жерлерде өмір сүреді. Жұмысы, баспанасы бар, тамақтары да жеткілікті. Дегенмен жалақысы жоғары емес, жеңілдіктер аз немесе мүлде жоқ, еңбек қауіпсіздігі төмен. Олар көп ақша жинақтай алмайды. Жұмыстан шығарылса немесе ауырып жұмыстан қалса, шоттарын, кредиттерін төлеу қиынға соғады. Үкімет оларды кедей санамаса да, зерттеушілер олардың жағдайын «өмір сүрудің жеткілікті деңгейінен төмен» деп есептейді. Бұл топқа көбінде **кеңсе** қызметкерлері, білім, ғылым, өнер саласының мамандары, халыққа қызмет көрсету саласындағы адамдар жатады.

Дамыған АҚШ, Канада, Жапония және т.б. **алпауыт** елдермен салыстырғанда, дамушы елдердің арасындағы өмір сүру деңгейі алшақтап барады. Әртүрлі халықаралық ұйымдар әлемдік мәселелерге алаңдайды. Оны шешу жолдарын қарастырады. БҰҰ-ның 2015 жылға дейінгі қабылдаған кедейлікті жою туралы бағдарламасы болды. Көптеген елде кедейлердің саны азайып, орта таптардың саны көбейіп, прогрессивтік ағымдар жүрді, жүріп те жатыр. Бірақ жіктелу деңгейі жылдан жылға артып барады. Бұл жерде екі түрлі себеп бар. Бірі — халықаралық себептер, екіншісі — ішкі себептер.

Әлеуметтік мәселелерді шешудің басты жолы — жастардың білімін көтеру. Бұл бағытта біздің елімізде көптеген іс-шара жүзеге асып жатыр. Соның бірі — жастарға «Болашақ» бағдарламасымен шетелдердің **алдыңғы қатарлы оқу орындарында** білім алуға мүмкіндік беру. Сонымен қатар үлгерімі жақсы тұлелерге мемлекеттік гранттар бөлінеді.

## ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтіндегі қою қаріппен белгіленген сөздердің орыс тіліндегі баламасын тауып, жаз. Мәтіндегі сан есімнің түрлерін ажырат.

## АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Диалог. Мәтін мазмұны бойынша 4 сұрақтан жазып, өзара диалог құрыңдар. Онда тұрақты тіркестерді қолданыңдар.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Мәтін мазмұнына сүйеніп, кедейлер мен кедейлік шегіндегі топтардың жағдайына салыстырмалы талдау жаса. Пікіріңді айт.

## АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Рөлдік ойын. Мәтін мазмұны бойынша зерттеуші мен журналистің сұхбатын көрсетіңдер.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

### ЖАЗЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Топтық жұмыс. Жұмыссыздық пен кедейлік мәселесін жою үшін мемлекет нені шешуі керектігін, қоғам мүшесі ретінде өзің не істеуің керектігін жіктеп жаз.

Мемлекет мынаны шешуі керек.

- ...
- ...

Мен мынаны жасауым керек.

- ...
- ...

## ОЙТАРАЗЫ

### ЖАЗЫЛЫМ

**12-тапсырма.** «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

**Бас бармақ — басты мәселе.** Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

**Балаң үйрек — бірлесу.** Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім?

**Ортан терек — ойлану.** Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

**Шылдыр шүмек — шынайылық.** Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

**Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы.** Сабақта өзімді қалай сезіндім?

### Есте сақта!

Жоқшылықта күн кешетін кедейлер үшін баспана да кепілдік бола алмайды. Кедейлік сана-сезімді өзгертпесе, ешкім де оны жоюға кепілдік бере алмайды. Бұл топқа көбінде кеңсе қызметкерлері, білім, ғылым, өнер саласының мамандары, халыққа қызмет көрсету саласындағы адамдар жатады.

9-10-  
сабақ

# Ы. Алтынсарин «Атымтай Жомарт» әңгімесі

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### ЖАЗЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Елі үшін және тек өз қамы үшін қызмет ететін екі түрлі тұлғаны сипаттайтын диаграмма құрап жаз. Синоним, антоним сөздерді орынды қолдан.

### ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Жомарттық туралы қазақ халқының 3 мақал-мәтелін, орыс халқының 3 мақал-мәтелін жаз. Ондағы ортақ ойлар мен ерекшеліктерді тауып айт.

### ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді оқы. Бүгінгі Ы. Алтынсарин әңгімесінің тақырыбы мен идеясын болжап айт.

Ұлттық прозаның, қысқа әңгіме жанрының іргетасын қалаушы Ыбырай Алтынсариннің әдеби мұрасындағы ең құнарлы, ең жемісті сала — көркем проза. Ыбырай шығармашылық қабілетін ұстаздық қызметіне құрал, көрнекілік ретінде пайдаланған. Оның қысқа сюжетті әңгімелерінің тәрбиелік, тағылымдық сипаты осыған байланысты. Өзі құрастырған оқулықта шығармаларды орналастыруда баланың жас ерекшеліктеріне мән беріп, қабылдау ерекшеліктерін ескеріп, реттілікті сақтаған.

Қысқа, түсінуге жеңіл әңгімелерден бірте-бірте салмақ арттырып, күрделі сюжетті әңгімелерге өтіп, баланың танымдық өрісінің кеңеюіне ықпал етуді көздеген. Әңгімелерінің негізгі тақырыбы: жақсы мінез, адамгершілік, оқу-білім, еңбекті сүю, адамдық парыз бен қарыз.

Ыбырай Алтынсарин «Атымтай Жомарт» әңгімесін ертеден келе жатқан халық аңыздарының желісі бойынша жазған. Мұнда есепсіз бай бола тұрып, күн сайын отын шауып, шөп тасып талап қылатын Атымтай Жомартты еңбек сүйген дана адам кейпінде суреттейді. Атымтай Жомарт болмысы өзіне таңдана сұрақ қоятын таныстарының сұрағына берген жауабынан толық ашылады. Осы арқылы Ыбырай еңбектің мәні мен маңызын ардақтап көрсетеді.

Е. Болатов

## АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Мәтінде айтылған ойды дәйектеген пікір берілген. Осы пікірді бекітетін 4 себеп жазыңдар. Жауаптарыңды басқа жұппен алмастырып, ұқсастықтарын, ерекшеліктерін табыңдар.

Ыбырай Алтынсарин — әрі педагог, әрі қаламгер.

Себебі ...

1. ...  
2. ...

3. ...  
4. ...

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтінді оқы.

Атымтай Жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-құсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып жұмыс қылады екен. Бір күні өзінің жақын, таныстары:

— Жомарт, Құдай бергей дәулетіңіз бар, ашқа тамақ, жалаңашқа киім, үйсіздерге үй болдыңыз. Сөйте тұрып өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мағынасы не? — деп сұрайды. Сонда Жомарт:

— Төрт түрлі себеп бар. Әуелгісі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне бойы әдет етсең, көңілге жел кіргізеді; сол «желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын» деп қорқамын. Екіншісі: бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер үлгі алын деймін. Үшіншісі: күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем ғана, бойыма сол тамақ болып тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен. Төртіншісі: «Құдай тағаламның берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын» деп қорқамын, — дейді.

*Ы. Алтынсарин*



## ЖАЗЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтіндегі бейтаныс сөздерді анықта, олардың синонимдерін жаз.

## АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Мәтін мазмұнын парталас досыңмен қысқаша диалог түрінде көрсетіңдер.

## АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Мәтіндегі жомарт адамның бойындағы болуы тиіс қасиет туралы пікірмен келісетініңді не келіспейтініңді айтып, ойыңды дәлелде.

| Жомарт адамның бойында болуы тиіс қасиет |                |                 |                     |                          |                            |                |                  |
|------------------------------------------|----------------|-----------------|---------------------|--------------------------|----------------------------|----------------|------------------|
| Жәрдем беру                              | Жақсы киім кию | Табысы мол болу | Өзгелерге үлгі болу | Өзі еңбектеніп, мал табу | Дәулетті өзіне ғана жұмсау | Құдайдан қорқу | Мақтан үшін беру |
| Келісемін/Келіспеймін                    |                |                 |                     |                          |                            |                |                  |
| Себебі ... ..                            |                |                 |                     |                          |                            |                |                  |

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

### ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Жомарт адамның қасиеттеріне байланысты пікіріңді «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып, айтыңдар.

**Пікір.** «Жомарт адам» тақырыбы бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

**Дәлел.** Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

**Мысал.** Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.

## ОЙТАРАЗЫ

### ЖАЗЫЛЫМ

**10-тапсырма.** «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап бер.

1. Бүгін не үйрендің?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

#### Есте сақта!

Атымтай Жомарт: Бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер үлгі алсын деймін. Сосын күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем ғана, бойыма сол тамақ болып тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен, — депті.

11-12-  
сабақ

# Қазіргі заманның атымтайлары

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### ЖАЗЫЛЫМ

**1-тапсырма.** «Ассоциограмма» әдісі. Алған біліміңе сүйеніп, «Жомарт» деген сөзге ассоциограмма құрап жаз.




### АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Берілген тірек сөздерді пайдаланып, жомарттың қажеттігі туралы диалог құрыңдар.

Тірек сөздер: *үкімет, ұлтжанды, құрбан, жомарттық, елге қызмет ету, баршылық, мұқтаж, кәріп, алғыс алу.*

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Қазақ меценаттары туралы дереккөздерден ақпарат тап. Олар туралы сызбаны толтыр. Бірінің қайырымдылық шаралары туралы қысқаша айт.



## ТЫҢДАЛЫМ

**4-тапсырма.** Мәтінді тыңда.



## ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Тыңдалым мәтінінде кездескен төмендегі сөздердің мағынасын жаз: көшпенді, өлшеу, қара мал, табын, салт-дәстүр, шаруа, сауын сиыр, қайтарымсыз көмек.

## АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтінде не туралы айтылған?
2. Қазақ даласындағы теңсіздіктің шешілу жолдары туралы қандай зерттеушілер айтқан?
3. Кедейлерге қандай көмек көрсетілген?
4. «Қайтарымсыз көмек» деген не?
5. Тыңдалған мәтінге қандай тақырып қояр едің?

**7-тапсырма. Мәтінді оқы.**

«Бүгінгі меценаттар қайдан шықты?» — десек, ол — ата дәстүрі жалғастығының көрінісі. Өйткені ел басына күн туған шақта, халық аш-жалаңаш күйге түскен кезде біздің елдегі ауқатты, дәулетті адамдар да аянып қалмаған. Мүмкін болғанынша бір елді, бір рулы аймақты қарамағына алып, малмен, отын-сумен қамтамасыз еткен. Қазақ халқына қосарлана айтылатын қасиеттердің бірі — осы жомарттық. Неге? Себебі қазақтың жомарттығы байы тұрмақ, кедейінде де бар. Асылында, «байлық — мұрат емес, жоқтық ұят емес» дейтін қазақ мақалының астарына үңілсең, байлықты мұрат санамаған, оны тек басқаға көмек қолын созатын мүмкіндік есебінде көрген. Меценаттық пен қайырымдылық дәстүрі қазақ жерінде ежелден тараған. Біреулер үшін ол сәнге айналса, енді біреулер үшін өмірдің қалыпты жағдайы ретінде көрінді. Есенқұл Мамановтың сонау 1914 жылы «Айқап» журналында романға бәйгі тігіп, ашық хат жариялауынан қазақтың әдебиет, өнеріне деген қамқорлығын аңғаруға болады. Жәңгір ханның халық ағарту ісіне қосқан үлесі, Құнанбай қажының 1851 жылы салдырған мешіті, хазірет Нұрфайыз Байғарин, Тәбей Барлыбаев, Нұрмұхамет Зәбіров және тағы басқаларының мешіт-медреселері — жомарттық, қамқорлық. Сол арқылы жас қауымның білім алуына зор ықпал жасаған.

Меценат болу — әр адамның қолынан келе бермейтін іс. Ол үшін дәулетті, тапқан табысыңның көлемі біреуге қолдау жасайтындай дәрежеде болуы керек. Қазіргі заманда да мақтанышпен атауға болатын меценаттар баршылық. Меценаттардың елімізде көптеп көрінуі, мемлекеттік экономиканың дамып отырғанының белгісі. Елдің, халықтың жағдайы жақсарған сайын бақуатты азаматтар да шыға бастады. Ең бастысы, меценаттық атақ пен даңққұмарлықтың емес, шынайы жүректен туындаған ықылас болуға тиіс. Қазақтың патриот азаматы ретінде бүгінде жыл сайын өткізілетін «Дарбоз» сынды балалар әдебиетіне арналған сайысқа демеушілік жасап келе жатқан Бауыржан Оспановты ерекше атап өтуге болады. Кешегі уақыттары «Атамұра» корпорациясын басқарған Мұхтар Құл-Мұхаммедтің қазақ өнері мен мәдениетіне көрсеткен қамқорлығы, айтыс өнерін дамытуға қосқан үлесі ерекше. Амангелді Ермағияев, Өмірзақ Сәрсенов, Нұртай Сабильянов сынды азаматтар — қазақ меценаттығының жарқын үлгісі. Әсіресе өнер мен мәдениетке қолдау қажет болған өтпелі кезеңдерде жасаған жомарттықтары халық есінде сақталғаны сөзсіз. Әрине, меценаттар бүгінде де бар. Олардың қатары жыл сайын көбейіп, жаңа есімдермен толыға түсуде.

**ЖАЗЫЛЫМ****8-тапсырма. Мәтін мазмұнына сай күрделі жоспар жаз. Әр тақырыптың аясында қолданылған тірек сөздерді жаз.**

## АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Жоспардың негізінде бір-біріңе сұрақ қойыңдар.

## АЙТЫЛЫМ-полилог

**10-тапсырма.** Рөлдік ойын. Топқа бірігіңдер. Жағдаят: отбасы мүшелері ретінде дастарқан басында отырсыңдар. Мәтін мазмұнындағы ақпараттарды қолданып, қазіргі заман Атымтайлары туралы әңгімелесіңдер. Сөйлеу стиліне тән тілдік ерекшеліктерді сақтаңдар.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Өртүрлі дереккөздердегі ақпараттарды пайдаланып, «Қазіргі заманның Атымтайы» тақырыбында бір меценат туралы постер құра. Жұмысыңды таныстыр. Онда сәлемдесуге, танысуға, өтініш айтуға байланысты этикет сөздерді қолдан.

## АЙТЫЛЫМ-полилог

**12-тапсырма.** «Оймоншақ» әдісі. Сынып төрт топқа бірігеді. Ортаға қазіргі заман Атымтай Жомарттарының бірнеше суреті төңкеріліп тасталады. Топ басшысы солардың ішінен бірін таңдап алады. Топ сурет бойынша мәтін құрайды. Мәтінге ат қояды. Ең мағыналы, жүйелі, дұрыс, сауатты құрылған мәтін иелері «жеңімпаз» атанады.

## ОЙТАРАЗЫ

## ЖАЗЫЛЫМ

**13-тапсырма.** «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

**Бас бармақ — басты мәселе.** Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

**Балаң үйрек — бірлесу.** Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?

**Ортан терек — ойлану.** Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?

**Шылдыр шүмек — шынайылық.** Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

**Кішкене бөбек — көңіл күй ахуалы.** Сабақта өзімді қалай сезіндім?

## 13-14- сабақ

# Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

### ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтін мазмұны бойынша бизнесмендердің жіктелуін сызба түрінде рәсімдеп жаз. Оны түсіндір.

Академик К. Сағадиевтің пікірі бойынша, Қазақстан Республикасындағы бизнесмендерді 4 топқа жіктеуге болады.

1-топқа номенклатуралық бизнес жатады, яғни бизнесмендердің бұл тобы өздерінің жоғары билікпен байланыстарын пайдаланып, мемлекеттік несиелер алудың арқасында байлыққа, меншікке ие болған;

2-топқа табиғатынан бизнеске жақын адамдар жатады. Олардың бизнесі өздері жинақтаған қорларының, сауда-саттық негізінде қалыптасқан;

3-топқа кәсіби бизнестің өкілдері жатады. Бұлар өз күшімен қажымай-талмай еңбектену нәтижесінде қалыптасқан бизнесті негізгі кәсіпке айналдырған адамдар;

4-топқа жаппай бизнес жатады. Бұл топтағы адамдар қолда бар кез келген мүмкіндікті бизнес жасауға пайдаланады. Бұл топтағы адамдардың капиталы болмауы бизнесте көптеген қиындық тудырып отыр. Соған байланысты олардың табыс көлемі де айтарлықтай емес.

### АЙТЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. «Блиц-интервью» әдісі. Жағдаят: бүгін — «Қайырымдылық күні». Қазақ меценаттарының бірінен сұхбат ал. Сұрақтарың қысқа әрі нұсқа болсын. Сынып ең үздік сұрақтар мен жауаптарды анықтасын.

### АЙТЫЛЫМ

#### 3-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Қазақстанның әлеуметтік мәселелері» тақырыбында тұсаукесер жаса. Тұсаукесерде нақты статистикалық мәліметтерді қолдан. Ғылыми-зерттеу жұмысымен танысыңдар. Тұсаукесер мәдениетіне сай ауызша қорғаңдар.

## ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** «Дербес пікір» тәсілі. Өтілген тақырыпқа қатысты пікіріңді салалас құрмалас сөйлем түрінде жаз. Сан есім түрлерін қолдан.

1. Өзіндік пікір (идея) — бір сөйлем.
2. Дәлел — екі сөйлем.
3. Өз пікіріңді дәлелдейтін мысал — екі сөйлем.
4. Өз пікіріңе қарсы пікір — бір сөйлем.
5. Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал — екі сөйлем.
6. Қорытынды — екі сөйлем.

## АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Топтық жұмыс. «Армандаушы. Жүзеге асырушы. Сыншы» шығармашылық ойыны. Әр топ болашақта Қазақстандағы жұмыссыздықты жоюға қатысты іс-шараларды ойлап табу керек. Берілген сұрақтар төңірегінде өз ойларын жинақтап айтады.

| Қатысушылар    | Сұрақтары                                                                                                                                                                                  | Жауаптары                                                                                                                        |
|----------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Армандаушы     | Еліміздегі жұмыссыздықты қалай шешуге болады?                                                                                                                                              | 1. Мақсаты ...<br>2. Біз ... ұтамыз, қол жеткіземіз.                                                                             |
| Жүзеге асырушы | Елдегі жұмыссыздықты шешудің нақты қадамдары неден басталуы керек?<br>1. Бұларды қашан және қалай жүзеге асырамыз?<br>2. Мақсатқа жеткенімізді қалай білеміз?                              | 1. Мақсатқа ... уақыттан кейін ... жетеміз.<br>2. ... мақсатқа жеткенімізді түсінеміз.                                           |
| Сыншы          | 1. Бұл жаңа идея кімдерге қатысты? Оны кім жасайды? Кімдер тиімділігін жоққа шығарады?<br>2. Бұл идеяның қандай тиімді жақтары бар?<br>3. Бұл жаңалыққа, идеяға кімдер қарсы шығуы мүмкін? | 1. Бұл идеяға қатысы бар адамдар ...<br>2. Идеяның мынадай тиімді тұстары бар ....<br>3. Егер ... , біреулер қарсы шығуы мүмкін. |

## АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** «Ойшыл қалпақтар» рөлдік ойыны. Тақырып: «Жұмыссыздық — әлеуметтік мәселе».

| Қалпақтар                                                                         | Қалпақтардың қызметі                                    | Сұрақтары                                           |
|-----------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|
|  | Қоғамдағы жұмыссыздық туралы айтады.                    | Жұмыссыздық туралы не білесің?                      |
|  | Жұмыссыздықтың туу себептерін айтады.                   | Оның қандай себептері бар?                          |
|  | Жұмыссыздықтың зардаптарын айтады.                      | Қандай зардаптары болуы мүмкін?                     |
|  | Жұмыс, табыс туралы қанатты сөздерді айтады.            | Жұмыссыз қалмау үшін маманға не қажет?              |
|  | Айтылған пікірлерге қатысты эмоциясын білдіреді.        | Осы мәселеге қалай қарайсың?                        |
|  | Бақылап, қорыту: айтылған ойларды сараптайды, талдайды. | Айтылған ойлардан қандай қорытынды шығаруға болады? |

## Ұлы даланың жеті қыры

## ОҚУШЫ, СЕН ОСЫ ТАРАУДА:

- көркем шығарманы тыңдауды, басқа өнер туындыларымен салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасауды;
- мәтін бойынша автор позициясын және көтерілген мәселеге қарым-қатынасын, тыңдаушыға ықпал ету тәсілін талдай отырып, негізгі ойды анықтауды;
- ғылыми және кәсіби мәтіндерге сүйеніп, монологпен диалогті үйлестіре қолдануды, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолдануды;
- көпшілік алдында сөз сөйлеуде маңызды орын алатын тілдік (вербалдық) және бейвербалдық элементтерді қолданып, сенімді және еркін сөйлеуді;
- ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (очерк) құрылымы мен рәсімделуін білуді, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдауды;
- мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтауды, берілген ақпараттың оқырманға әсерін талдауды;
- шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазуды;
- ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндерден басты лексикалық бірліктерді нақтылап, мәтіннің ақпараттық-маңызды фрагменттерін анықтап, (компрессия) жинақы мәтін құрастыруды;
- мәтін құрауда есімдіктердің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай қолдануды **үйренесің.**

## Жаңа сөздер:

кеңістік, көкжиек, бірегей,  
бұлтартпас, өскелең

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Берілген суреттердің тақырыппен қандай байланысы бар? Өз ойыңды айт.





## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы туралы пікірлерді оқып, тірек сөздерді жаз. Осы сөздерді қатыстырып, сөйлем құра.

- Елбасымыз Батыс Еуропа мен Шығыс елдерінің бірегей өркениетін айта отырып, біздің туған жерімізде, Қазақстанда да, бірегей өркениет дамығанын тайға таңба басқандай көрсетіп беріпті (Асанәлі Әшімов, актер).
- Бұл мақаланың маңызы — біздегі атқарылған істердің барлығын қорытындылау емес, болашаққа бағыт-бағдар беріп отырған дүние. Осы тұрғыдан алғанда, бұл тарихшыларға, зиялы қауымға, өскелең ұрпаққа — бәрімізге керек мақала болып отыр (Бексұлтан Нұржекеев, жазушы).
- «Атқа міну мәдениеті», «Ұлы даладағы ежелгі металлургия», «Аң стилі», «Алтын адам», «Түркі әлемінің бесігі», «Ұлы Жібек жолы», «Қазақстан — алма мен қызғалдақтың отаны» сияқты тараулары болашақ ұрпақтың нағыз мақтанышына айналатындай құндылықтар екені даусыз (Бауыржан Жақып, ақын).

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Кеңістік пен уақыт ненің өлшемі?
2. Ұлт тарихы қай кезден басталады?
3. Мәтінде қай халықтың тарихы туралы айтылады?



## ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Тыңдалған мәтіндегі ойды қысқаша тұжырымдап жаз.

## ОҚЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтінді оқы. Әр абзацқа тақырыпша қой. Соңында мәтінге тақырып қой. Тақырып пен тақырыпшалардың арасындағы байланысқа мән бер. Олардағы тірек сөздерді анықта.

Қазақстан тарихы да жеке жұрнақтарымен емес, тұтастай қалпында қазіргі заманауи ғылым тұрғысынан қарағанда түсінікті болуға тиіс. Оған қажетті дәйектеріміз де жеткілікті. Біріншіден, қосқан үлестері кейінірек сөз болатын протомемлекеттік бірлестіктердің дені қазіргі Қазақстан аумағында құрылып, қазақ ұлты этногенезінің негізгі элементтерін құрап отыр. Екіншіден, біз айтқалы отырған зор мәдени жетістіктер шоғыры даламызға сырттан келген жоқ, керісінше, көпшілігі осы кең-байтақ өлкеде пайда болып, содан кейін батыс пен шығысқа, күнгей мен теріскейге таралды. Үшіншіден, кейінгі жылдары табылған тарихи жәдігерлер біздің бабаларымыздың өз заманындағы ең озық, ең үздік технологиялық жаңалықтарға тікелей қатысы бар екенін айғақтайды. Бұл жәдігерлер Ұлы даланың жаһандық тарихтағы орнына тың көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Тіпті, қазақтың кейбір ру-тайпаларының атаулары «қазақ» этнонимінен талай ғасыр бұрын белгілі болған. Осының өзі біздің ұлттық тарихымыздың көкжиегі бұған дейін айтылып жүрген кезеңнен тым әріде жатқанын айғақтайды.

Еуропоцентристік көзқарас сақтар мен ғұндар және басқа да бүгінгі түркі халықтарының арғы бабалары саналатын этностық топтар біздің ұлтымыздың тарихи этногенезінің ажырамас бөлшегі болғаны туралы бұлтартпас фактілерді көруге мүмкіндік берген жоқ. Сонымен бірге ұзақ уақыттан бері біздің жерімізде өмір сүріп келе жатқан көптеген этностарға ортақ Қазақстан тарихы туралы сөз болып отырғанын атап өткеніміз жөн. Бұл — түрлі этностардың көптеген көрнекті тұлғасы өз үлестерін қосқан бүкіл халқымызға ортақ тарих.

Бүгінде төл тарихымызға оң көзқарас керек. Бірақ қандай да бір тарихи оқиғаны таңдамалы және конъюнктуралық тұрғыдан ғана сипаттаумен шектелуге болмайды. «Ақ» пен «қара» — бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Бұлар өзара бірлескенде жеке адамның да, тұтас халықтың да өміріне қайталанбас реңк береді.

Біздің тарихымызда қасіретті сәттер мен қайғылы оқиғалар, сұрапыл соғыстар мен қақтығыстар, әлеуметтік тұрғыдан қауіпті сынақтар мен саяси қуғын-сүргіндер аз болмады. Мұны ұмытуға хақымыз жоқ. Көпқырлы әрі ауқымды тарихымызды дұрыс түсініп, қабылдай білуіміз керек. Біз басқа халықтардың рөлін төмендетіп, өзіміздің ұлылығымызды көрсетейін деп отырғанымыз жоқ. Ең бастысы — біз нақты ғылыми деректерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдауға тиіспіз.

*Н. Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласынан*

## АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтін мазмұнына сүйеніп, өзің ең маңызды санайтын екі факторды анықта. Ойыңды дәлелдеп айт.

## ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтіндегі есімдіктерді тауып, кестені толтыр.

|                      |  |
|----------------------|--|
| Жіктеу есімдігі      |  |
| Сілтеу есімдігі      |  |
| Сұрау есімдігі       |  |
| Өздік есімдігі       |  |
| Белгісіздік есімдігі |  |
| Жалпылау есімдігі    |  |
| Болымсыздық есімдігі |  |

## АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Мәтін бойынша 6 сұрақ дайындап, көршіңмен сұхбат құр.

Үлгі:

- Қазақстан тарихы қалай зерттелгенде түсінікті болады?
- Қазақстан тарихын ғылыми тұрғыдан зерттесек, түсінікті болады.

## АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Мәтінде айтылған «*Кейінгі жылдары табылған тарихи жәдігерлер біздің бабаларымыздың өз заманындағы ең озық, ең үздік технологиялық жаңалықтарға тікелей қатысы бар екенін айғақтайды*» деген пікірді мысал келтіріп, дәлелде.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Үш нұсқаның ішінен мағынасы сәйкес келетін сөзді таңдап жаз.

1. Біз (айтқалы, көргелі, жазғалы) отырған зор мәдени жетістіктер шоғыры даламызға сырттан келген жоқ, керісінше, көпшілігі осы кең-байтақ өлкеде пайда болып, содан кейін батыс пен шығысқа, күнгей мен теріскейге таралды. 2. Кейінгі жылдары табылған (ескі, тарихи, жаңа) жәдігерлер біздің бабаларымыздың өз заманындағы ең озық, ең үздік технологиялық жаңалықтарға тікелей қатысы бар екенін айғақтайды. 3. Еуропоцентристік көзқарас сақтар мен ғұндар және басқа да бүгінгі түркі халықтарының арғы бабалары саналатын этностық топтар (олардың, ешкімнің, біздің) ұлтымыздың тарихи этногенезінің ажырамас бөлшегі болғаны туралы бұлтартпас фактілерді көруге мүмкіндік берген жоқ. 4. «Ақ» пен «қара» — бір-бірінен ажырамайтын (пікірлер, ұғымдар, ақпараттар).

## АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

### 11-тапсырма. Топтық жұмыс. «Данышпан үкілер» тәсілі бойынша төмендегі тапсырмаларды орындаңдар.

- Мәтіннен негізгі (жаңа) ұғымдарды тауып, оларды алфавиттік ретте жазыңдар. Мәтіннен сендер күтпеген, бұрынғы ұғымдарыңа қарсы тұрған ақпаратты табыңдар. Сендерге жаңалық болған ақпаратты жазыңдар.
- Мәтіннің идеясын бір сөйлеммен білдіріңдер.
- Мәтіннен сендерге алдында таныс болған және мүлдем таныс емес ақпаратты табыңдар.
- Мәтіндегі негізгі ақпаратты сурет, сызба және т.б. арқылы көрсетіңдер.
- Мәтіннен келешекте қажет болатын маңызды қорытынды шығаруға бола ма? Айтып беріңдер.
- Сыныпта талқылауға тұрарлықтай, ерекше көңіл бөлуге болатын ойларды, пікірлерді табыңдар.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 12-тапсырма. «Плюс-минус-қызығамын» кестесін толтыр.

|              |                                                                                        |
|--------------|----------------------------------------------------------------------------------------|
| «Плюс» +     | Сабақта қызық болған, «пайдалы» деп ұйғарылған мәселелерді жаз.                        |
| «Минус» –    | Сабақта сәтсіз шыққан, «пайдасы жоқ» немесе «аз болды» деп ұйғарылған мәселелерді жаз. |
| «Қызығамын»? | «Не білгім келеді?» немесе «Бұл мен үшін қызық бола ма?» деген сұрақтарға жауап жаз.   |

### Есте сақта!

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында қазақ халқының өркениеті туралы айтылады. Мақалада әр халықтың тарихи даму жолы болатыны баяндалады. Қазақстан тарихын ғылыми тұрғыдан зерттеудің маңызы сөз болады.

3-4-  
сабақ

# Атқа міну мәдениеті

## Жаңа сөздер:

серпіліс, мәртебе, айғақ, сарбаз

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жаз.

1. Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Ұлы дала... жеті қыры» атты мақаласын... Ұлы дала елі... бүгінгі мұрагер... тәуелсіз, бірлігі мен берекелі тыныс-тіршілігі ұйысқан еліміз... әлемдік өркениет... алатын орны айқындалған (Ғалымқайыр Мұтанов, ғалым). 2. Президентіміз бұл мақала... атқа міну мәдениеті... бастап, ежелгі «аң стилі» өнер...н тіл...е тиек етеді (Серік Ақсұңқарұлы, ақын). 3. 2018 жылы Елеке сазында киімі алтын... қапталған олжа, 17-18 жас аралығындағы ақсүйек жас жігіт... жақсы сақталған қалдықтар... табылды. Біз оны «шамамен біз... заманымыз... дейінгі VIII-VII ғ. жерленген» деп есептейміз (Зейнолла Самашев, археолог).

### АЙТЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. Суреттер мен мақал-мәтелді пайдаланып, ой бөлісіндер.

- Ат — адамның қанаты, ас — адамның қуаты.
- Аттан айырылсаң да, ер-тоқымнан айырылма.
- Ер қанаты — ат.
- Жылқы — малдың патшасы.
- Ат мұратқа жеткізер.



## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### ТЫҢДАЛЫМ



#### 3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақ халқы нені жетілдірді?
2. Түркі тайпалары қандай технологиялық жаңалықты ойлап тапты?
3. Ол қандай құралға айналды?
4. Атты әскер қалай пайда болды?

### ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

#### 4-тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендіріп, сөйлем құра.

|    |          |    |                 |    |               |    |                 |
|----|----------|----|-----------------|----|---------------|----|-----------------|
| 1. | аттың    | а. | бола түсті      | 1. | жауынгерлік   | а. | сүрген          |
| 2. | барынша  | ә. | түзу            | 2. | қарудың       | ә. | белгісі         |
| 3. | қуатты   | б. | көшпенділерінің | 3. | өмір          | б. | темір құрсанған |
| 4. | ойлап    | в. | үстінен         | 4. | технологиялық | в. | тартуды         |
| 5. | оқтай    | г. | жаңалығына      | 5. | ерекше        | г. | еткен           |
| 6. | Еуразия  | ғ. | пайда болды     | 6. | мұздай        | ғ. | құрылымы        |
| 7. | әскери   | д. | жетілдірді      | 7. | қамтамасыз    | д. | үстемдік        |
| 8. | осылайша | е. | тапқан          | 8. | садақ         | е. | жаңалық         |

### ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 5-тапсырма. Мәтінді тыңда. «Қазақстан аумағында өмір сүрген түркі тайпалары ойлап тапқан тағы бір технологиялық жаңалық — қылыш» деген пікірді ары қарай жалғастырып, дәлелде.

### ОҚЫЛЫМ

#### 6-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой.

Атқа міну мәдениеті мен жылқышаруашылық жержүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі. Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында

жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді. Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашты. Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады. Бес қаруын асынған салт атты сарбаз айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды. Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі — батырлар заманының ең танымал эмблемасы, сонымен қатар атты әскердің пайда болуына байланысты қалыптасқан көшпенділер әлемі «мәдени кодының» айрықша элементі.

...Қазіргі киім үлгісінің базалық компоненттері Дала өркениетінің ерте кезеңінен тамыр тартады. Атқа міну мәдениеті салт атты жауынгердің ықшам киім үлгісін дүниеге әкелді. Ат үстінде жүргенде ыңғайлы болуы үшін бабаларымыз алғаш рет киімді үстіңгі және астыңғы деп екіге бөлді. Осылайша, кәдімгі шалбардың алғашқы нұсқасы пайда болды. Бұл — салт атты адамдардың ат құлағында ойнауына, ұрыс кезінде еркін қимылдауына мүмкіндік берді. Дала тұрғындары теріден, киізден, кендір мен жүннен, кенептен шалбар тікті. Содан бері мыңдаған жыл өтсе де, киімнің осы түрі өзгере қоймады. Қазба жұмыстары кезінде табылған көне шалбарлардың қазіргі шалбардан еш айырмасы жоқ. Сонымен қатар бүгінгі етіктердің барлық түрі көшпенділер атқа мінгенде киген жұмсақ өкшелі саптама етіктің «мұрагерлері» екені белгілі. Ат үстінде жүрген көшпенділер тақымына басқан сәйгүлігіне неғұрлым еркін мініп жүруі үшін биік ер-тұрман мен үзеңгіні ойлап тапты. Бұл жаңалық салт атты адамның ат үстінде қаққан қазықтай мығым отыруына, сонымен бірге шауып бара жатып, қолындағы қаруын еш қиындықсыз және неғұрлым тиімді қолдануына мүмкіндік берді.

*Н. Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласынан*

## АЙТЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Атқа міну мәдениеті қайдан тарады?
2. Қандай қазба жұмыстары жылқының Қазақстанда қолға үйретілгенін дәлелдеді?
3. Атқа міну мәдениеті қалай қалыптасты?
4. Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі нені білдіреді?
5. Атқа міну мәдениеті қандай киім үлгісінің пайда болуына әсер етті?

## АЙТЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Мәтінде келтірілген нақты фактілерді жаз. Мәтіндегі ақпарат саған қалай әсер етті? Өз ойыңды айт.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** <https://itube.kaztrk.kz> сайтынан «Жылқы — қазақтың рухы» деп аталатын Қазақстан телеарнасынан берілген ақпаратты көріңдер. Мәтінде айтылмаған ақпаратты анықтаңдар. Бейнематериалдағы атбегі Ерлан Омаровқа бірнеше сұрақ дайындаңдар. Бірің тілші, бірің Ерлан Омаров рөлінде диалог құрыңдар.

### АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Қазақ халқының атқа міну мәдениетіне қатысты фотоколлаж жасап, сыныпта қорға.

### АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Әлемдегі және Қазақстанның кинематография саласында жарық көрген жылқы туралы үздік фильмдерден өзіңе ұнайтынын көр. Фильмдегі жылқы туралы айт. Фильм туралы қысқаша мәлімет жаз.

- «Шоқ пен Шер» («Қазақфильм», 1971 жыл);
- «Құлагер» фильмі («Қазақфильм», 1987 жыл);
- «Қош бол, Гүлсары!» драмасы («Қазақфильм», «Ардфильм», 2008 жыл);
- «Сұңқар» телекихаясы («SATAFILM», 2013 жыл);
- «Клара» фильмі (Швеция, 2010 жыл);
- «Чемпион» фильмі (АҚШ, 2010 жыл);
- «Жауынгер жылқы» фильмі (АҚШ, 2011 жыл);
- «Менің жарық жұлдызым» фильмі (Франция, 2012 жыл) және т.б.

## ОЙТАРАЗЫ

### ЖАЗЫЛЫМ

**12-тапсырма.** «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап бер.

1. Бүгін не үйрендің?
2. Сабақ бойынша қандай сұрағың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

### Есте сақта!

Атқа міну мәдениеті өте ертеде қазақ жерінде басталған. Оны дәлелдейтін нақты фактілер бар. Сонымен бірге атқа мінген кездегі киім үлгісін де ең алғаш қазақтардың ата-бабасы пайдаланған. Көшпенділер атты әскерді қалыптастырған.

5-6-  
сабақ

# Заманауи ат спорты

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### Жаңа сөздер:

қыл, бұдандастыру, ізбасар, некен-саяқ, өрескел

### АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Суреттегі бұйымдардың бүгінгі тақырыппен байланысын анықта. Өзің білетін бұйым туралы айтып көр.



ер-тоқым




қамыт



арқан



үзеңгі



қамшы

### ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Жақша ішіндегі сөздердің қажеттісін дұрыс тұлғада қойып жаз.

1. Қазақ (сиыр, жылқы, түйе) салт міну, жүк тасу, ет пен қымыз алу үшін өсіреді.
2. Олар ауа райының қолайсыз жағдайына төзімді, үнемі (аула, қала, дала) жайылады.
3. Басы үлкен, мойны жуан, аяқтары өте (әлсіз, мықты, нашар) болады.
4. Олар тәулігіне 300 шақырым жол (кел, жүр, айт) алады.
5. 100 шақырымды 4 сағатта шауып (жат, өт, кел).
6. Бүгінде еліміздің (қазір, барша, барлық) өңірінде ат спорты мектептері бар.
7. (Ол, бұл, сол) мектептерді мемлекет қаржыландырады.
8. Бұл (аймақ, өңір, мектеп) жастарды бәйге, көкпар, аударыспақ, қыз қуу сынды ұлттық спорт түрлеріне баулиды.

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ


**3-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақ халқы жылқының пірі не деп санаған?
2. Жылқының қымызы қандай сусын?
3. Жылқының еті қандай тағам?
4. Жылқының терісінен қандай бұйымдар дайындайды?
5. Жылқының қылынан не жасайды?
6. Қазақстанда жылқының қандай түрлері бар?



### ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Тыңдаған мәтін бойынша кластерді толтыр.



### ОҚЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтінді оқы. Тақырып қой.

• Ат спортының бірнеше түрі бар. Ат спорты олимпиадалық ойындар және олимпиадаға кірмейтін ойындар болып бөлінеді. Олимпиадалық ат спорты ойындары: конкур, ат үйрету, үш сайыс.

Конкур — конкур алаңында белгіленген тәртіпте белгілі бір қиындық пен биіктікте кедергілерді өту бойынша жарыстар. Конкур — ең бейнелі ат спорты түрлерінің бірі. Шабандоз батыл әрі табанды, жылқыны басқару өнерін жетік біліп, жақсы физикалық дайындықта болуы тиіс.

Ат үйрету — халықаралық терминология бойынша, «дрессура», ат мінудің жоғарғы мектебі, олимпиадалық спорт түрі.

Ат үйрету ат спортының ең әдемі түрі болып есептеледі. Спорттың бұл түрінде шабандоз түрлі жаттығуларды көрсетуі тиіс. Өрескел қателік жылқыны жаралауы мүмкін. Сондықтан шабандоз қателік жібермеуге тырысады. Сондай-ақ жылқының жалпы сыртқы бейнесі, үйлесімдігі, икемі, әсем қимылдарға табиғи қабілеті бағаланады. Белгіленген схемалары бар міндетті бағдарламалардан басқа жоғары деңгейдегі жарыстарда, соның ішінде олимпиада ойындарында «кюр» (kür) деп аталатын еркін бағдарлама болуы мүмкін, онда спортшылар музыкалық әуенмен ат үйретуге тән жаттығуларды көрсетеді.

Үшсайыс — олимпиадалық ат спортының бір түрі. Мұнда жануардың манеждік жүріс, кросс, кедергілерден жүріп өту секілді байқаулардағы ептілігі сынға түседі. Үшсайыс үш күн жүреді. Бірінші күні манежде, екінші күні дала тексерісі, үшінші күні кедергілерден өту арқылы жарысады (<http://olympic.kz> сайтынан).

• Қазіргі кезде ұлттық ат спорты дамып келеді. Көкпар, аударыспақ, теңге ілу, жамбы ату, қыз қуу, асау үйрету сияқты спорт түрлерінен түрлі жарыстар өтеді. 2017 жылы «ЭКСПО» көрмесі кезінде қазақ халқының ұлттық ат спорты бойынша жарыстар өтті. Ат-жарыстан Елбасы Н. Назарбаевтың жүлдесі үшін «ЭКСПО кубогі» болды. Атжарыс «Ұшқыр бәйге» (2, 4 км), «Аламан бәйге» (25 км), «Жорға жарысы» (7 км), «Топ бәйге» (15 км), «Ұшқыр бәйге» (1,8 км) түрлері бойынша өтті. Бәйгелердің жүлде қорының ең төменгісі 5 мың АҚШ долларынан басталып, жоғарғысы 50 мың долларға дейін болды.

Жамбы атудан «Алтын жебе» халықаралық турнирі өтті. Бұл жарысқа 25 мемлекеттен 50 мерген қатысты. Аударыспақтан әлем чемпионаты өтті. Көкпардан «Әлем кубогі» сарапқа салынды. Сонымен бірге теңге ілу, қыз қуу сияқты спорт түрлерінен жарыстар өтті.

Соңғы жылдары ұлттық ат спортына жастардың қызығушылығы артып келеді. Бұрын ұлттық спортпен айналысатын жасөспірімдер некен-саяқ болса, қазір үлкендердің ізбасарлары көбейіп келеді. Аймақтарда ұлттық ат спортының мектептері ашыла бастады (<http://argymaq.kz> сайтынан).

## АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қойыңдар. Мәтіннің жанрлық, стильдік ерекшелігі туралы айтыңдар.

## АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Кестедегі ақпаратты ұлттық ат спорты түрлерінің атауларымен сәйкестендір. Ат спортының өзің білетін бір түрі туралы топқа жан-жақты, толық ақпарат бер.

|    |             |    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|----|-------------|----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1. | Көкпар      | а. | Белгіленген арақашықтықта үш-төрт жерге шүберекке оралып теңге тасталады. Шабандоздар шауып келе жатып, жердегі теңгені алулары қажет.                                                                                                                                                                |
| 2. | Аударыспақ  | ә. | Бұл спорт түрінің шарты бойынша қатысушы атпен шауып келе жатып, жолындағы нысаналарды садақпен атып құлатуы тиіс.                                                                                                                                                                                    |
| 3. | Асау үйрету | б. | Ат спортының бұл түрі бойынша тай жарыс, аламан жарыс, жорға жарыс және т.б. өтеді. Көмбеге алғаш шауып келген шабандоз «жеңімпаз» атанады.                                                                                                                                                           |
| 4. | Теңге ілу   | в. | Белгілі бір уақытта асау атты жігіт мойнына құрық тастап ұстап, мінуі тиіс. Ол осы уақыт ішінде асаудан құламай, бағындыра алуы керек.                                                                                                                                                                |
| 5. | Жамбы ату   | г. | Спорттың бұл түріне атқа мінген екі жігіт қатысады. Олар белгілі бір уақыт ішінде бірін-бірі аттан аударып түсіруі керек. Жеңіске жеткен жігіт ойын шарты бойынша келесі жеңімпазбен бәсекелеседі.                                                                                                    |
| 6. | Қыз қуу     | ғ. | Ат спортының бұл түріне атқа мінген жігіттер қатысады. Олар жерде жатқан бауыздалған лақты ортадағы көмбеге әкеп лақтырулары керек. Кім бұрын көмбеге әкелсе, сол жеңімпаз болады.                                                                                                                    |
| 7. | Бәйге       | д. | Ойынға атқа мінген қыз бен жігіт қатысады. Арақашықтығы 1-2 км болатын екі көмбе белгіленеді. Берілген белгіден кейін қыз екінші көмбеге шаба жөнеледі. Жігіт қызды қуып жетуі тиіс. Егер жігіт қызды көмбеге дейін қуып жете ал-маса, қайтарда қыз жігітті қуады. Қуып жетсе, қамшының астына алады. |

## АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мектеп оқушыларынан ұлттық спорт түрлері туралы сауалнама алыңдар. Ол үшін бірнеше сұрақ дайындаңдар. Сауалнама нәтижесін сыныпта талқылаңдар.

## МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Мәтіннен есімдіктерді мағыналық жақтан байланысып тұрған сөзбен бірге теріп жаз. Осы сөз тіркестерін қатыстырып, сөйлем құра.

## АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Молдахмет Кенбаевтың «Қашағанға құрық салу» атты туындысын пайдаланып, мәтін құра. Суретті бүгінгі тақырыппен байланыстыр.



Молдахмет Кенбаев «Қашағанға құрық салу»

## АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Топтық жұмыс. <http://argymaq.kz> сайтындағы төмендегі тақырыптағы бейнебаяндарды көріңдер. Әр топ өздері көрген бейнебаян туралы әңгімелесін.

- Қазақ пен жылқы
- Аударыспақ
- Асау үйрету
- Теңге ілу
- Көкпар

## АЙТЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екенін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мен ... таңғалдым.

## ОЙТАРАЗЫ

### Есте сақта!

Заманауи ат спортының түрлерімен таныстым. Қазақтың ұлттық ат спортының ерекшеліктерін білдім. Ұлттық ат спортынан түрлі халықаралық деңгейде жарыстар өтетіні туралы ақпарат алдым.

## 7-8- сабақ

# Құсбегілік – ұлттық өнер

### Жаңа сөздер:

сүйіну, кескіндеу, бекем, желбіре, қарбалас

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС


### ЖАЗЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Құсбегілік туралы мақал-мәтелді жаз. Мақал-мәтелдің мағынасын түсіндір.

- Қаңтар қақпанды сүйер, Соңаршы ақпанды сүйер.
- Аң таппаған атынан көреді, Ата алмаған мылтығынан көреді.
- Құмай тазы қуғанын алады.
- Саятшылық сабырлыға жарасар.
- Айлалы түлкі алдырмас.
- Аңшының кешіккеніне сүйін.

### АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Сурет бойынша көршіңе бірнеше сұрақ қой.



## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақстанның ежелгі тұрғындарының мәдениеті қандай болды?
2. «Аң стилі» өнері ненің көрінісі?
3. Жануарлар бейнесін қайда пайдаланған?
4. Қазақ халқы қандай жануарлардың суретін қолданған?
5. Аң аулаудың қандай құралдарын жасаған?



### ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

#### 4-тапсырма. Н. Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласынан алынған мәтіндегі аң стилі туралы қысқаша тезис жаз.

### ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

#### 5-тапсырма. Сөйлемдерді мағынасына қарай сәйкестендір.

|    |                                                                                                 |    |                                                                                                                          |
|----|-------------------------------------------------------------------------------------------------|----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1. | Өз жазуы мен мифологиясы бар Қазақстанның                                                       | а. | көшпенділердің рухани бағдарын айқындап отырған.                                                                         |
| 2. | Жануарлар бейнесін тұрмыста пайдалану адам мен табиғаттың өзара байланысының символына баланып, | ә. | — жергілікті жануарлар әлемінде сирек кездесетін тұрпаты текті қар барысы екені кездейсоқ емес.                          |
| 3. | Олар жыртқыштардың негізінен                                                                    | б. | соның ішінде, мыс пен қоладан балқыма жасап, құймалар құюдың, жайма алтын дайындаудың күрделі әдістерін жақсы меңгерген. |
| 4. | Егемен Қазақстанның символдарының бірі                                                          | в. | ежелгі тұрғындарының озық мәдениеті болды.                                                                               |
| 5. | Аң стилі бабаларымыздың                                                                         | г. | мысықтұқымдас аңдардың суретін көбірек қолданған.                                                                        |
| 6. | Олар оюлап кескіндеуді, металмен жұмыс істеу техникасын,                                        | ф. | айрықша жоғары өндірістік тәжірибесі болғанын көрсетеді.                                                                 |

## ОҚЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Мәтіндерді оқы. Әр мәтінге тақырып қой.

- Аңшылық-саятшылық — көшпелі өмір салтының әрі күнкөрістік, әрі көңіл көтеретін дәстүрі болумен бірге әскери жаттығудың, шыңдалып-шынығудың да жарқын үлгісі.

Құсбегі (бүркітші) — аңға, құсқа салу мақсатымен бүркіт, қаршыға, қырғи және т.б. сияқты құстарды қолға үйрететін адам. Құс салуға бірнеше кісі бірігіп шығады. Құсбегі аңға шыққанда бүркітті оң қолына қондырып, атта бекем отырып, білек бауларынан ұстайды. Басқалар түрлі құралдармен даңғырлатып, аң-құсты үркітеді. Осы қарбалас сәтте биіктеу жерге шығып, құс не аңды көргенде томағасын тартып, бүркітін ұшырады («Сен білесің бе?» энциклопедиясынан).

- Саятшылық өнер қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде маңызды рөлге ие. Тарихи мәліметтерге сүйенсек, Абылай ханның өзі 500-ге жуық бүркіт ұстаған. Ақан сері, Біржан сал, Сәкен Сейфуллиннің бүркіттері болған.

1980 жылдары республикада тұңғыш рет Алматы облысының Дегерес ауылында құсбегілердің басын қосатын орталық ашылды. «Жерұйық» этнографиялық ұйымы құрылды. 1989 жылы орталық стадионда бүркітшілердің ең алғаш халықаралық фестивалі өтті. Он жылдан кейін Нұра ауылында «Жалайыр Шора» бүркітшілер мектебі ашылды. Әбен Тоқтасынұлы, Айтбай Жетібайұлы, Шәкен Ошанбаев, Байжүніс, Сейітжан секілді бүркітшілер саятшылықты ілгері дамытты, қазақ туын талай сайыстарда желбіретті.

Жыл сайын құсбегілер арасында «Сонар» республикалық сайысы өткізіледі. 2005 жылы Алматыда «Қыран» федерациясы құрылды. Бүркітшілердің ортақ киім үлгісі әзірленді. «Қазақ құсбегілері» деген тұңғыш кітап жарық көрді. Қыран құсқа қажет құрал-жабдық жасайтын шеберханалар пайда болды. 2007 жылы Англияда бүкіл дүниежүзілік құсбегілердің фестивалі өтті. Оған Қазақстан да қатысты.

Асыл қасиеттердің барлығын осы киелі құстың бойынан көрген халқымыз желбіреген көк туға да қыранның бейнесін салды. Бүркіттей тұз тағысын үйретіп, аңға салу қазақтың ғана қолынан келген. Қазір шетелдіктер бұған тамсанып, таңдай қағуда. Әлемде құсбегілікпен айналысатын елдер бар. Ал дәл бүркіт баптаудың әдіс-тәсілін білетін — қазақ қана. Сондықтан халқымыз кейде «ақсүйек өнер» деп атайтын бүркітшілікті қазақтың бренді қылып қалыптастыру керек.

*Бағдат Мүптекеқызы*

## АЙТЫЛЫМ

### 7-тапсырма. «ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікіріңді дәлелде.

**Бірінші сөйлем:** «Менің ойымша,...».

**Екінші сөйлем:** «Себебі мен оны «...» деп түсіндіремін».

**Үшінші сөйлем:** «Оны мен «...» деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

**Соңғы сөйлем:** «Осыған байланысты мен «...» деген шешімге келдім».

## ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Екі мәтінге ортақ тірек сөздерді тауып, глоссарий жаз.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** «Бүркітшілікті қазақтың бренді қылып қалыптастыру керек» деген автордың пікірін жалғастыр. Қалай ойлайсың, ол үшін не істеу керек? Ойыңмен бөліс.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

**10-тапсырма.** «Құсбегілік — қазақ халқының брендісі» деген тақырыпта аргументативті эссе жаз.

**Эссе жазуда төмендегі мәселелерді ескер:**

- Тақырыпты іштей бірнеше тармаққа жіктеп ал.
- Концептуалдық кесте дайындап, не туралы жазатыныңды белгіле.
- Қандай сөздер мен сөз тіркестерін қолданатыныңды ірікте. Көркемдеуіш тілдік құралдарды пайдалануға тырыс.
- Тақырыпты ашатын бірнеше идеяны жазып ал.
- Әр тармаққа жазатын аргументтеріңді дайында.
- Тармаққа қажет аргументтеріңді статистикалық мәліметтермен, нақты мысалдармен толықтыр. Бұл — эссенің мазмұнды болуына ықпал етеді.
- Әрбір тармақты логикалық тұрғыдан жүйеле. Бірінші тармақта тақырыпты қалай қолдайтыныңды, екінші тармақта практикалық идеяңды, үшінші тармақта тақырып бойынша не істейтініңді жаз. Қорытындыда аргументтеріңді келтіре отырып, ұсынған идеяңды дәлелде.

## ЖАЗЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Қазақтың жас бүркітшілері Бақдаулет Бабажан мен Айшолпан Нұрғайып туралы қосымша дереккөздерден материал жинап, тұсаукесер дайында. Тұсаукесерді сыныпта қорға.

## ОЙТАРАЗЫ

## ЖАЗЫЛЫМ

**12-тапсырма.** «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап бер.

1. Бүгін не үйрендің?
2. Сабақ бойынша қандай сұрағың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

### Есте сақта!

Мен қазақ халқының құсбегілік өнері жайлы білдім. Н. Ә. Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында мұны «Аң стилі» өнері деп, маңызын ашып көрсеткен. Қазір Қазақстанда бүркітшілер жарысы өтіп тұрады.

9-10-  
сабақ

# Дүкенбай Досжан Төрт патшаны көрген кейуана (хикаят)

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### Жаңа сөздер:

құлаққа ұрған танадай, ежіктеп,  
тұғырлы, баяндама

## ЖАЗЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Қою қаріппен берілген сөздердің синонимін жаз. Осы сөздерді қатыстырып сөйлем құра.

- Д. Досжан тақырыбы бейне домбыраның қос ішегі секілді: бірі — қоңыр үнді **көне** тарихи оқиғалар тізбегі; келесісі — **ащы** шындығымен құлаққа қытымыр, шыңылтыр естілетін қазіргі өмірдің өз үні (Герольд Бельгер, жазушы).
- Досжан шығармалары даралық стилімен, **бейнелі** тілімен ерекшеленеді. Жазушы кейіпкердің жан толғанысын сезім шырғалаңы, ой ағыны арқылы суреттеуге машық. Оның шығармалары әлемнің 19 тілінде **жеке** кітап болып шыққан. Екі томдық таңдамалы шығармалары жарық көрді (1990). «Құм кітабы» үшін Қазақстан Мемлекеттік сыйлығын алған (1996). Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің ғұмыр күнделігі мен еліміздің тәуелсіздігін **көркем** кес-телеген «Ақ Орда» (2005) романын жазды. Жазушы 11 роман, 23 хикаят, 100-ден астам әңгіме жазды (Нұртөре Жүсіп, публицист, журналист).

## АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** <https://adebiportal.kz> сайтындағы «Келбет» бағдарламасынан Дүкенбай Досжан туралы бейнебаянды көр. Түсінгеніңді баяндап айт.

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

## ТЫҢДАЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Тақырып қой. Сұрақтарға жауап бер.

- Мәтінде кім туралы айтылады?
- Жәмила Жанұзақоваға жеделхат қайдан келді?
- Жеделхатта не туралы жазылған?
- Жәмила әжені Мәскеуге не үшін жіберді?



## ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Мәтіндегі

Жәмила әженің  
Мәскеуге киіп барған  
киімінің атауларын  
диаграммаға түсір.



## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтіннің стильдік ерекшелігін сипатта.

Сырғып кеп тоқтай қалған әдемі көліктен әуелі ырғып-ырғып сыптығыр жігіттер түсті. ...Әдемі көліктің терең түкпірінен сыптығырдай ұзын бойлы кісі көрінді, мәшинеде екі бүктеліп қалыпты. Сыртқа шығып, белін жазды. Епті ауыздар:

— Қонаев кеп қалды! — деді.

Бәріміз дастарқанға осылай қол созған күйі аңырайып омалып қалыппыз.

— Тұрыңдар, озаттар, Қонаев көкелерің келді, — деді әлдебір өктем дауыс.

Дүрк етіп түрегелейік. Әлгі өктем үннің «Қонаев» дегені қарадай суық үрей шақырса дағы, «көкелерің» деген сөз аз-аздап ішімізді жылытты. Әлгі әдемі мәшинеден түскен ұзын кісі кең адымдап келіп осылай үймелеп отырған, тұрған бізге қаратып қоңыр үнмен: «Сәлеметсіздер ме, бауырлар!» — деді. Ие, дәп солай. «Здрасти!» — деген жоқ, «Армысыздар!» — дегенін естімедім, ұмытпасам... шынымды айтсам... құлағымда қалғаны... сол... «Сәлеметсіздер ме, бауырлар!» болыпты. Жағалай төніп, бір-бірлеп бәрімізге қол беріп амандасып шықты.

Жылы алақанынан адам жанына енетін айтып болмас әсерлі толқын жүгіріп өтті.

Состиып тұрған біздерге әлгі ұзын келісті сирек кездесетін кісі қазақшалап былай деді:

— Таңғы шайларыңызға ортақпын, жолдастар. Алыс жолдан әлгіде шаршап жеттім. Жоспар бойынша, сіздердің алдарыңызға, кездесуге апта бұрын келуім керек еді, жол бұзылып, мәшине жүрмей, оның үстіне тығыз шаруалар қолымды байлап, кешігіп қалдым. Сайлаушыларыммен кездесуге құмартып, үлкен сезіммен, биіктеп жеткенім осы!.. Танысайық, аманаттарың болса, оны қысылмай, ұялмай айтыңыздар!

Баяғы осыдан біраз бұрын аудан, облыстан өкілдер саулап жеткен жалпы жиналыста көлденеңнен сауал қоямын деп қарадай жазықты болып, аузым күйгені есіме түсіп... осылай тұрған жерімде тырс етіп үндей алсамшы. Басқарма қайнаға: «Бірдеме десеңші!» — деген кісіше бұрылып, маған қарайды.

...Үлкен кісі өзі тілге келді.

— Ендеше, өзім бірер ауыз сөйлейін, жолдастар. Ұлы Отан соғысы бітті, жеңіс біздің қолда. ...Енді соғыстан кейінгі бесжылдықты жақсы аяқтап келеміз. Жақсысы сол: мал басы күрт өсті, өндіріс ошақтары қайта жанданып, жана бастады. Соғыс кезінде бықсып өшіп тынған зауыттар қайта істеп, өнім бере бастады. Сталин жолдас, Шаяхметов жолдас «бесжылдық жоспарды ойдағыдай, тіпті артығымен орындайды» деп үлкен сенім артып отыр сіздерге. Енді сол үлкен сенімге күдік келтіріп алмауымыз керек қой, жолдастар. Ортақ қазанға неғұрлым мол астық құйып, мал өнімдерін көп беретін болсақ — «қарнымыз тоқ, көйлегіміз көк» деген сөз, жолдастар.

«Қонаевтың сөзі түсінікті шықты. Сол жолы астанадан ат арытып жеткен Қонаев қара шаруа — қалың жұрттың «Тәңір жарылқасын-ай!» — деген батасын алды, сол бата биік кісіге майдай жағып, Жоғарғы Кеңеске депутат болып сайланды», — дейді Жәмила анам. Енді есептеп қарасам, Жоғарғы Кеңеске депутат болып сайланар кезде сол Қонаев атамыз 36 жаста екен.

Дүкенбай Досжан

## ЖАЗЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Мәтінді

мағыналық  
бөлікке бөліп, әр  
бөлігіне ат қой.  
Әр бөлік бойынша  
екі сұрақтан  
дайында.



## ЖАЗЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Мәтіндегі есімдіктерді тап. Оларды өзі байланысып тұрған сөзімен бірге жаз. Осы сөздерді қатыстырып сөйлем құра.

## АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Д. Қонаевты көрген Жәмила кейуанаға қоятын бірнеше сұрақ дайындап, көршіңмен диалог құр. <https://kitap.kz> сайтынан хикаяттың толық нұсқасын қара.

## ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Жәмила әженің Д. Қонаевты көрген кездегі көңіл күйін білдіріп тұрған сөздерді жаз. Түсіндір.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Жәмила кейуана сияқты атақты адамдармен кездескен сәттерің болды ма? 1-2 минуттық монолог айт.

## ЖАЗЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Дүкенбай Досжан туралы қосымша дереккөздерден мәлімет жинап, жазушының еңбектері туралы фотоколлаж дайында.

## ОЙТАРАЗЫ

## ЖАЗЫЛЫМ

**12-тапсырма.** Сабақты талдау кестесін толтыр.

| Сабақтың негізгі идеясы | Сабақтағы жаңалық | Сабақта ұнаған тәсіл | Сабақтағы басты қиындық |
|-------------------------|-------------------|----------------------|-------------------------|
|                         |                   |                      |                         |

### Есте сақта!

Мен жазушы Дүкенбай Досжан туралы білдім. Жазушының шығармаларымен таныстым. «Төрт патшаны көрген кейуана» хикаятында жазушы өзінің анасының айтқан әңгімесін баяндаған. Бұл сабақта Жәмила әженің И.В. Сталин мен Д. А. Қонаев туралы әңгімесімен таныстық.

## 11-12- сабақ

# Дүкенбай Досжан «Төрт патшаны көрген кейуана»

### МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### Жаңа сөздер:

наразылық, буын, еңселі, төңкеріс

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жаз.

- Қазақ оқырман... тынымсыз ізденіс үстін... жүретін қаламы ұшқыр, ойы жүйрік, талантты жазушымыз Дүкенбай Досжан... жаңа шығармасын ұдайы тосып отыратын. Ылғи соны әсер, соны пікір, соны сөз іздейтін және табатын, табанды қаламгер дәнiккен оқырманы... дәйiм қуантатын (Әбіш Кекілбайұлы, жазушы).
- Дүкенбай Досжан шығармалар... қазақ әдебиеті... қатар шетел әдебиетінде де өзіндік ізін қалдырды. Олай дейтініміз — жазушы... қалың оқырман қауым... қуаныш... бөлеген әңгіме, повестері көзі тірісінде-ақ жиырма... астам ел... тілі... аударылды (Гүлжанат Әбіханова, әдебиет зерттеушісі).

### ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтіндегі Н. С. Хрущевті көруге жиналған сәтті қысқаша сипаттап жаз.



### ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 3-тапсырма. Хикаяттың толық нұсқасын оқы. Жәмила әже Н. С. Хрущевті тағы қай жерде көргенін айт.

### МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ

#### 4-тапсырма. Мәтінді оқы. Құрылымына назар аудар. Негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді қолдана отырып, әр абзацқа тақырыпша қой. Тақырыпшаларды өз сыныптастарыңмен салыстырып, талқыла.

Баяғы ауылға әкім етіп сайлап алған Байбақтинов келді үйіме, — дейді Күләш етегіне сүрініп кіріп келе жатып, — Президент бір топ ауыл үлкендерін өз резиденциясын-

да қабылдамақшы екен күні ертең!.. Қабылдау тізіміне енгізген бір кейуана аяқ астынан ауырып қалыпты!.. Бір ақсақалымыз аяғын кетпенмен шауып алып, ауруханада жатқан көрінеді... Енді ертең Президент қабылдауына сіз барасыз, Құдай қаласа, Алла бұйырса!

...Президент жылдам еніп, жақындап келіп сәлемдесті.

— Ой, апа, жасыңыз нешеде? — деді.

— Тоқсанның үстіндемін, балам, жүзге жуықтадым. Көзім нашарлап бет-жүзіңді анықтап көре алмай тұрмын, балам!

Президент қасындағы көлеңкеше ілесіп жүрген көмекшісіне бұрылды.

— Мына кісінің көзін емдетіңдер, жақсы көзілдірік әперіңдер!

— Дидарыңа қанып, батамды берейін деп келдім, шырағым!

Осы мезет суықтау кісі сап етіп жетіп кеп, құлағыма сыбыр етті:

«Кейуана, тыныш отырыңыз! Сізден сөз сұраған ешкім жоқ! Қазір Президент сөйлейді!».

Бұрындары құлағым бірде ашылып, бірде жабылып, түк естіртпеуші еді, бұл жолы Жаратқан ием септесті ме, Президент баламның даусын анық естідім, кәдімгідей қадалып, қазақы тілмен құйқылжыта нақыштап сөйлеп жөнелді. Құйып алар құлақ болса, біраз шаруаның басын шалып, түбірін аршып, жағалай отырғандарға түсінікті қып айтып берді.

Сөзінің мағынасы теңіз түбіндей терең бе деп қалдым.

...Сол ұшырасу үстінде екі бірдей нәрсе есімде қалыпты. Бірі: Нұрсұлтан баламның жүзінен ниеті көрініп тұрды. Жүзінен ниеті көрінген кісі жарық дүниеде қор болмайды.

Екінші есімде қалғаны: Шамалған жақтан келген бір кісі: «Пенсиям аз, пенсиям аз!» — деп құлақты жеп қойды, түге. Сол мезетте Нұрсұлтан балам сөйлеп тұрған сөзін үзіп: «Ақсақал, балаларыңыз бар ма?» — деп сұрады. Әлгі кісі: «Иә, бар, бес балам бар, бәрі жоғарғы оқуды бітірген», — деп жауап берді. Нұрсұлтан балам сөз аяғын жерге тигізбей: «Қазақта қартайған ата-анасын балалары асырайды, сол салтпен сізді де балаларыңыз бағып-қақсын», — деді қолмен қойғандай етіп.

*Дүкенбай Досжан*

## АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Мәтін мазмұны бойынша бірнеше сұрақ дайындап, көршіңмен диалог құр.

## АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Төмендегі сөздер мәтіндегі қай сөздермен тіркеседі? Мәтіннен тауып, оның қандай сөйлем мүшесінің қызметін атқарып тұрғанын айтыңдар. Баяғы, ауыл, өз, қабылдау, жүзге, көмекшісіне, көзін, жақсы, баламның, қазақы, сөзінің, теңіз, есімде, ниеті, жарық, әлгі, жауап, қартайған.

## АЙТЫЛЫМ

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

### 7-тапсырма. «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып, мәтіндегі ақпаратты айт.

**Пікір:** оқыған мәтін бойынша пікіріңді бір сөйлеммен жеткіз.

**Дәлел:** пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

**Мысал:** пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

**Қорытынды:** тақырып бойынша қорытынды жаз.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздердің қажеттісін дұрыс тұлғада қойып, жаз.

1. Сол жақсы адамдардың арқасында маусымның басында Президент қабылдайтын (адам, бала, үлкен) тізіміне ілініп, етегіме сүрініп, дөң басындағы алтын сарайға жеткенім, сірә, есімнен кетпес. 2. «Етегіме сүрініп» деген сөзді беріп айтпадым, өйткені сол қабылдауға жазылған жиырма шақты ақсақал, кейуана кісілердің (іші, жаны, қасы) жасы үлкені — өзім екем. 3. Сырты аппақ қардай, іші сары алтындай, мұнтаздай кең (ғимарат, үй, сарай) келіп кірдік. 4. Аяғымыздың (үсті, асты, жаны) — былқылдаған қалы кілем. 5. Кілем деп басып келе жатқаным — мәрмәр (ағаш, тас) болып шықты. 6. Аппақ (киім, көйлек, қолғап) киген бірер солдат қолтығымнан лып көтеріп, қуыршақтай қып орындыққа әкеп отырғыза қойды.

## АЙТЫЛЫМ

## ОЙТАРАЗЫ

### 9-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екенін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мен ... таңғалдым.

### Есте сақта!

Жазушы Жәмила әженің Н. С. Хрущев пен Н. Ә. Назарбаевты көрген сәтін жақсы суреттеген. Кездесудің қалай өткені Жәмила кейуананың атынан баяндалады. Қарт әженің әсері сәтті берілген.

## 13-14- сабақ

# Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

### ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтінде айтылған пікір бойынша ой бөлісіңдер.

- Автокөлік қозғалтқыштарының қуаты әлі күнге дейін аттың күшімен өлшенеді. Бұл дәстүр — жер жүзінде салт аттылар үстемдік құрған ұлы дәуірге деген құрметтің белгісі. Біз әлемнің барлық түкпіріне ежелгі қазақ жерінен тараған осынау ұлы технологиялық революцияның жемісін адамзат баласы XIX ғасырға дейін пайдаланып келгенін ұмытпауға тиіспіз (*Н. Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласынан*).

- Ұлы даланың жеті қырының кез келгені — Қазақ елінің өміріндегі ерекше мұра. Атқа міну мәдениеті, ежелгі металл өндіру мен өңдеу технологиясы, өз жазуы мен мифологиясы бар озық мәдениетті Қазақ елінің рухани байлығының айшықты белгісі — «аң» стилі — өнері, бүкіл әлемді тамсандырған Дала өркениетінің жәдігері – «Алтын адам» жауынгері, түркі әлемінің бесігі саналатын Алтайдан бастау алатын түркі тарихы, әлемдік экономиканың өркендеуіне септігін тигізген Ұлы Жібек жолы жүйесі, Қазақ елінің ұлттық брендіне лайықты алма мен қызғалдақ — еліміздің аумағында орын алған тарихи жайт қана емес, сонымен қатар әрбір қазақ үшін де аса қымбат құндылықтар (*Асқар Бейсенбаев, Парламент Сенатының депутаты*).

- Қыран бүркітін қолына қондырып, жүйрік атын тақымдаған аңшылар үшін құсбегілік өнердің орны бөлек. Құсбегілік дәстүр — біріншіден, жеті қазынаның бірінен саналатын құндылықтарды дәріптесе, екіншіден, ұлттық спорт түрі қатарынан орын алатын ойын түрі (*«Алматы ақшамынан»*).


- Тарихи деректерге сенер болсақ, құсбегілік өнер бұдан үш мыңдай жыл бұрын пайда болған. Орта ғасырлардағы италиялық саяхатшы Марко Полоның жазбаларында Құбылай ханның саятшылық мақсатта қолға үйреткен бес жүз сұңқары мен басқа да қыран құстары болғанын, оларды баптап, күтуге арнайы мың құсбегі ұстағанын жазады (*Baq.kz сайтынан*).

### АЙТЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. Жағдаят: шетелдік қонақ сенен қазақтың ұлттық ат спорты туралы айтып беруінді өтінді. Не істейсің? Оған ұлттық ат спорты туралы не айтасың?

## ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы бойынша кластер түз.



## АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** <https://24.kz/kz> сайтынан «БҚО-да 500-ден астам жасөспірім ұлттық спорт мектебінде жаттығады» атты бейнефильмді көріңдер. Өтілген тақырыптарға байланысты айтылған ақпаратты баяндаңдар.

## ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Қосымша дереккөздерден Елордадағы Ұлттық академиялық кітапханадағы Дүкенбай Досжанның оқу залы-мұражай туралы ақпарат жинап, хабарлама жаз.

## АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Берілген суреттердің өтілген тақырыппен байланысын баянда.



## ОЙТАРАЗЫ

### АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** «Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға жауап бер.

1. «Тәуелсіз еліміздің өткені мен келешегі» модулі бойынша не үйрендің?
2. Сен үшін тақырыптың құнды жайттары қандай болды?
3. Өзіңнің және жолдастарыңның білімін бағала (Өз жұмысыңа, жолдастарыңның топ ішіндегі әрекеттеріне көңілің тола ма?)
4. Осы тақырып бойынша тағы не білгің келеді?
5. Осы тақырып бойынша тағы қандай ақпарат көздерін оқысың?

### Білгенге маржан...

Мәдениет — ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады.

*ҚР Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев*

# Қазақ театрының қайнары

## ОҚУШЫ, БҰЛ ТАРАУДА СЕН:

- мәтін үзінділері бойынша болжам жасауға, тиісті ақпаратты анықтай білуге;
- көркем шығарманы тыңдауды, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасауды;
- ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтауға ауызша мәтін құрауда орынды қолдануға;
- сөйлеу ағымында интонацияны сөйлеу мәнеріне сай қолдануға;
- ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (баспасөз парағы) құрылымы мен рәсімделуін білуді, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдауды;
- қосымша ғылыми-анықтамалық ақпарат көздерінен алынған материалдар негізінде мәтін мазмұнына сыни тұрғыдан талдау жасауды;
- шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазуды;
- ғылыми және публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, баспасөз парағын жазуды;
- мәтіндерден көсемше оралымды сөйлемдерді анықтап, оларды ауызша және жазбаша мәтіндер құрауда орынды қолдануды **үйренесің.**

## Жаңа сөздер:

үзінді, қойылым, арқау болған, жауласқан

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** «Галереяны шарлау» ойыны. Қабырғаға ілінген суреттерді аралап, бүгінгі сабақтың тақырыбын болжап айтыңдар.

### ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** «Шашылған сөздер» ойыны. Шашылған сөздерден сөйлем құраңдар. Көп сөйлем құраған оқушы «жеңімпаз» атанады.

қойылым

театр

үзінді

драмалық шығарма

## ТЫҢДАЛЫМ

### 3-тапсырма. Мәтінді тыңдап, сұрақтарға сөз тіркесімен жауап бер.



1) 1918-1924 жылдары Ақмола, Көкшетау, Орынбор, Шымкент, Ташкент және Түркістанда нелер жұмыс істеді? .....

.....

2) Онда нелер қойылды? .....

3) Спектакльдердің көпшілігін сахнада кімдер қойды? .....

4) 1925 жылы Қызылорда қаласында не ашылды? .....

5) Тұңғыш кәсіби театр қайда қоныс аударды? .....

6) Қазақ театрының дамуына кімдер үлес қосты? .....

## ТІЛДІК БАҒДАР

### КӨСЕМШЕ

Көсемше — етістіктің ерекше түрі. Көсемше күрделі етістіктің құрамында негізгі қимылды білдіреді, қосымша қимылды айқындайды. Көсемше етістікке үш түрлі жұрнақ жалғану арқылы жасалады.

Көсемшенің жасалу жолдары:

1. -ып, -іп, -п: бар+ып, жүр+іп, кес+іп.

Мысал: Ол драмалық үйірмеге бар+ып жүр.

2. -а, -е, -й: айт+а, жүр+е, оқ(ы)+а.

Мысалы: Жолда көргеніңді айт+а отыр.

3. -ғалы, -гелі, -қалы, -келі: бар+ғалы, жүр+гелі, аш+қалы, кет+келі.

Мысалы: Біз жүр+гелі отырмыз.

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### 4-тапсырма. Мәтінді оқы. Қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын анықта.

Қазақ театрының тарихы XX ғасырдың 14-15 жылдарынан басталады. Сол жылдары алғашқы драмалық шығармалар жазылып, әуесқой әртістердің күшімен сахнада қойылды. Қазақ театрының тарихында сахнада тұңғыш қойылған пьеса — «Еңлік-Кебек». Бұл пьесаны Мұхтар Әуезов 1917 жылы 20 жасында жазған. **Қойылымда** Шыңғыстау өлкесінде болған оқиға суреттеледі. Пьесаға ару қыз — Еңлік пен Кебек батырдың махаббаты **арқау болған**. **Жауласқан** екі елдің батыры — Кебек пен ару қызы — Еңлік бір-бірін сүйеді. Оған екі елдің адамдары қарсы болады. Соңында екі елдің адамдары Еңлік пен Кебекті өлтіреді. Бұл шытырман оқиғаны М. Әуезов трагедиялық пьесаға айналдырған. Осылайша, М. Әуезов драма жанрының іргетасын қалады.

«Еңлік-Кебек» пьесасы алғаш рет 1917 жылы мамыр айында қойылды. Пьеса Ойқұдық жайлауында Абайдың жары — Әйгерімнің үйінде көрсетілді. Қойылымда Кебек-

тің рөлін Аймағанбетов Ақкенже ойнаған. Еңліктің рөлін ойнайтын қыз табылмайды. Адам табылмаған соң Еңліктің рөлін «Ахмет» деген жігіт ойнаған. Қойылымды М. Әуезовтің өзі басқарған.

1925 жылы Қызылорда қаласында тұңғыш кәсіби театр ашылды. Театр 1928 жылы жаңа астана — Алматы қаласына көшті. Өнер ордасы «Қазақ драма театры» атанды.

<https://kk.wikipedia.org/wiki>

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтінді оқып, көсемше тұлғалы етістіктерді тап. Жасалу жолдарын айт.

Үлгі: жазылып — жазылып.

## ОҚЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтіндегі театр саласына қатысты кәсіби термин сөздерді анықта. Сол сөздерді қатыстырып сөйлем құра.

Үлгі: Театр саласына қатысты кәсіби термин сөздер: драмалық шығарма, әртіс, ...

Сөйлем: М. Әуезов тұңғыш рет драмалық шығарма жазды.

## АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Берілген сөйлемдердің дұрыс, дұрыс емес екенін анықта.

| №  | Сөйлем                                                                   | Дұрыс | Дұрыс емес |
|----|--------------------------------------------------------------------------|-------|------------|
| 1. | Қазақ театрының тарихы XX ғасырдың 50-60 жылдарынан басталады.           |       |            |
| 2. | Қазақ театрының тарихында сахнада тұңғыш қойылған пьеса — «Еңлік-Кебек». |       |            |
| 3. | Қойылымда Шыңғыстау өлкесінде болған оқиға суреттеледі.                  |       |            |
| 4. | Еңліктің рөліне «Ахмет» деген жігіт таңдалды.                            |       |            |
| 5. | Тұңғыш кәсіби театр 1925 жылы Қызылорда қаласында ашылды.                |       |            |
| 6. | Кебектің рөліне қыздар таңдалды.                                         |       |            |
| 7. | Алматы қаласында 1928 жылы театр ашылды.                                 |       |            |

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

### ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Синоним сөздерді мағынасына қарай жұптап, әр жұпқа сөйлем құра. Сөйлемде көсемше тұлғалы етістіктерді қолдан.

Драмалық шығарма, тұңғыш, спектакль, драмалық туынды, қойылым, алғаш рет.

### ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Берілген сөйлемдердегі етістіктерді көсемшеге айналдыр.

1. М. Әуезов алғаш драмалық шығарма жазды да, оны жайлау төрінде сахналады. 2. Біз сабақта «Еңлік-Кебек» қойылымынан үзінді көрдік те талдадық. 3. Драмаға Еңлік пен Кебектің махаббаты арқау болды да, ол пьесаға айналды. 4. Жауласқан екі елдің адамдары қарсы болады да, оларды өлтірді.

Үлгі: «Еңлік-Кебек» пьесасы сахнада тұңғыш қойылды да қазақ театрының тарихында қалды.

«Еңлік-Кебек» пьесасы сахнада тұңғыш қойылып, қазақ театрының тарихында қалады.

### АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Сен қандай театрға барғанды ұнатасың?
2. Қандай қойылымдарды білесің, қандай қойылымдарды көрдің?
3. Сен көрген қойылымдар не туралы?

## ОЙТАРАЗЫ

**11-тапсырма.** «Мұғалімге жеделхат»

ойыны. Өзіңе жақын сөйлемді таңдап, айтылған ойды жалғастыр. Оны мұғалімге тапсыр.

- Бүгінгі сабақта мен ... түсіндім, ... білдім, ... көзімді жеткіздім.
- Мен өзімді ... үшін мақтар едім.
- Маған ерекше ұнағаны ...
- қызық болғаны ...
- ... қиындық тудырды.

### Есте сақта!

Қазақ театрының тарихында тұңғыш сахнада қойылған пьеса — «Еңлік-Кебек». Бұл пьесаны Мұхтар Әуезов 1917 жылы 20 жасында жазған. Қойылымда Шыңғыстау өлкесінде болған оқиға суреттеледі.

## Сахна – өмір айнасы

### Жаңа сөздер:

шымылдық, әншілік, бейне,  
ақылдасады, тырысады, ілтипат,  
ықылас, саңлақ

**1-тапсырма.** Топтық жұмыс. «Жүгіріп жүріп, диктант жаз» ойыны. Қабырғада тақырыпқа байланысты орыс тілінде жазылған сөйлемдерді әр топтан 1 оқушы жүгіріп барып оқып, тобына айтып келсін. Топ мүшелері сөйлемді қатесіз жазып алып, қазақ тіліне жылдам аударады. Сөйлемнің мағынасын түсіндіреді.

**2-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтін не туралы?
2. Грек елінің театрға қандай қатысы бар?
3. «Сахна» сөзі қандай мағынаны білдіреді?
4. Театр ненің құралы?



**3-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Нақыл сөздерді оқып, түсіндіріңдер.

Театр — хас сұлудың көз жасындай мөлдір өнер.

Ғабит Мүсірепов

Театр — адамның өзін-өзі сахнадан көріп, өзін-өзі түсінетін орын.

Шәкен Айманов

Қоғамда жара пайда болса, театр оны емдеуге не бәрі жақсы болатынына сендіруге тиіс емес, театр сол жақты саусағымен нұсқап көрсетуі керек. Сонда ғана қоғам алдындағы парызы өтеледі.

Михаэль Тальхаймер

## ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** «Шашылған сөздер» ойыны. Шашылған сөздерден сөйлем құраңдар. Көп сөйлем құраған оқушы «жеңімпаз» атанады.

қойылым

шымылдық

саңлақ

ілтипат

ықылас

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтінді оқы. Қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын анықта.

Театр сахнасы өмірдің саяхатшысы сияқты. **Шымылдық** артынан дүниежүзінің тарихын, бүгінгі күнді, болашақты 3-4 сағат ішінде көресің. Халықтың бар өмірімен бір **қойылымда** танысасың. Театр — жақсылық пен жамандықты, адалдық пен арамдықты, махаббат пен зұлымдықты тануға көмек беретін мәдени орын. Әр қойылым өмірден туады. Сондықтан театр — өмірдің айнасы.

Театрда актер, режиссер, суретші, композитор, балетмейстер, жарық беруші, гример, шаштараз, бутафор және т.б. мамандар ұжым болып еңбек етеді. Олардың бірінсіз бірінің күні жоқ.

Театрдың шығармасы — қойылым (спектакль). Қойылымның ең үлкен міндеті — өмірді дәл суреттеп, адамдардың бейнесін дәл көрсету. Режиссер қойылымға қатысатын мамандарды ұйымдастырып, ұжымды басқарады, бағыт береді. «Режиссер» — француздың «басқарушы» деген сөзі. Ол жазушының шығармасын оқиды, талдайды. Сонымен қатар режиссер жазушының өмірін, дәуірін, пьесаның қалай жазылғанын зерттейді. Пьесадағы негізгі идея не, басты рөлде кім екенін анықтайды. Қандай рөлді қай актер ойнай алатынын шешеді. Сосын ұжыммен **ақылдасады**. Рөлдерді бөледі. Сахнада үй-жай, табиғат көрінісі, кейіпкерлердің жүріс-тұрысы жасалады. Ол да өте жауапты. Оның барлығын режиссер жасайды.

Театрдың негізгі тірегі — актер. Актерсіз театр жоқ. Қойылымның идеясын халыққа көрсететін де — актер. Егер актер өз рөлін ойнай алмаса, сахналық бейне тумайды. Актердің **әншілік** өнері болса, тіпті керемет. Рөлді шебер ойнаған актер театр **саңлағына** айналады. Сондықтан режиссер мен актерлер әр **бейнені** терең түсінуге **тырысады**. Режиссердің өзі шымылдықтың артында қалып, еңбегі қойылым арқылы көрінеді. Қойылым жақсы болса, режиссер де, актер де халықтың **ықыласына, ілтипатына** бөленеді.

А. Тоқпанов


### ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтінді оқып, көсемше тұлғалы етістіктерді тап. Жасалу жолдарын айт.

Үлгі: көресің — көресің.

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтінді оқы. Театр нені тануға көмектесетінін анықтап, кластерге жаз.



## АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Топтық жұмыс. Төрт топқа бөлініп, берілген нақыл сөздермен келісетіндеріңді не келіспейтіндеріңді дәйектендер.

| №     | Нақыл сөздер                                                                                                    | келісеміз                            | келіспейміз                          |
|-------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------|--------------------------------------|
| 1 топ | Шымылдық артынан дүниежүзінің тарихын, бүгінгі күнді, болашақты 3-4 сағат ішінде көресің.                       | Себебі<br>1. ...<br>2. ...<br>3. ... | Себебі<br>1. ...<br>2. ...<br>3. ... |
| 2 топ | Халықтың бар өмірімен бір қойылымда танысасың.                                                                  | Себебі<br>1. ...                     | Себебі<br>1. ...                     |
| 3 топ | Театр жақсылық пен жамандықты, адалдық пен арамдықты, махаббат пен зұлымдықты тануға көмек беретін мәдени орын. | Себебі<br>1. ...<br>2. ...<br>3. ... | Себебі<br>1. ...<br>2. ...<br>3. ... |
| 4 топ | Әр қойылым өмірден туады. Сондықтан театр — өмірдің айнасы.                                                     | Себебі<br>1. ...<br>2. ...           | Себебі<br>1. ...<br>2. ...           |

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Театрда кімдер еңбек ететінін анықтап, олардың не істейтінін айт.

| № | Театрда еңбек етеді | не істейді?      |
|---|---------------------|------------------|
| 1 | актер               | рөлдерде ойнайды |
| 2 | ...                 | ...              |

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Мәтіннен 3-ой бөлігін оқып, осы бөлімге сұрақ дайындаңдар.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

### ЖАЗЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Берілген сөз тіркестерін көсемше тұлғасына айналдырып, сөйлем құра.

Шымылдық ашыл, әншілікті үйрен, бейнесін ойна, режиссермен ақылдас, ықыласқа бөленуге тырыс, ілтипат білдір, театр саңлағына айнал.

Үлгі: Шымылдық ашылын, қойылым басталды.

### АЙТЫЛЫМ

**12-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Сенің әншілік өнері бар таныстарың не достарың бар ма?
2. Әншілік өнері бар қандай актерді білесің?
3. Қандай театр саңлағын білесің? Ол қандай рөлдерде ойнайды?
4. Өз бейнесін шебер ойнайтын актерлерді білесің бе?
5. Халықтың ілтипатына, ықыласына бөлену үшін әртіс қандай болуы керек?

## ОЙТАРАЗЫ

### ЖАЗЫЛЫМ

**13-тапсырма.** «Веер» жұптық ойыны. Қағазды веер пішінінде бүктеп, бірінші оқушы бір бөлігіне сабаққа қатысты сұрақтар жазып шықсын, екінші оқушы екінші бөлігіне қысқаша жауап жазып тапсырсын.

#### Есте сақта!

Шымылдық артынан дүниежүзінің тарихын, барлық өмірді көресің. Театрдың негізгі тірегі — актер. Актердің әншілік өнері болғаны жақсы. Шебер ойнаған актер театр саңлағына айналады. Шебер актер мен режиссер халықтың ықыласына, ілтипатына бөленеді.

## 5-6- сабақ

# Ұлттық өнердің тарландары

### МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

#### Жаңа сөздер:

тарлан, нышан, қошемет, ынтызар, жаңғыр, ұстаным, маусымдық

#### АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Суреттерге қара. Олар туралы білетін ақпаратыңды айт. Қалай ойлайсың, бұл суреттердің сабақтың тақырыбына қандай қатысы болуы мүмкін?



#### АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Қандай театр тарландарын білесің?
2. Махаббат нышанына айналған әртістер жұбын білесің бе?
3. Егер саған таңдау берсе, қандай әртіске қошемет көрсетер едің? Неге?

#### ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Көсемшенің тиісті жұрнақтарын жалғап, сөйлемдерді аяқта.

1. Театр тарландарымен кездес ...
2. Еңлік пен Кебек мәңгілік махаббат нышанына айнал... .
3. Қойылым режиссерін қошемет... .
4. Төлеген Жібекке ынтызар бол... .
5. Сахнада актердің даусы жаңғыр... .

## ТЫҢДАЛЫМ

**4-тапсырма.** 1. «Сандар сөйлейді». Тыңдалған мәтін бойынша төменде берілген сандарға қатысты қандай ақпарат берілгенін айт. Сұрақтарға жауап бер.

| 1968-1970 жылдары | 1970 жылы | 1971 жылы |
|-------------------|-----------|-----------|
|                   |           |           |

**2. Тыңдаған мәтін бойынша тапсырманы орында.**

1. Қазақ киносының алтын қорына енген фильм туралы айт.
2. Ол фильмге Ғабит Мүсірепов, Нұрғиса Тілендиев, Сұлтан Қожықовтардың қандай қатысы бар екенін айт.



## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтінді оқып, қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта.

Қазақ театр және кино өнерінің **тарландары** Құман Тастанбеков пен Меруерт Өтекешова мәңгілік махаббаттың **нышанына** айналды. Оған қос тарланның «Қыз Жібек» көркем фильмінде ғашықтардың рөлін ойнауы себеп болды.

Бұл фильм халық ауыз әдебиетінің інжу-маржаны «Қыз Жібек» жырының желісімен түсірілді. Басты рөлдерде Қ. Тастанбеков пен М. Өтекешова ойнаған. Құман Төлегеннің, Меруерт Қыз Жібектің бейнесін терең түсініп, шеберлікпен ойнады. Халықтың ықыласы мен **қошеметіне** бөленді.

Төлеген жар іздеп, Сырлыбайдың еліне келеді. Көп қыздың ішінен Сырлыбайдың қызы Жібекті ұнатып, **ынтызар** болады. Алайда Төлегеннің әкесі Базарбай — оған қарсы болады. Төлеген әкесінің қарсылығына қарамай, сүйіктісі Жібектің еліне келеді. Сырлыбай елінің сарбазы Бекежан да Жібекке ынтызар болып, ғашықтардың махабатын қызғанады. Сөйтіп, ол Төлегенді өлтіреді. Оны естіген Жібек Жайық өзеніне батып өледі.

Өнер тарландары Қ. Тастанбеков пен М. Өтекешованың ойнауымен «Қыз Жібек» махаббат дастаны халық санасында қайта **жаңғырды**. Екі актердің өнердегі, өмірдегі **ұстанымдары** үйлесім тауып, олар 1970 жылы отбасын құрды. Құман мен Меруерт мәңгілік махаббаттың, пәк сезімнің нышанына айналса, «Қыз Жібек» фильмі қазақ киносының алтын қорына айналды.

Қ. Тастанбеков пен М. Өтекешова М. Әуезов атындағы Қазақ драма театрында көптеген рөлде ойнады. «Сахна саңлағы» атанды. Көрермендердің қошеметіне бөленді.

Құман Тастанбеков «Біздің Ғани», «Аққулар ұшып келеді», «Ерекше күн», «Қараша қаздар қайтқанда», «Махаббат жаңғырығы», «Ағама арналған қалыңдық» және т.б. қойылымдарда ойнады. Қос шебер бір ғана **маусымдық** емес, мәңгілік сахна саңлағына айналды.

Қ. Муттахидинұлы

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтінді оқып, көсемше тұлғалы сөйлемдерді анықта, етістіктердің жасалу жолдарын түсіндір.

Үлгі: Төлеген жар іздеп, Сырлыбайдың еліне келеді. Кел+е+ді.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Оқы. Мәтін мазмұны бойынша кестедегі ақпараттар мен мәтін бөліктерін сәйкестендір.

| № | Ақпарат                                                                             | Мәтін бөлігі |
|---|-------------------------------------------------------------------------------------|--------------|
| 1 | «Қыз Жібек» махаббат дастаны халық санасында қайта жаңғырды.                        |              |
| 2 | Құман Тастанбеков пен Меруерт Өтекешова — театр өнерінің тарландары.                |              |
| 3 | Қос шебер бір ғана маусымдық емес, мәңгілік сахна саңлағына айналды.                |              |
| 4 | «Қыз Жібек» фильміне түскен соң қос тарлан халықтың ықыласы мен қошеметіне бөленді. |              |
| 5 | Төлеген Сырлыбайдың қызы Жібекті ұнатып, ынты-зар болады.                           |              |

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** [w6.zona.plus/movies/kyz-zhibek](http://w6.zona.plus/movies/kyz-zhibek) сайтынан «Қыз Жібек» көркем фильмін көріп, түсінгеніңді баянда.

## ОҚЫЛЫМ

### 9-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтар құрастырыңдар.

Басты кейіпкер — Жібектің рөлін ойнайтын бойжеткен іздеп, 1968 жылы 1 қаңтарда «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетіне хабарландыру жарияланды. Жібекті 500 қыздың арасынан таңдап алады.

Төлегеннің ақ сауыты мен Жібектің көйлегі «Қазақфильм» мұрағатында сақтаулы. Бішкек қаласының хайуанаттар бағынан киноға түсіру үшін арнайы аққулар әкелінген. Фильмнің бас суретшісі — Гүлфайруз Ысмайылова мың жарымнан астам эскиз жасаған.

Massaget.kz

## АЙТЫЛЫМ

### 10-тапсырма. Жұптық жұмыс. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріп, диалог құрыңдар.

1. «Махаббат нышаны» деген атқа кімдер, қалай ие болды?
2. Фильм ненің желісімен түсірілді?
3. Басты рөлдерде Қ. Тастанбеков пен М. Өтекешова ойнады ма?
4. Төлеген жар іздеп, қайда барады?
5. Фильм қалай аяқталады?

## ОЙТАРАЗЫ

## ЖАЗЫЛЫМ

### 11-тапсырма. Сабақ тақырыбы бойынша кестені толтыр.

| Не білдім? | Нені білгім келеді? |
|------------|---------------------|
|            |                     |

### Есте сақта!

Өнер тарландары Қ. Тастанбеков пен М. Өтекешова мәңгілік махаббаттың нышанына айналды. Олар халықтың ықыласы мен қошеметіне бөленді. Төлеген Жібекті ұнатып, ынтызар болады. «Қыз Жібек» махаббат дастаны халық санасында қайта жаңғырды.

7-8-  
сабақ

# Сәбит Оразбай «Өмірдің өзі — театр» (үзінді)

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### Жаңа сөздер:

көрнекі, әзіл-оспақ, сабақтастық, есептік

## ТЫҢДАЛЫМ

**1-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтін үзіндісін тыңдап, бүгінгі сабақтың қандай мамандық иесі туралы болатынын болжап айт.
2. С. Оразбай не жазды?
3. Ол әңгімелерін қайда жариялады?
4. Әңгімелері не туралы болды?



## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын анықта. Түсінгеніңді айт.

Өнер тарланы Сәбит Оразбай театрдың негізін қалаған ұлы тұлғалар, **көрнекті** театр саңлақтары мен шебер режиссерлер туралы естеліктер жазды. Естелігінде өнер тарландарының ғибратты өмірі, олардың қалжыңдары мен **әзіл-оспақтары** туралы айтады. Сонымен қатар ұрпақтар арасындағы **сабақтастық** туралы жазды. Актердің жазған естеліктері «Өмірдің өзі — театр» деген атпен кітап болып шықты. Кітапта С. Қожамқұлов, Қ. Қуанышбаев, А. Тоқпанов, Ш. Айманов, С. Майқанова және т.б. театр тарландары туралы айтылады.

## ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Берілген сөздерді қатыстырып, сөйлем құра.

Саңлақтар, қошемет, көрнекті, әзіл-оспақ.

## ОҚЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Мәтінді оқы.

#### СЕРАҒАҢНЫҢ БІР ӨЗІ БІР ТЕАТР ЕДІ

Мәскеуге «Қобыланды» спектаклін апардық. Ол кезде біздің театрдың дүркіреп тұрған кезі. Бас режиссеріміз — Әзірбайжан Мәмбетов. Серағаңның (Серке Қожамқұлов) өзі ешкімге ұқсамайтын. Мінезі де шатақ болатын. Бетін әрлеп жатқан. Бәріміз қатар отырғанбыз. Бір жастау режиссер Серағаңның қасына келіп: «Вот такой нос не годится», — деді. Серағаң ала көзімен бір қарады да, бетін бояй берді. Әлгі жігіт: «Теледидарға көп бояудың қажеті жоқ» деді де, кетіп қалды. Серағаң ол кеткесін: «Жаңағы бала не деп кетті? «Нос» деп кетті ғой», — деді. «Ол бірдеңені түсінбеген ғой», — дедім мен.

Бір кезде әлгі режиссер қайтып келді де, Серағаңның қасында тұрып алып: «Я же вам на русском языке говорил. Вот такой нос не годится. Половину надо убрать?!» — деді. Серағаңның көздері шатынап кетті. Орнынан тұрды да: «Это — мой собственный нос», — деп, мұрнын қолымен періп жіберді. Мұрны дір-дір етіп барып тоқтағанда, әлгі режиссер жігіт шалқасынан құлады. «Ой, пожалуйста, извините», деп қайта-қайта жалынып, бәйек болды. Бұл енді — кішкентай ғана деталь.

С. Оразбай

## ЖАЗЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Мәтіннен етістіктерді теріп жазып, көсемше тұлғалы етістікке айналдыр. Сөйлем құра.

Үлгі:

| № | Мәтіндегі сөйлем                                                | Жаңа сөйлем                                                                         |
|---|-----------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Мәскеуге «Қобыланды» спектаклін <u>етістік</u> <u>апардық</u> . | <i>көсемше тұлғалы етістік</i><br>Біз Мәскеуге спектакль <u>апар+ғалы</u> жатырмыз. |

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Оқы. Мәтін мазмұны бойынша кестедегі ақпаратпен мәтін мазмұнын сәйкестендір.

| № | Ақпарат                                                                                                                                                              | Мәтін бөлігі |
|---|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|
| 1 | Режиссер Серағаңның қасына келіп: «Вот такой нос не годится», — деді.                                                                                                |              |
| 2 | Бір кезде әлгі режиссер қайтып келді де, Серағаңның қасында тұрып алып, «Я же вам на русском языке говорил. Вот такой нос не годится. Половину надо убрать!» — деді. |              |
| 3 | Бәріміз қатар отырғанбыз.                                                                                                                                            |              |
| 4 | Мәскеуге «Қобыланды» спектаклін апардық.                                                                                                                             |              |
| 5 | Бас режиссеріміз — Әзірбайжан Мәмбетов.                                                                                                                              |              |
| 6 | Серке Қожамқұлов: «Это — мой собственный нос», — деп, мұрнын қолымен періп жіберді.                                                                                  |              |

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Мәтінді оқып, жауап бер.

1. Мәтін кім туралы?
2. Мәтінде болған оқиғаны кім баяндап отыр?
3. Оқиға қай жерде болған?
4. Режиссер Серке Қожамқұловқа не айтты?
5. С. Қожамқұлов неге ренжіді?
6. Режиссер С. Қожамқұловтан неге кешірім сұрады?

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Көп нүктенің орнына көсемшенің тиісті жұрнақтарын қойып жаз.

1. Біз сыныппен жаңа қойылымға бар... жатырмыз.
2. Сабақта «Қыз Жібек» көркем фильмінен үзінді көр... отырмыз.
3. Режиссер театр саңлақтарымен ақылдас... келді.
4. Көрермендер шапалақта... 10 минут болды.
5. Шымылдық жабыл... көп уақыт өтті.
6. Театр тарландары көрермендермен қоштасып кет... жатыр.

*Көсемше жұрнақтары: -ғалы, -гелі, -қалы, -келі.*

## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 9-тапсырма. <https://www.youtube.com> сайтынан С.Оразбаймен болған «Жүздесу» бағдарламасын көріп, түсінгеніңді айт.



## ОЙТАРАЗЫ

**10-тапсырма.** «Қағаздағы сұрақтар» ойыны. Әр оқушы қағаз қиындысына өзі білгісі келген немесе өзі жауап бергісі келген сұрақтарды жазып, қалташаға салады. Араластырылған сұрақтар еркін түрде қатысушыларға таратылып беріледі. Әркім өзіне түскен сұрақтарға жауап береді.

### Есте сақта!

Өнер тарланы Сәбит Оразбай көрнекті театр саңлақтары мен шебер режиссерлер туралы естелік жазды. Естелікке өнер тарландарының әзіл-оспақтарын жинады. Ұрпақтар арасындағы сабақтастық туралы жазды.

9-10-  
сабақ

# Сәбит Оразбай «Өмірдің өзі — театр» (үзінді)

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС



### Жаңа сөздер:

шапалақ, бабалар, қызметтес,  
түртіп қой, өңдегендері

### АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Суреттерге қарап, «С. Оразбаймен кездесу» тақырыбына әңгіме құрастыр. Тірек сөздерді пайдалан.

*Тірек сөздер: өнер тарландары, кездесу, қошемет, ықылас, қойылым, «Өмірдің өзі — театр», әзіл-оспақ, шапалақ.*



### ТЫҢДАЛЫМ

**2-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Оқиға қай жерде болған?
2. Оқиғаны кім баяндап отыр?
3. Дүрбіттің рөлінде ойнаған адам не істеуі керек еді?
4. С. Оразбай күтпеген жағдайдан қалай шықты?
5. Көгермен неге шапалақ соқты?



## ОҚЫЛЫМ

### 3-тапсырма. Мәтінді оқып, қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта.

Өнер адамдарының өмір жолы оңай емес. Қиындығы да көп, қызығы да мол. Біз театр негізін қалаған бабалармен **қызметтес** болдық. Көзін көрдік, бірге жүрдік, ел араладық. Олардың әрбір күні — тұнып тұрған тарих. Осындай оқиғаларды жазбаса, ұмытылып қалады. Серке Қожамқұлов, Қалибек Қуанышбаев, Елубай Өмірзақов, Асқар Тоқпанов, Шәкен Айманов **бабаларымыз** әртүрлі образдар жасауға қатысты. Міне, осындай тарландарымызды біз де, келер ұрпақ та естен шығармауы керек.

Жалпы театрда 100 әртіс болатын болса, оның 20 шақтысы ғана белгілі болады. Ал мен сондай белгісіз адамдарға мән бердім. Неге олар белгісіз болуы керек, неге олар тарихта қалмайды?» деген ойға келдім. Содан кейін естігендерімді, есте сақтағандарымды, көргендерімді жинақтадым. Менің мақсатым — аға буынды, менің замандастарымды бүгінгі көрерменге, оқырманға таныстыру. Ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру болды.

Біз Сайын Мұратбеков екеуіміз бірге оқыдық. Ол бірде: «Сәке, сенің де бір әңгіме шертетін қасиетің бар, осының бәрін **түртіп қойсаңшы**», — деп айтып жүретін.

Бір күні «Алматы ақшамы» газетінің бас редакторы — Қали Сәрсенбай: «Аға, осы сырлы әңгімелеріңізді шетінен айтып берсеңіз, біз соны жариялар едік», — деді.

Көп ұзамай «Алматы ақшамына» жаза бастадым. Алғашында диктофонға айттым, бірақ **өңдегендері** ұнамады. Қолыма қалам мен қағаз алып, өзім жазғанды жөн көрдім. Аяғында ноутбукпен жазуды үйрендім, сөйтсем, ол дегенің жазуға өте қолайлы екен. Бір жаманы қол жазуым нашарлап кетті, анаған әбден үйреніп қалады екенсің. Ақырында газет бетіне шыққандар оқырман қызығушылығын тудырып, сұрақтар қойылатын болды. Кейде әзілдеп, «Алматы ақшамы» мені жазушы қылды», — деймін. Біршама уақыттан кейін газет бетіне жарияланғандар тәп-тәуір еңбек болды, артынан кітап етіп шығаруды қолға алдық. Кітапты оқығандар: «Өте жеңіл оқылады екен, бір түнде бітірдім, небір қалжыңдар бар екен, ішек-сілем қатты, өнегелі оқиғалары ұнады» деген пікірлер білдіріп, қуанып жатыр.

Бір жыл бойы жинақталған кітапта сахна сыртындағы өмірді, тәрбиелік мәні бар оқиғаларды қамтуға тырыстым.

*С. Оразбай*

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Мәтіннен көсемше тұлғалы етістіктерді тауып, сөйлем құра.

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтінге жоспар құр. Әр бөліктің тірек сөздерін жаз.

## АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Сәбит Оразбайдың «Өнер адамдарының өмір жолы оңай емес» деген сөзімен келісетініңді не келіспейтініңді дәйектеп айт.

## ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Топтық жұмыс. Өнер жолының қиындығы мен қызығын топта талқылап, кестеге жазыңдар.


| № | Өнер жолының |        |
|---|--------------|--------|
|   | ҚИЫНДЫҒЫ     | ҚЫЗЫҒЫ |
|   |              |        |

## ОҚЫЛЫМ

**8-тапсырма.** С. Оразбайға өнер адамдары туралы қандай ой келгенін мәтіннен тауып оқы.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** С. Оразбай өнер адамдары туралы не жинақтады?



## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**10-тапсырма.** С. Оразбайдың естелік жазудағы мақсаты не болғанын мәтіннен тауып оқы. Санамалап дәптерге жаз.

1. ...
2. ...

## АЙТЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Сұрақтарға жауап беріп, диалог құрыңдар.

1. Сәбит Оразбай кіммен бірге оқыған?
2. С. Мұратбеков қандай кеңес берді?
3. Газеттің редакторы С. Оразбайға не айтты?
4. С. Оразбай неліктен өзі қолымен жаза бастады?
5. Оқырмандар қандай пікір білдірді?

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

**12-тапсырма.** Мектеп өмірінен не балалық шағыңнан 10-15 сөйлемнен тұратын естелік жаз.

## ОЙТАРАЗЫ

## АЙТЫЛЫМ

**13-тапсырма.** Сабақ тақырыбы бойынша кестені толтыр.

| Не білдім? | Нені білгім келеді? |
|------------|---------------------|
|            |                     |

### Есте сақта!

С. Оразбай театрдың негізін қалаған өнер тарландары туралы естелік жазды. Тарландарды келер ұрпақ та естен шығармауы керек.

## 11-12- сабақ

# Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?




### ЖАЗЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Өзің кездескің келетін театр тарланын ата. Одан не сұрап, білгің келетінін сұрақ түрінде жаз.

### ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Суреттерге қарап, «Махаббат символына айналған қос тарланмен кездесу» тақырыбына шағын әңгіме құрастыр.

Тірек сөздер: *бейне, ілтүпат, ықылас, тарлан, нышан, қошемет, ынтызар.*



### ОҚЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Мәтінді оқы. Мәтін мазмұны бойынша бірнеше сұрақ құрастырып, диалог құрыңдар.

«Қыз Жібек» фильмінің сценарийін жазған Ғабит Мүсірепов пен режиссері Сұлтан Қожықов сол кездегі қазақ халқының сән-салтанатын, салт-дәстүрін, өмірін дәл танытқан.

Адалдық пен арамдық, махаббат пен зұлымдықтың мәңгілік айқасын көрерменге шебер жеткізген. Музыкасын көрнекті композитор Нұрғиса Тілендиев ұлттық нақышқа сай жазды. Фильмге арналған өлеңдерді ақын Қадыр Мырза Әлі шығарған.

Бұл фильм актерлердің шынайы әрі шебер ойнауы, сценарийдің тартысты болуы, режиссердің дұрыс басқаруы, композитордың дарыны, суретшінің эскизді дәл таңдауы нәтижесінде халықтың ерекше ықыласы мен ілтипатына ие болды.

Қ. Муттахидинұлы

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** «Журналист» рөлдік ойыны. Ойынның шарты: бір оқушы — Құман Тастанбеков, бір оқушы — Меруерт Өтекешова, бір оқушы — журналист, қалған оқушылар көрермен болсын. Әр оқушы бір сұрақтан дайындайды. Ол сұрақты журналист өнер тарландарына қояды.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Қазақстанға белгілі театр тарландары туралы суретті постер дайында. Әр суреттің астында сурет иесі туралы ақпарат болсын.

# Лексикалық-грамматикалық минимум бойынша қазақша-орысша сөздік

## 1. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік

*ауқатты* — зажиточный; состоятельный  
*күйлі* — зажиточный; живущий в достатке  
*жіктелу* — расслоение  
*садақа* — милостыня; подаяние  
*аянышты* — вызывающий жалость;  
вызывающий сострадание; жалкий;  
плачевный  
*билеп-төстеу* — совершать  
самоуправство; чинить произвол  
*әлсіз* — бессильный; немогущий; слабый  
*құнсыздану* — обесцениваться  
*шағым* — жалоба  
*сес* — угроза  
*сүйеніш* — опора; поддержка  
*шиеттей* — маленький  
*тоқ* — сытый; наевшийся; упитанный;  
довольный; зажиточный  
*бейшара* — бедняга; бедняжка;  
несчастный; беспомощный

*баршылық* — достаток; зажиточность;  
достаточно  
*жарылқау* — благодетельствовать;  
обеспечивать в больших количествах  
*жетім-кедей* — сирота-нищий  
*тақыр кедей* — крайне бедный;  
голодранец  
*кәріп* — беспомощный; жалкий;  
несчастный  
*күйзеліс* — кризисное состояние; тяжёлое  
положение; переживание  
*қарыз* — долг; задолженность; займ  
*қиын-қыстау* — трудность; тяжёлые  
обстоятельства  
*панасыз* — бесприютный; не имеющий  
крова или убежища  
*жанталас* — переполох; кутерьма;  
суматоха  
*жоқтық* — отсутствие; неимение;  
бедность; нищета

## 2. Экология. Мұнай және атомдық индустрия

*қыр* — горный хребет; гребень горы  
*жаңашыл* — новатор  
*бастама* — зачин; инициатива; начинание;  
почин  
*тоқтату* — задерживать; задержать;  
прекращать; приостановить  
*биоәртүрлілік* — биоразнообразие  
*жанармай* — горючее  
*жарылыс* — взрыв  
*залал-зардап* — вред; убыток; ущерб

*ұңғыма* — скважина  
*кемтар* — инвалид; человек с физическим  
недостатком  
*қайғылы* — печальный; грустный;  
скорбный  
*қару* — орудие; оружие  
*қасірет* — большое горе; глубокая скорбь;  
кручина  
*қирату* — разрушить; ломать; громить

**қозғалыс** — движение; массовое недовольство; восстание; протест  
**қою** — ставить; класть  
**құлдырау** — быстро падать вниз; резко снижаться  
**мұнайлы** — нефтяной; нефтеносный; богатый нефтью

**мұншалықты** — такой  
**нәрсе** — вещь; предмет; что-нибудь  
**ерітінді** — раствор  
**шаң-тозаң** — пыль; пылинки  
**қошқыл** — тёмно-коричневый с фиолетовым оттенком; бурый

### 3. Тіл. Өнер. Әдебиет

**ғажап** — дивный; прекрасный; удивительный; чудесный  
**сондай-ақ** — а также  
**арқау** — опора; стержень  
**жазу** — писать  
**қостілді** — двуязычный  
**нақыш (нақышына келтіру)** — колорит  
**еркін** — вольный; непринуждённый; свободный  
**әуезді** — мелодичный; певучий; приятный  
**өткір** — острый; пронизывающий  
**өнегелі** — примерный; поучительный  
**өрнектелген** — разделанный; украшенный узорами  
**бой** — рост  
**ойшыл** — мыслитель  
**шешен** — оратор  
**бедерлеу** — наносить узор; наносить рисунок; орнаментировать

**зерле** — украшай, вышивай из золотых ниток  
**даулы** — спорный  
**сөз бостандығы** — свобода слова  
**құштарлану** — пристраститься; жаждать  
**әсер етті** — повлиял  
**сергектік** — бодрость; живость  
**Торында қалдым.** — Я остался в плену.  
**шытырман** — чаща; густые заросли; сложный; запутанный  
**маңғаз** — важный; спокойный; степенный; гордый  
**боталайды** — родить верблюжонка (о верблюдице)  
**қағида** — канон; правило; принцип  
**көркемсөз** — выразительное слово; выразительная речь

### 4. Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі

**асырау** — кормить; содержать  
**босау** — опорожняться; опустеть  
**тіркеу** — опись; регистрация  
**даярлау** — готовить; подготавливать; снаряжать  
**жалдану** — наниматься на работу

**жұмыскер** — рабочий  
**жұмыссыздық** — безработица  
**жұмысшы** — рабочий  
**кеңсе** — контора; офис  
**қызметкер** — сотрудник; служащий  
**қысқарту** — сокращать

*кепілдік* — гарантия; поручительство  
*қоғам* — общество  
*өтіл* — стаж

*мәселен* — к примеру; например  
*түйіндеме* — резюме

## 5. Тәуелсіз еліміздің өткені мен келешегі

*айғақ* — довод; доказательство;  
свидетельство  
*наразылық* — недовольство; протест;  
претензия  
*баяндама* — доклад  
*бекем* — крепкий; прочный  
*буын* — сустав  
*еңселі* — крупный  
*төңкеріс* — переворот, революция

*желбіреу* — развеваться; колыхаться  
*бірегей* — настоящий; уникальный  
*қарбалас* — суматошный  
*мәртебе* — авторитет; престиж; слава  
*некен-саяқ* — редко  
*өрескел* — грубый; вульгарный  
*өскелең* — подрастающий  
*тұғырлы* — имеющий насест; имеющий  
подставку; имеющий постамент

## 6. Ұлттық театр — өнер ордасы

*үзінді* — отрывок; выдержка; фрагмент  
*қойылым* — постановка  
*арқау болған* — стал опорой; опирался  
*жауласқан* — враждовали; стать врагами  
*шымылдық* — занавес  
*әншілік* — певческий; искусство пения;  
способность к пению  
*бейне* — внешний вид; образ; облик  
*ақылдасады* — советуется; советоваться;  
делиться мыслями  
*тырысады* — старается; стремится; делает  
попытки к достижению  
*ілтипат* — благосклонность; внимание;  
любезность; почтение  
*ықылас* — внимание; желание; искреннее  
чувство; усердие  
*саңлақ* — избранный; лучший; отборный  
*тарлан* — мэтр

*нышан* — знак; предзнаменование;  
признак; примета; символ  
*қошемет* — уважение; почёт; угождение;  
почесть; почтение  
*ынтызар* — жаждущий; имеющий  
желание; томимый жаждой  
*маусымдық* — сезонный; календарный  
*көрнекі* — наглядный  
*әзіл-оспақ* — шутка; юмор  
*сабақтастық* — взаимосвязь;  
преемственность  
*есептік* — учтённый, счётный;  
*бабалар* — предки  
*қызметтес* — сослуживец  
*түртіп қой* — возьми на заметку  
*өңдегендері* — доработки

## ИЛЛЮСТРАЦИЯЛАР ТӨМЕНДЕГІ РЕСУРСТАРДАН АЛЫНДЫ

|                                                                         |                                                                         |
|-------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------|
| <a href="https://5sfer.com">https://5sfer.com</a>                       | <a href="http://almaty-akshamy.kz">http://almaty-akshamy.kz</a>         |
| <a href="https://pixabay.com">https://pixabay.com</a>                   | <a href="https://kazakh-tv.kz">https://kazakh-tv.kz</a>                 |
| <a href="https://www.flickr.com">https://www.flickr.com</a>             | <a href="http://islam.kz">http://islam.kz</a>                           |
| <a href="https://www.shutterstock.com">https://www.shutterstock.com</a> | <a href="http://juldyz.kz">http://juldyz.kz</a>                         |
| <a href="http://info-potolki.ru">http://info-potolki.ru</a>             | <a href="https://ru.wikipedia.org/wik">https://ru.wikipedia.org/wik</a> |
| <a href="https://kzvesti.kz">https://kzvesti.kz</a>                     | <a href="https://abai.kz">https://abai.kz</a>                           |
| <a href="https://strategy2050.kz">https://strategy2050.kz</a>           | <a href="http://ruh.kz">http://ruh.kz</a>                               |
| <a href="http://animalworld.com">http://animalworld.com</a>             | <a href="https://kz.all.biz">https://kz.all.biz</a>                     |
| <a href="http://astana.gov.kz">http://astana.gov.kz</a>                 | <a href="http://www.aksu-jabagly.kz">http://www.aksu-jabagly.kz</a>     |
| <a href="https://kaztag.kz">https://kaztag.kz</a>                       | <a href="https://leninism.su">https://leninism.su</a>                   |
| <a href="https://www.taldyk.info">https://www.taldyk.info</a>           | <a href="https://ia-centr.ru">https://ia-centr.ru</a>                   |
| <a href="https://kazdamu.kz">https://kazdamu.kz</a>                     | <a href="https://adebiportal.kz">https://adebiportal.kz</a>             |
| <a href="https://www.kazpravda.kz">https://www.kazpravda.kz</a>         | <a href="https://martebe.kz">https://martebe.kz</a>                     |
| <a href="https://www.uniface.kz">https://www.uniface.kz</a>             | <a href="https://chita.ru">https://chita.ru</a>                         |
| <a href="https://globallookpress.com">https://globallookpress.com</a>   | <a href="http://ktelegraf.com.ru">http://ktelegraf.com.ru</a>           |
| <a href="http://ult.kz/">http://ult.kz/</a>                             | <a href="https://www.arnapress.kz">https://www.arnapress.kz</a>         |

# Мазмұны

## 1. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік. Ерболат Әбікенұлы «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесі..... 4

|                                                                    |    |
|--------------------------------------------------------------------|----|
| 1-2-сабақ. Әлеуметтік мәселе туралы не білесің? .....              | 4  |
| 3-4-сабақ. Отбасы — құндылық.....                                  | 10 |
| 5-6-сабақ. Қоғамның әлеуметтік құрылымы .....                      | 15 |
| 7-8-сабақ. Ерболат Әбікенұлы «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесі ..... | 19 |
| 9-10-сабақ. «Жігітті намыс өлтірер...» ....                        | 24 |
| 11-12-сабақ. Пәтер жалдасаң ... ..                                 | 28 |
| 13-14-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....                   | 33 |

## 2. Экология. Мұнай және атомдық индустрия. Гүлжауһар Сейітжан. «Қара алтыны халқымның...» ..... 35

|                                                             |    |
|-------------------------------------------------------------|----|
| 1-2-сабақ. Табиғатты аяла.....                              | 35 |
| 3-4-сабақ. «Жасыл ел» бағдарламасына қатысамын.....         | 40 |
| 5-6-сабақ. Мұнай — еліміздің шикізат байлығы .....          | 44 |
| 7-8-сабақ. Туған өлке экологиясы.....                       | 48 |
| 9-10-сабақ. Атомдық индустрияның болашағы .....             | 52 |
| 11-12-сабақ. Гүлжауһар Сейітжан. Қара алтыны халқымның..... | 56 |
| 13-14-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім .....            | 60 |

## 3. Тіл. Өнер. Әдебиет. Ілияс Жансүгіров «Күй» поэмасы..... 62

|                                                                 |    |
|-----------------------------------------------------------------|----|
| 1-2-сабақ. Екі тілді білген — екі адам ...                      | 62 |
| 3-4-сабақ. Қазақ тілі қандай тіл? .....                         | 66 |
| 5-6-сабақ. Шешендік сөз өнері .....                             | 70 |
| 7-8-сабақ. Қазақ поэзиясының сұлу сарайы. Ілияс Жансүгіров..... | 74 |
| 9-10-сабақ. Ілияс Жансүгіров. «Күй» поэмасы (үзінді) .....      | 78 |
| 11-12-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? .....               | 81 |

## 4. Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі. Ыбырай Алтынсарин «Атымтай жомарт» ..... 83

|                                                          |     |
|----------------------------------------------------------|-----|
| 1-2-сабақ. Жұмыс және табыс.....                         | 83  |
| 3-4-сабақ. Жұмыс табу — мәселе.....                      | 89  |
| 5-6-сабақ. Қоғамның әлеуметтік құрылымы .....            | 94  |
| 7-8-сабақ. Кедейлік неден туады? .....                   | 99  |
| 9-10-сабақ. Ы. Алтынсарин «Атымтай жомарт» әңгімесі..... | 103 |
| 11-12-сабақ. Қазіргі заман атымтайлары .....             | 107 |
| 13-14-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? .....        | 111 |

## 5. Тәуелсіз еліміздің өткені мен келешегі. Дүкенбай Досжан «Төрт патшаны көрген кейуана» хикаяты ..... 114

|                                        |     |
|----------------------------------------|-----|
| 1-2-сабақ. Ұлы даланың жеті қыры ....  | 114 |
| 3-4-сабақ. Атқа міну мәдениеті.....    | 119 |
| 5-6-сабақ. Заманауи ат спорты .....    | 123 |
| 7-8-сабақ. Құсбегілік — ұлттық өнер .. | 128 |

|                                                                                |            |                                                                |     |
|--------------------------------------------------------------------------------|------------|----------------------------------------------------------------|-----|
| 9-10-сабақ. Дүкенбай Досжан. Төрт патшаны көрген кейуана (хикаят).....         | 133        | 3-4-сабақ. Сахна — өмір айнасы.....                            | 147 |
| 11-12-сабақ. Дүкенбай Досжан «Төрт патшаны көрген кейуана» .....               | 137        | 5-6-сабақ. Ұлттық өнер тарландары....                          | 151 |
| 13-14-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? .....                              | 140        | 7-8-сабақ. Сәбит Оразбай. «Өмірдің өзі — театр» (үзінді) ..... | 155 |
| <b>6. Ұлттық театр — өнер ордасы. Сәбит Оразбай «Өмірдің өзі — театр».....</b> | <b>143</b> | 9-10-сабақ. Сәбит Оразбай. «Өмірдің өзі — театр» (үзінді)..... | 159 |
| 1-2-сабақ. Қазақ театрының қайнары.....                                        | 143        | 11-12-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? .....              | 163 |
|                                                                                |            | Иллюстрациялар төмендегі ресурстардан алынды .....             | 168 |



## QR-код арқылы оқулықта берілген аудиожазбаларды тыңдау жадынамасы

**Құрметті жас дос!** Араларыңда QR-кодты қолдана алатындар болуы мүмкін, дегенмен «QR-код» дегеніміз — не, ол не үшін қажет екенін еске түсіріп, білмегендер болса, түсіндіре кетуді жөн көрдік.

QR-код «Quick Response — шұғыл жауап» — өзіндік деректер базасы, онда ақ бетте белгілі бір тәртіппен қара түсті шаршылар орналасқан. «QR-код» дегеніміз — мобильді телефонның камерасы арқылы жылдам тану үшін ақпарат беретін, екі өлшемді штрих-код. Арнайы қосымша көмегімен біз оқулықтағы кейбір мәтіндерді QR-кодқа айналдырдық, ол — URL-мекенжайдың, яғни интернет бетіндегі қажетті ақпараттың сілтемесі. Бұл оқушыға оқу материалымен жұмыс істеу барынша ыңғайлы болу үшін жасалған.

### QR-кодты сканерлеуде не білу қажет?

QR-кодты сканерлеу үшін мобильді құрылғыға арнайы бағдарламалар орнатылады. Оларды пайдалану оңай әрі ыңғайлы. iOS (iPhone) мобильді платформасында Scan қосымшасы бар, ал Android-та QR-код сканерлейтін бағдарлама көп. Соның бірі — QuickMark тиімді қосымшасы түрлі форматтағы QR-кодтарды сканерлейді, оның көмегімен сілтемелер автоматты түрде ашылады. Бүгінде жаңа смартфондар QR-кодты сканерлейтін арнайы қосымшаларды қажет етпейді, өйткені бұл функция бағдарламада алдын ала орнатылған. QR-кодты сканерлеу үшін телефон камерасын кодқа әкелесіз де қажет ақпаратты аласыз. QR-кодты смартфонның камерасы бар кез келген оқушы қолдана алады, әр оқушының шифрланған мәтіндерді сканерлеуге, көркем шығармаларды тыңдауға тамаша мүмкіндігі бар.

| Оқу басылымы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Учебное издание                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова,<br>Р. С. Рахметова, А. Қ. Рауандина,<br>Б. Қ. Мүкеева                                                                                                                                                                                                                                                                                              | Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Даулетбекова,<br>Р. С. Рахметова, А. К. Рауандина,<br>Б. К. Мукеева                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| Қазақ тілі мен әдебиеті. Тіл-байрақ.<br>Оқулық<br>1-бөлім                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Қазақ тілі мен әдебиеті. Тіл-байрақ.<br>Учебник<br>Часть 1                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын<br>11 жылдық жалпы білім беретін мектептің<br>11-сыныбына арналған                                                                                                                                                                                                                                                                                   | Для 11 класса<br>11-летней общеобразовательной школы<br>с неказахским языком обучения                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| Әдіскер П. К. Юсуп<br>Редакторлары: О. С. Жубаева, А. Б. Ахметова<br>Суретшілер: А. Айтжанов, Р. Байбекова,<br>М. Дильманов, В. Самаркина, И. Киянова,<br>Е. Рагозина, М. Мирошников,<br>В. Самаркина, Е. Момбаев<br>Фотосуретші П. Михеев<br>Мұқаба әрленімі Д. Н. Буксикова<br>Техникалық редактор Д. К. Тынбаев<br>Беттеуші Р. Ойса<br>Мәтінді оқығандар: Э. Баянжан,<br>Д. Ахмеджан | Методист П. К. Юсуп<br>Редакторы: О. С. Жубаева, А. Б. Ахметова<br>Художники: А. Айтжанов, Р. Байбекова,<br>М. Дильманов, В. Самаркина, И. Киянова,<br>Е. Рагозина, М. Мирошников,<br>В. Самаркина, Е. Момбаев<br>Фотограф П. Михеев<br>Дизайн обложки Д. Н. Буксикова<br>Технический редактор Д. К. Тынбаев<br>Компьютерная верстка Р. Ойса<br>Тексты читали: Э. Баянжан,<br>Д. Ахмеджан |
| 31.08.20 басылымға жіберілді.<br>70×100 <sup>1</sup> / <sub>16</sub> форматы.<br>Офсеттік басылым. «DIN» қаріп түрі.<br>Офсетті қағаз.<br>Шартты баспа табағы 14.5                                                                                                                                                                                                                      | Подписано в печать 31.08.20<br>Формат 70×100 <sup>1</sup> / <sub>16</sub> .<br>Печать офсетная. Гарнитура «DIN».<br>Бумага офсетная<br>Усл. печ. л. 14.5                                                                                                                                                                                                                                  |
| «Көкжиек-Горизонт» ЖШС, 050022,<br>Алматы қ., Сейфуллин даңғылы, 597 А үй<br>тел. +7 (727) 220 76 60<br>www.expert.study-inn.kz<br>www.studymart.kz                                                                                                                                                                                                                                     | ТОО «Көкжиек-Горизонт», 050022,<br>г. Алматы, проспект Сейфуллина, дом 597 А<br>тел. +7 (727) 220 76 60<br>www.expert.study-inn.kz<br>www.studymart.kz                                                                                                                                                                                                                                    |